

Менің ерекше
құрбым

Мой необычный
сверстник



Алматы, 2014

Проект осуществлен при финансовой поддержке
Фонда Сорос-Казахстан

Жоба Сорос – Қазақстан қорының
қаржыландыру қолдауымен жүзеге асты

Менің ерекше құрбым = Мой необычный сверстник: Сборник детских сочинений. – Алматы: ОФ «Балбұлақ-Родник», 2014. – 195 с.

«Менің ерекше құрбым » - «Мой необычный сверстник» С. Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасының «Балбұлақ - Родник» ҚҚ жариялаған республикалық шығармалар байқауы.

Байқауға республика облыстарынан 99 қазақ тілінде, 63 шығарма орыс тілінде келіп түсті. Шығарма саны бойынша басым түскендері Батыс Қазақстан, Қарағанды, Жамбыл, Талдықорған, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарынан және Алматы қаласынан. Байқауға қалалық және ауыл мектептерінің 11 жаспен 15 жас аралығындағы балалармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектеп – интернатының балалары қатысты.

Республиканский конкурс сочинений «Менің ерекше құрбым» - «Мой необычный сверстник» был объявлен ОФ «Балбұлақ - Родник», Государственной детской библиотекой им. С.Бегалина.

На конкурс поступило 99 сочинений на казахском языке и 63 - на русском языке из 10 областей республики. Наибольшее количество сочинений прислали дети из Западно-Казахстанской, Карагандинской, Жамбылской, Талдыкорганской, Атырауской, Восточно-Казахстанской областей и города Алматы. В конкурсе приняли участие дети в возрасте от 11 до 15 лет из городских и сельских школ, а также дети из специальных школ-интернатов для детей с ограниченными возможностями.

***Қымбатты балалар, құрметті
ересектер!***

Сіздердің алдарыңызда ерекше кітап – бұл айрықша балалардың ерекше балалар жайлы жазған шығармаларының жинағы. Бұрын – соңды біздің елімізде мұндай балалар туралы айтылмаған еді. Олар жай ғана өмір сүрді, тіршілік етті, бірақ ондай балалар туралы үнсіздік етек алған болатын.

«Олардың жағдайын неге ұят санаймыз» - деген ой мені жиі маза-лап, жанымды тебіrentетін. Өмірдің толықтай қабілеттілік өлшеміне сәйкес емес құрбыларымыз кімдер? Олар – мүмкіндігі шектеулі балалар. Менде сондай тағдыр тауқыметін тартқан жанмын. Бірақ менің бақытыма қарай: ерекше көңіл бөліп аялайтын ата – анам қасымда болды. Арқа омыртқаларымның зақымданып, аяғымның жансызданып қалуына қарай айлап төсекке таңылып жатуыма тура келді. Анама әсіресе әкеме осындай сәттерде, айтарлықтай ширақ, өмірге құлшынысы ерекше перзенттерінің көз алдарында дәрменсіз болып жатуын көрулері, әрине жандарын ауыртатын.

Біздің жанұямыздың кітапханасы өте бай болатын. Әкем барған жерлерінен бума толы түрлі кітаптар әкелетін. Сол кітаптар менің ең жақын достарыма айналды, әрі ішкі сезімімнің көлеңкелі тұстарын жеңе білуге көмектесті. Айналамыздағы адамдардың мүсіркеуін, арнайы денетаңғышқа тәуелді, ақсаңдап басқан қызға аяушылықпен қараған көзқарастарын жеңуіме көмекшім болды.

Сол кездерден бастап «әке - көке» тәрізді аяушылықты ұнатпаймын, мүсіркеушілікті жаным қаламайды.

Неліктен ашық әңгіме бастауға шешім қабылдадым?

Себебі балалар – шығарма авторлары - мүмкін алғаш рет өздерінің ерекше құрбылары жайлы жазып, олардың бастарына түскен тағдыр тауқыметіне асқан қайраттылықпен жеңе білетін жандар екендігіне көз жеткізе жаза білген.

Шығарма жазу барысында әр баланың мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген көзқарастары өзгеріп, қайырымдылық, адамгершілік қарым – қатынас жайлы ойларын қозғап, ерекше замандастарына үнемі қолдау көрсетіп, көмек қолын созуға, шыдамдылықпен қайырымдылық сезімін оятты.

Барша балаларға, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандарға өзінің бойындағы қажырлылыққа, мүмкіншілікке, ертеңгі жарқырап жанар жұлдызына сенуін тілеймін! Өздеріңнің бар мүмкіндіктеріңді дамытуға талпыныңдар! Біздің заманымыздың көрнекті ақыл иелері, ерен жүйріктер тобына жататын физика – теориясы қоғамындағы атақтылардың бірі Стивен Хокингден өнеге, үлгі алып өсіңіздер. Сіздер, оның сал ауруына шалдыққаннан кейін бірнеше отадан өтіп, кеңірдек жолы алынып тасталғаннан соң Хокинг сөйлеу қабілетінен айырылғанын білесіздер ме? Хокинг ешқандай қиындыққа

мойынсұнбады! Сендерде Берілмеңдер, қайратты бола біліңдер!
Бәрімізге денсаулық, сенімділік, шыдамдылық, көтеріңкі көңіл – күй, асқақ арман! Өмірде үнемі түсінүшілік, өздеріңде туғандарыңа, жақындарыңа қайырымды, адал бола біліңдер.

Құрметпен София Раева

Дорогие дети, уважаемые взрослые!

Перед Вами особенная книга – это сборник сочинений необычных детей и о необычных детях. Раньше в моей стране не говорили о таких детях. Они жили, существовали, но о них молчали.

У меня часто возникало ощущение, что их стыдятся. Кто же они – нестандартные сверстники? Это – дети-инвалиды. И я тоже. Но мне очень повезло: у меня были любящие и внимательные родители. Я месяцами лежала прикованной к постели из-за позвоночника и паралича ног. Маме, особенно папе, было очень больно смотреть на своего живого, непоседливого ребенка в такие моменты.

В нашей семье была хорошая библиотека. Папа пачками привозил книги из разных городов. Они стали моими самыми близкими друзьями, книги помогали мне выдержать многое – и косые взгляды, и жалостливые взоры при виде ковыляющей девочки в корсете. С тех пор я не люблю сю-сю –пу-сю и терпеть не могу, когда меня жалеют. Но назвать себя инвалидом, вернее, произнести это слово смогла уже совсем взрослым человеком.

Почему я решила на такой откровенный разговор?

Потому что дети – авторы сочинений – может быть, впервые посмотрели на своих необычных сверстников по-новому, как на обычных детей, только более мужественных, стойко переносящих боли и трудности, выпавшие на их долю.

Работа над сочинениями заставила детей задуматься о людях с ограниченными возможностями, о добре, теплых, искренних человеческих отношениях, подумать, чем им помочь, натолкнула детей на размышления о терпимости, милосердии. И мы очень рады этому!

Всем детям, особенно с ограниченными возможностями, хочу пожелать веры в свои силы, возможности, в свою звезду! Развивайте любые свои способности! Пусть примером для Вас будет Стивен

Хокинг, один из наиболее известных широкой общественности физиков-теоретиков, относящийся к плеяде выдающихся умов нашего времени. Знаете ли Вы, что после паралича и серии операций ему была удалена трахея, и Хокинг утратил способность говорить. Друзья подарили ему синтезатор речи, который был установлен на его кресле-коляске. Впоследствии подвижность осталась лишь в мимической мышце щеки, напротив которой был закреплен датчик. С его помощью физик управлял компьютером, помогающим общаться с окружающими.

Он не сдался! Не сдавайтесь и Вы! Здоровья, оптимизма, улыбок и терпения нам всем. Пусть в жизни чаще встречается понимание, будьте и сами милосердны к своим родным и близким.

Ваша София Раева

**БАЙҚАУДА ЖҮЛДЕ
АЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ**

5-8 сыныптар

I орын

Тілеужан Абдурахман

14 жас, 8 сынып,

Ақтөбе қаласы, №32 мектеп-гимназиясы

Менің ерекше құрбым

Қолыма қалам алып, шығарма жазуыма себеп болған досым Айдос, шынында, ерекше бала. Бала күннен бірге ойнап, бірге жүргесін бе, әлде көзіміз үйренгесін бе, оның бір қолының бүгіліп, оң аяғын сүйретіп жүретінін аңғармайтынбыз.

Тақырыппен танысқаннан кейін мен досым Айдос туралы жазғым келіп кетті. Аңғалдығым ба, «Мен сен туралы шығарма жазам» деп қалыппын. «Шығарма дейсің бе... Менің дене бітімімде кемдік бар ғой» дегені бар емес пе? «Мен сенің бойыңдағы асыл қасиеттерді, ақынжандылығыңды, адалдығыңды жазам», — дедім. Досым күлімдеп тұрып: «Жарайды», — деді.

Дүниеде шығарма жазу қиын-ақ. Ауызша айтасың-ау, ал жазуға келгенде мойның жар бермейді. Оның үстіне шығарма жазғыш Айдостың алдында... Екі-үш күн ойланып-толғанып жүрдім. Дегенмен бір отырсам, жазып кететінім бар.

Жазушы Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесіндегі Аян бейнесі есіме түсті. Ерте есейген Аянның ертегісін есі кетіп тыңдап отырған балалар елестеді. Аян мен әңгімеші баланың достығы мені Айдоспен жақындастыра түсті.

Менің досым да әңгімеші. Көркем әдебиетті көп оқиды. Ертегі, батырлар жыры, әңгіме деген түк емес оған. Әсіресе, әдебиет сабағында ірі туындыларды оқуға бергенде мұғалім «Қане, құлақ құрышын қандырып сабақ айтатын бала бар ма?» дегенде, «құтқар» дегендей көзіміздің астымен Айдосқа қараймыз (физика, химиядан мен құтқарамын дегендей...).

Айдостың әдебиетті оқымайтын күні жоқ. Айдос не нәрсені де бабына келтіріп айтады. Арасында өлең жолдарын жатқа оқиды. Дауысының өзі жағымды, әдемі дауыс ырғағымен, көркем тілмен жеткізгенде, әлгі түнде басын бастап, аяғына жете алмай ұйықтап кеткен шығармаңды өзің оқып шыққандай боласың ғой.

Әр пәннің өз қиындығы бар демекші, класс жоғарылаған сайын әдебиеттен шығарма жазу да көбейіп барады. Әсіресе, мен сияқты физика, химияны жақсы көретін балаға оңайға түспейді. Қыздар қияли ғой, олар қашан да жазады. «Тақырыптан ауытқып кеткенсің» деп жатады апайымыз. Ал Айдос шығарма жазудан да алдына жан салмайды. Мұғалімнің айтуынша, «Талапқа сай жазылған тақырыптық шығармаларын» айтпағанда, Айдос еркін тақырыпқа

келгенде көсіле жазады. Оның шығармалары жарқын өмірді, адал достықты, өмірге құштарлықты паш етеді.

Айдос өмірде де ашық. Үнемі алда жүреді, көшбасшы болғанды ұнатады. Мәжіліс залында өтетін мәдени шараларда Айдос мәнерлеп өлең оқығанда зал тынып қалады. Біртүрлі, елді аузына қарататын қасиеті бар. Қиялыңмен алысқа самғайсың, қанатың қатайып, биіктей бересің, биіктей бересің... Түбінде менің досым иә жазушы, иә ақын, не шешен болады.

Сабақтан бірге қайтамыз. Жолда «Абай жолын» оқып жатқанын айтты. «Біз оны әлі өткен жоқпыз ғой» деп қалыппын. (Әй, осы менің, осыным...). Түстен кейін екеуміз кітапханаға бардық. Ол маған «Абай жолының» бірінші томын алып беріп: «Оқи бер, келесі жылы оңай болады», — деді. Екеуміз жарыса оқуға бел байластық. Сосын ол шахмат үйірмесіне кетті, мен спорт үйірмесіне кеттім.

Қазіргі балалардың көбі ұялы телефон мен компьютердің алдынан шықпайды. Бір қызығы, Айдос досымда ұялы телефон жоқ. Интернет те қоспаған. «Түбінде кітап оқыған бала озады» деген ата-анасының қағидасын ұстанады. Айдос оған қуанбаса, ренжімейді. Абай атамыз айтқандай, «ой кеселді нәрселерден қашық» жүреді. Түбінде мақсатына жетеді. Айтпақшы, «Абай жолының» «Қайтқанда» бөлімін бітірдім. Ойын баласынан ойлы бала болып бара жатқандаймын...

Орнымнан тұрып терезеге қарадым. Алғашқы қар жауып тұр. Алғаш рет мен де досым туралы сыр ақтардым.

Теледидарды қостым. Қызық, әлде сәйкестік пе? «Жүрекжарды» бағдарламасында жазушы Роза Мұқанова апаймен сұхбат жүріп жатыр екен. Семейдегі атом бомбасының зардабын шеккен мүгедек қыз туралы жазылған «Мәңгілік бала бейне» пьесасы туралы айтып жатыр. Мені қыз тағдыры бей-жай қалдырмады. Алматыға барғанда міндетті түрде театрға барып көрем деп ойладым.

Осы жерден шығармамды аяқтайын дегенде, тағы бір ой қылтың ете қалды. «Осы мен досымды жақсы білем бе? Мен білмейтін жақтары бар шығар? Шығармам шолақ болып қалған жоқ па? Әлде де сұқбаттасып көрейін» деген ой келді.

Ертеңіне сабақтан қайтқанда гүлзардың ортасымен келе жатырмыз. Досымды әңгімеге тартып келемін. Айдос өзінің атасы жайында қызықты әңгіме айтып берді. «Менің атам әскери стратег болған. Кезінде Ресей Федерациясының армиясында қызмет істеген. Зейнеткерлікке шыққасын Қазақстанға келген, — деп бастады әңгімесін. — Менің тілім алғашқыда орысша шыға бастады. Әлі есімде атамның көне кітапты «оқы» деп бергені. Оқығанымды сұрайтын. Атамның мақтағаны қызық, қабағын түйіп отырып «дұрыс» дейді. Көп мақтағанды ұнатпайды. Атам мен әжем бізге

кәмпит жегізбейтіні, етті көп жегізетіні есімде. Әжем ауылдан таза сүт, айран жіберіп тұрады. Менің осы денсаулығымның күштілігі соның арқасында ма деп қалам. Көп ауырмаймын, анау-мынау тұмауратып қалсам әжемнің бір қызық емі бар. Жаңа сойылған малдың терісіне орап, ыстық құмды жерді дөңгелек қылып қазып жатқызады. «Жер керек емес күшті тартады», — дейді. Жақсылап терлетіп емдеп алады. Атам қызық, үйде де стратег. «Дивизияны қалай орналастырамыз, қала бойына ма, әлде майдан шебіне ме?» — деген сұрақтар қояды. Алғашқыда шатасып жүрдім, кейін жауаптарым дұрыс болғанда, атамның бар айтатын сөзі — «дұрыс». Сондай тапсырмалар арқылы атам менің стратегиялық ойлау қабілетімді дамытқан екен-ау! Атам қазір 73-те, бірақ өзін кәрі санамайды. Шахмат, дойбы ойнасақ та, «Қане, құнанмен жарысайық» деп қояды.

Атам Ресейде қанша қызмет жасаса да, жаны қазақ боп қалған. Ол ауылда үнемі жылқы үстінде жүреді. Мені де аяғымды сүйретіп сылтып басатын болғасын, арқаң қисайып кетпесін деп, атқа мінгізеді, тіке отыруды үйретеді. Бірде мынадай оқиға болды. Ол кезде төменгі класта оқимын. Ауылда жүрмін. Құлынымды суаруға бардым. Құлыңды сиырдың науасына байлап, өзім қырға шығып, балалармен ойнап кеткенмін. Біраздан кейін келсем, құлынымның аузы кеуіп, құлап жатыр. Дереву қорыққаннан атама бардым. Атам да тұрғыза алмады. «Жер қаз», — деді. Үндемей жер қазып жатырмын. Атам қазылған жерге таза су құйды, құлынның басын құдыққа қаратты. Құлын жатқан күйі су ішіп, біраздан соң әлін жиып, өзі тұрды. Атам «Жылқы малы ешқашан сиырдың астауынан су ішпейді. Сиыр суды сілекейін ағызып ішеді», — деді. Мұнан кейін құлыным менен шошынып жоламай жүрді. Өзімді кінәлі жандай сезіндім.

«Ей, сенің атаң мықты ғой», — деп қоямын мен.

«Атам мені аңға да алып шығады. Мылтық ұстатпағанымен, бірге алып жүреді. «Қасқыр көрген адам еш нәрседен қорықпайды. Батыл болады», — дейді. Бірде атам маған жол қысқарсын деп қызық әңгіме айтып берді.

Атам ұрғашы қасқырды атып алады, бірақ өлмейді. Содан атам абыржып, әлгі қасқырды арқанмен байлап қораға қамайды. Сөйтсе, түнде қара қасқырдың ұлыған даусы естіледі. Үйде атам жалғыз болған. Қасқыр анадай жерде қарап тұрған, атама шаппаған. Атама шапса, ұрғашы қасқырды босататын адам болмас деп ойлаған болар дейді. Атам қасқырдың тісі батпайды-ау деген қалың киімдерді киіп, әлгі жаралы қасқырдың арқанын үзіп жібереді. Қара қасқыр анадай жерде қарап тұрады. Ертеңіне қораға келсе, әлгі қан-қан арқанның қасына қоян әкеп тастаған. Рақмет айтқандай, қасқыр әкеліп тастаған-ау деп ойлаған атам. Қасқыр екеш қасқыр да кешіреді екен ғой деп қалдым».

«Атаң күшті ғой», — деп қызыға түсем.

«Атам мақалдарды көп біледі» - досым. — Қонаққа барғанда атам мен әжем міндетті түрде мені ертіп кетеді. Дастарқанға отырмасам да, атама сөз берсе, «Айдос бірінші сөйлейді», — дейді. «Ол бала емес пе?», — десе, «Жоқ, ол қазір бала емес», — дейді. Әуелгі кезде тілек айтқанда алдымда сөйлеген адамның сөзін қайталағанмын, соным үшін ұялам. Қазір әдебиеттен оқығанымды қосып тілек айтамын. Атам мен әжем кейде қалжыңдасып отырады. Атам әжемнің соңынан қалмай жүріп алған ғой. «Асау кемпір асау шалға бағынады» дейтіні бар атамның. Әжем «Осы шалдан бірдеме шығады, тыңдай бер», — дейді. Қызық, атамнан әлдеқашан бірдеме шыққан емес пе? Атам қазір 73-те. Бірақ 60-тағы кісі сияқты, ширақ қозғалады. Өзінің жеке фирмасы бар. Қарағандыда тұрады. Руы-Арғын».

«Осындай атасы бар, Айдос қандай бақытты», — деп ойладым.

Досым Айдостың ерлік туралы өзіндік пікірі бар. «Ерлік дегеніміз біреуді ұру, өлтіру емес. Менің ойымша, жауынгерлік ерлік деген ел басына күн туғанда көрсететін ерлік. Ал, бейбіт өмірдегі ерлік еліңе қызмет жасап еліңнің атын шығару» — дейді. «Екеуміз қазақша компьютер жасап шығарамыз» деп қояды. Екеуміз оңаша отырғанда бұл туралы айтатынбыз. Оның тағы бір қабілеті — техниканы жақсы оңдай алады. Сөзімнің басында айттым ғой, менің досым осындай ерекше жан.

Осындай «стратег» атасы бар Айдостың ерік-жігері мықты. Анасы №51 мектепте компьютерден сабақ береді, әкесі заводта мастер болып жасайды. Жылы ұяның жан жылуына бөленген досым туралы жазып шыққан секілдімін.

Мен досымды бұрынғыдан да жақсы көріп кеттім...

Әкем кейде бала кезіндегі достарын айтып, сағынып отырады. Мен де кейін «Айдос қайда жүр екен? Ондай бала ойлаған мақсатына жетеді» деп іздейтін шығармын. Жо-жоқ, мен досымнан ажырамаймын.

II орын

Оразбай Мирамгүл

8-сынып,

Батыс Қазақстан облысы,

Теректы ауданы,

Юбилейный ауылдық кітапханасы

Менің ерекше құрбым

Жаз мезгілі. Күн күліп, ыссылық күшейетін кез. Балалар, оқушылар жазғы демалыста болатынбыз. Жаз-жайдарлы мезгіл. Бұл мезгілде айнала бәрі тамаша, өте сұлу. Ағаштар жапырақтарымен көлеңке түсіріп, адам атаулыға сая болады. Күн ысыған кезде құм үстінде өте ыстық болады. Жалаңаяқ жүгірсең, аяқ, арқа қыздырсаң сондай керемет. Өзен, тас, ауа ылғалы ыстық болады. Осы күндерде көп адамдар өзен жағасын саялайды. Біздің ауыл шағын болғанымен, табиғаты сондай керемет. Өзеннің жағасында отырған адам өзін сабырға шақырып, толқындардан алған әсерін, өзінің жан дүниесінің бір әлемінде сақтап қояды. Бала күнімізде сынып қыздары жазық далада жүгіріп, асыр салып ойнайтынбыз. Мен әсем даланы, жайқалған гүлдерді, самал желді сезініп өстім.

Достықтың қадірін кішкене кезімде көп түсіне бермейтінмін. Мен 1-сынып бітірген болатынмын. Біздің көшеде балалар шуылы жақыннан естіледі. Сол шуылды естіген кезде үйде тыныш отыра алмайсың. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада»-деген осы ғой. Балалардың айқайы, сыңғыр-сыңғыр күлкісі, доптың тарсылы, топ болып жүрген қыздардың дауысы біздің ауланың жанынан әсем, жаныңа жақын естіледі.

Сондай күндердің бірі болатын. Үстіме ойын киімімді киіп, қолыма добымды ұстап, көп балалардың бірі боп менде көшеге шықтым. Шыққан бойда өз құрбыларымды, сыныптастарымды іздей бастадым. Сөйтіп енесіне жүгірген төлдей, екі өкпемді қолыма алып, біздің үйден ұзап бара жатқан құрбыларыма жүгірдім. Олар мені көріп күтіп тұрды. Өз құрбыларыма қосылған менің ойымдағы ой «қандай ойын ойнасақ екен?» болатын. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған кез болғасын ба, мен мектеп өмірін ұнататынмын. Сол кезде басыма ақ бантикті жаңа таққан кезім болсада, мамандығымды таңдап қойған болатынмын. Ата-анама мен физика пәнінің мұғалімі боламын деп айтқан көрінем. Мектепке қадам басқан кезімнен бастап, сыныптас қыздармен мұғалім болып ойнайықшы деп ұсыныс тастадым. Қандай ойын ойнайтынымызды шешіп алған біз ойынға дайындала бастадық. Өзімізге ұнайтын рөлдер бөліп алдық. Сөйтіп ойын ойнауға кірісіп кеттік. Біздер шуылдасып, тіпті кейде бір ұрысып, бір татуласып, өз шаруасын тындырып жүрген құмырсқалар секілді қызу ойнап жаттық.

Кенеттен біз тұратын көшедегі сатылып кеткен үйге жаңа отбасы машиналармен келіп тоқтады. Ойнап жүрген балалар бәріміз сол жаққа назар аудардық. Бәріміздің ойымыз «бұл үйде бізбен

қатарлас қыз тұрса екен» болатын. Ойлағанымыз сол-ақ екен машинадан үстіне ақ көйлек киген, бойы аласа, дидады сары, қара көзді, ұзын шашты, бізбен жасы шамалас кішкене қыз машинадан секіріп түсті. Оның назары бізде болды. Үйіне кіріп кеткенше ойнап жүрген балалар жаққа әлсін-әлсін қарап тұрды. Біздер: «енді: ойнайтын қыздардың саны көбейетін болды» – деп өзді-өзімізге қарасып, қуанып жаттық. Ол қыз қай сыныпта оқиды екен? Біздің мектепке барса екен? деген сияқты сұрақтарды өзмізге қойып, ойлап отырмыз. Сосын ортасынан күрт тоқтаған ойынымызды жалғастырдық. Ойынға берілгеніміз сонша, кештің қалай қарайғанын, күннің қалай батқанын аңғармай қалдық. Бәлкім балалық кездегі ойынымыздың сондай тәтті болуынан шығар көшедегі шуыл азайды. Барлығымыз үйді-үйімізге тарастық. Мен үйге келе жатып, сол қызды ойладым. Сол қыздың менің үйіме жақын орналасқанына қатты қуандым. Ертесіне баяғы әдетімізше ойнауға шықтық. Сынып қыздары түгел жиналды. Бәріміз кешегі қыздың ойнауға шыққанын күттік. Мен бұл кезде ол қыздың біздің сыныпта оқитынын ата-анамның әңгімесінен біліп алған болатынымын. Қыздың ата-анасы, ата-анамның таныстары екен. Бір кезде сол үйдің есігі ашылды. Сары қызды бір әйел қолынан ұстап, бізге қарай алып келе жатты. Анасымен барлық қыздар шуылдай амандаса жөнелдік. Бұл біздің ауыл қыздарының тәрбиелілігін көрсетсе, екінші жағынан қазақ қызына тән болмыс айқын көрініп тұрды. Соны қыздың анасы аңғарса керек. Бізге күлімдеп:

- Амансындар ма? Өздерің сондай тәрбиелі екенсіңдер көздеріңнен мейірім төгіліп тұр. Жүздеріңе қарап сүйсініп тұрмын. Сендер қызыммен шамалас секілдісіңдер, сендермен қызымды таныстырайын, аты-Сабина, енді 2-сынып оқиды-деді. Біздер: - Біздерде 2-сынып оқимыз, -деп шуылдаса кеттік. Анасы:

- Сендерге қарағанда өзімде солай ойладым. Қызым сендермен ойнасын, мен жұмысқа кеттім, - деді де ақырын жүріп, ауыл орталығы жаққа қарай бет алды. Қыздар көкейдегі сұрақтарымызды Сабинаға қарша жаудырдық. Кішкене бүлдіршіндердің бәрінде бір мінез қалыптасқан секілді, бәрі сұрақ қоюға бейім келеді. Сөйтіп бүгін тағы да мектеп болып ойнадық, бірақ бұл жолы менің қалауым бойынша емес, Сабинаның қалауы бойынша болды. Оның арманы да мұғалім болу екен. Осылай күндер өте берді. Ендігі Сабина екеуіміз бір-біріміздің үйімізге барып, ойнайтын болдық. Бұған ата-аналарымыздың да достығы себепкер болды. Олар бір-бірлерін жақсы танығандықтан болар, бір-біріміздің үйімізге қонуға барып жүрдік. Уақыт өте келе екеуіміз ұқсас жақтарымыздың көп екенін аңғардық. Осылай көзді ашып жұмғанша жазда өте шықты. Күз басталып, мектеп өмірі басталды. Бұл кезде Сабина екеуіміздің

достығымыз нығая түсті. Барлығы бізге тамсанатын. Біздер үй тапсырмасын бірге орындайтынбыз. Мектепке барарда бір-біріміздің үйімізге соғатынбыз, мектепке бірге кіріп, бірге шығатынбыз. Бос уақытымызды бірге өткізетінбіз. Осылай күндер өте берді. Бірде таңғы ас үстінде ата-анамнан Сабиалардың көшіп кеткенін естідім. Бұл кезде не істерімді білмедім. Онымен 2 жыл бірге жүріп бауыр басып қалған болатынмын. Неге көшті екен деп іштей қынжылдым, қиналдым. Сабиначы жалғызсырап қалғандай болдым. Ол кезде 4-сынып оқып жүрген едім, өмірге шынайы қарағанды ұнататынмын. Олсыз күндерім қызықсыз өтті. Көп күндер бойы үйрене алмай жүрдім. Ол кезде телефон арқылы да, хат арқылы да байланысқан жоқпыз. Сөйтіп достығымыз үзілді. Жылдар өткеннен кейін оны ұмыта бастадым. Онымен бірге өткізген күндерім өмірімде әсем естелік болып қалып қойды. Жылдар өтті... Мен Сабинаны ұмытып кеттім. Өмірімде достарым көп, бірақ Сабинадай досты кездестірген жоқпын. Бір күні дүкеннен келе жатсам, бір үйге бір қызды мүгедектер арбасынан түсіріп үйге сүйемелдеп кіргізіп жатқанын көрдім. Ол кезде мен 6-сыныпта оқитынмын. Ол қызды көргенде жүрегім мұңға толып, мұңайып қалдым. Қыздың өзіммен шамалас екенін білдім. Сол кезде өмір тауқыметіне ұшыраған сол қызды аяп кеттім. Дүкен алдында біраз ойланып қалыппын. Үйге келген кезде ата-анамнан Сабинаның ауылға келгенін естіп, қуанышым қойныма сыймай кетті. Оның қай үйге көшіп келгенін естігенімде, қуанышым су сепкендей басылып қалды. Ойыма күдік ұялады. Манағы мен көрген қыз Сабина болмаса екен деп тілеумен болдым. Ақыры шыдай алмай сол үйге бет алдым. Үйге келіп өзімді таныстырдым. Бір кездегі Сабинаның құрбысы екенімді айттым. Анасы мені бірден таныды. Мені айналып, толғанып үйге кіргізді. Мен Сабинаны араға көп жылдар салып көрген кезде қатты қиналып кеттім. Және сондай мүсәпір халде көрем деп ойламаған едім. Одан кішкене кезімде айырылып қалғандағы бар қайғым қайтып келгендей болды. Бір-бірімізге үнсіз қарап тұрдық. Ақыры мен шыдамай оны құшақтай алдым. Екеуімізде жылап алдық. Мен сол кезде оның жанарынан тағдырына деген наразылығын байқадым. Өмірдің ащы дәмін жастайынан тартқан оны аяп кеттім. Сол күннен бастап екеуіміздің достығымыз үзілген жерінен жолын қайта жалғады. Мен барымша оны алаңдатуға, санаулы сағаттар болса да оның қиындығын ұмыттырғым келді. Ата-анасынан бұның қалай болғанын сұрағанымда әкесі:

- Қызымның қалада білім алғанын қалап, екеулеріңнің достықтарыңды үзіп, қызымның қалам деген жылауына қарамастан алып кеттім. Қалада 9 қабаттық үйдің 3-ші қабатынан пәтер сатып алдым. Бір күні қызым кір жайып жүріп, балконнан құлап кетті. Анасы екеуіміз оның тірі қалғанына қатты қуандық, бірақ қызымның 2

аяғынан жан кетіп қалды, - деді мұң басқан жүзімен.

Мен мұны естіп әттең ол қалаға көшпегенде деп ойладым. Бәлкім бәрі жақсы болар ма еді деп ойладым. Көз алдыма машинадан секіріп түскен, үстіндегі ақ көйлегі желпілдеп тұрған сары қыз елестеді. Анасы оның аяғын емдетуге ақшаның жоқтығын айтты. Бірақ емдеуге болатының естігенде үміт ұялады. Сабина сияқты кемтар қыздар өте көп. Менің көргенім бір қыздың жан айқайы. Ал Қазақстанда бұлар қаншама. ата-анасы Сабинаны емдетуге ауқатты адамдардан көмек сұрады. 5 айдан кейін оған ақша жиналды. Ата-анасы оны шет елге алып кетті. Мен оның тілеуін алладан сұраумен жүрдім. 6-сынып бітірген жаз айында Сабинаның аяғы жазылғанын естідім. Қатты қуандым. Бірақ ата-анамнан Сабинаның сол жақта қалатынын естідім. Қатты мұңайдым. Мұңымды қуанышым жеңді. Мен үшін екеуміздің достығымыз өте бағалы. Онымен өткен күндерім мен үшін өмірімнің ескермес ескерткіші болып қала бермек.

II орын

Қалиханова Айсара

6 а – сынып,
Батыс Қазақстан облысы,
Зеленов ауданы,
Зеленов жалпы білім беретін мектеп

Менің ерекше құрбым

(Бұл шығарманы жазып жүрген
күнделігіме сүйене отырып жаздым)

Әрбір ана өзінің баласының дені сау болғанын қалайды. Айналамызда біздің көмегімізге зәру адамдар көп. Солардың бірі менің ең жақын құрбым – Ажар. Ажар - сұлу, ерекше ақылды қыз. Мен Ажарды жақсы көрем, түсінуге тырысамын. Ажардың өмірге деген ұмтылысын көріп, оған қол ұшымды бергім келеді. Менің достарым көп, бірақ Ажарды ерекше жақсы көремін. Онымен әңгімелесіп, сыр бөлісемін. Ата – анасы да Ажардың ер жетіп, үлкен қыз болып, жазылып кетуін тілейді. Туған – туысқандары, достары, ауыл адамдары да қолынан келгенінше көмектесуде, бірақ та бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Өйткені Ажардан бөлек Қазақстанда да

талай ауру балалар көп. Ауру балаларын емдеуге ата – аналарының жағдайлары жоқ. Ал біздің елде ондай науқастарға арналған емханалар да аз. Сондықтан шет елдерге шығып емдеуге тура келеді. Ал кейбір ата – аналар балаларын тастап кетіп жатады. Содан кейін олардың халі не болмақ? Бірақ қазір барлығы да өзгеріп келе жатыр. Қазақстанда жаңа сауықтыру орталықтары көптеп ашылуда. Қазақстан дәрігерлері шетелден білім алып келіп, балаларды емдеуге өз үлестерін қосып жатыр. Бұған мемлекеттен үлкен қаржы жұмсалуда. Бұның барлығы болашақ ұрпақтың денсаулығы үшін деп ойлаймын.

Егер де мен сиқыршы болсам, осы әлемдегі барлық ауруларды емдеп жазар едім. Сөйтіп, әлемде ауру адам қалмас еді. Ажардың күлкісін көрсем, басқа арман жоқ, - дейді ата – анасы.

Бәріміз бірігіп Ажарға көмек бере аламыз. Мен бос уақытымда үнемі досымның қасында болуға тырысамын. Екеуміз бірігіп кітаптар оқимыз. Түрлі ойындар ойнаймыз. Кейде ол оқыған кітаптарынан алған әсерлерін айтып отырады. Ол сондағы кейіпкерлер болғысы келеді.

Егер де мен жазылып кетсем, осы ертегілерді кітапханаға барып өзім оқитын едім, дейді.

Мен оның көңілін көтеріп, жұбатып: - Әлі – ақ жазылып кетесің? – деп айтып қоямын. Ажардан асқан адам жоқ! Ол өзін – өзі жұбатады, қайғырмайды. Далаға шығып жүгіріп, секіріп, күліп ойнағысы келеді.

Өзімен құрдас балалармен мектепке барып, ойнап, дос болғысы келеді. Мен қыс түскенде, Ажарға қарды әкеліп көрсетемін.

Ол табиғаттағы болып жатқан құбылыстарды зерттейтін ғалым боламын, - дейді. Әр нәрсеге қызыға қарайды, тамсана қарайды.

Кейде мен оған қарап отырып, біз жүре де, қозғалып, ойнай де аламыз. Бұдан асқан бақыт бар ма? Осыған да қуануымыз керек деп ойлаймын. Мен жақсы оқып, өскенде дәрігер болып, Ажарды емдеп жазғым келеді. Ажар қазір Республикалық балаларды сауықтыру орталығында емделіп жатыр. Мен оны сағындым. Енді ауылға жазылып, қуанып қайтуын тілеймін. Республикалық балаларды сауықтыру орталығында қазір көп бала емделуде. Мұндай орталықтардың осындай ерекше балалар үшін маңызы зор. Бұл емхана көптеген ата-аналардың үміт отын жағып отыр.

Ажарға 2010 жылы -та жасалды. 2012 жылы тағы бір ота жасалды. Ол үш жылдан бері Астанада емделуде. Ажар жақында ауылға қайтады. Мен оған көп сыйлықтар дайындап қойдым.

Ажар келгенде қуанып келетініне сенімдімін. Ажардың мінезі – ашық. Ол Астанадан көп досты кездестіргеніне сенімдімін. Енді қайтадан оралғанда жүріп кетуін тілеймін. Аяғынан тұрып кетсе ең

алдымен маған жүгіріп келетін шығар. Барлығымыз да қуанар едік. Ажар өте өнерлі қыз ғой. Әрқашан қыста маған жылы шұлық тоқып беретін. Мен онымен сыр бөлісетін едім. Аяғынан тұрып кетсе бірге би билеп, ойындар ойнайтын едік. Сондай тамаша қыз. Тек жүре алмайды.

Міне бүгін хабарласып бір аптадан кейін келетінін айтты. Көптен хабарласпаған еді қатты қуанып кеттім. Уайымдап та тұрған сияқтымын. Асыға күтіп жүрмін. Үш жыл көрмеген досын кім сағынбас? Күнге күн қосып, тосып жүрмін. Міне, осы шығарманы жазып жүрмін. Өзімнің сезімдерім, армандарым туралы жаздым. Ол бұл шығарманы бір сөзін қалдырмай оқып шығатынына сенімдімін.

Келетін күні де жетті. Не ойларымды, оған деген сағынышымды қалай жеткізетінімді білмей тұрмын. Машинаның дауысы естілді. Мен далаға шықтым. Машинадан алдымен Ажардың анасы шықты. Содан соң әкесі Ажарды көтеріп машинадан шығарды. Мен не істерімді білмей қатып қалған адамша тұрып қалдым. Оның отадан соң жүріп кететініне сондай сенімді болып ем. Менің көңіл-күйім түсіп кетті. Бірақ Ажарды көргеніме қуандым. Ажар ұйықтап жатты. Әкесі оны көтеріп біздің үйге кіргізді. Біз шайға отырдық. Шай үстінде Ажардың ата-анасы дәрігерлердің соңғы отадан кейін енді Ажардың жүруіне мүмкіндік жоқтығын айтты. Мен қатты қайғырдым. Өмірдің сондай қатал екенін түсіндім. Ажар тіпті мені көргісі келмеді. Ол үшін барлығы біткен еді. Ажардың өмірге деген көзқарасы өзгерді. Мен түгіл ата-анасын да, туған туысқандарын да тыңдамады.

Уақыт өте келе ол менімен сөйлесе бастады. Тағы да жан сырын ақтаратын болды. Мен оған көмектескім келеді. Қайтадан Ажардың жүрегі жібіп келе жатқандай. Ажардың ата-анасы менің оған көмектесуімді сұрады. Олар Ажарды қайтадан емханаға баруға көндірші деді. Мен Ажардың бұндай күйін көре алмай келістім. Ақыры Ажармен сөйлесіп, оны көндірдім. Алғашында келіспеген жоқ болатын. Мен оған үміт бар екенін айтып, тағы байқап көруін сұрадым.

Олар 2013 жылдың 15 маусымында тағы да Астанаға кетті де тамыздың соңында оралды. Жаттығулар жасау керектігін айтыпты. Ата-анасы Ажарға жаттығуға арналған құрал сатып алыпты. Ажардың да көңілі көтеріңкі. Жазды Ажарсыз өткіздім ғой оны сағынып қалдым. Мен мектепке баруға дайындалдым. Ажар да менімен мектепке барғысы келді. Ол да алтыншы сыныпқа барады. Оған сабақты үйден оқытады. Енді Ажарға көп көңіл бөле алмайтын болдым. Бірінші қыркүйек күні сабақ басталды. Мектепті сағынып қалыппын. Достарымды көріп қуанып кеттім.

Сабақ біткен соң күнде Ажарға барып тұрамын. Оған жаттығуларды жасауға көмектесемін. Ажар жайлап аяғынан тұрып келе жатыр.

Аяқтарын қозғалта алады. Әне-міне дегенше жүріп кетуі де мүмкін. Ол бір күні аяғынан тұруға ұмтылып, құлап қалыпты. Аяғын ауырттып алыпты. Мен мектептен шыға Ажарға қарай жүгірдім. Ажардың аяғы ісіп кетіпті. Ауылдағы ауруханада бас дәрігер жоқ екен. Анасы аяғын таңып беріпті.

Ажар сол жағдайдан кейін қорқып қалған болуы керек. Жаттығуларды жасауға батылы жетпейді. Мен қолынан ұстаймын десем де келіспеді. Сөйтіп көп күн жаттығуларын жасамай жүрді. Аяғы жазылған соң, мен оны қайта жаттығу жасауға көндірдім. Енді жаттығуларын жасап жүр. Бәріміз де қуаныштымыз. Осылай бір ай өтті. Бізде бірінші тоқсан аяқталды. Демалысқа шықтық.

Ажардың ата-анасы хабарласты. Олар Ажардың мені көргісі келетінін айтты. Мен Ажардың үйіне шауып келдім. Алдымнан Ажар шықты. Өз көзіме өзім сене алар емеспін? Қуанышымда шек жоқ! Тіпті, жылап та жібердім. Қуаныштың жасы шығар. Ажар да қатты қуанып тұр. Мені жұбатуда. Ата-анасы маған алғыстарын айтып жатты. Осы күн менің мәңгі жадымда қалды. Мен осыдан кейін өмірде барлығы да болады, тек үміт үзбеу керек деп ой түйдім. Ажар- менің ерекше құрбым.

III орын

Зұлқарнаева Гүлбарам

12 жас, 7 сынып БҚО, Жәнібек ауд.,
Қамысты ауылы, ЖББОМ

Менің ерекше құрбым

Дос... Осы үш-ақ, дыбыстан тұратын сөздің астарында терең мағына жатыр.

Дос – бір ауыз сөз айтпастан сені түсінетін, қиын – қыстау кезеңде қолдау көрсетіп, қуанышыңды бөлісетін, сен үшін қуанатын жан.

Адам басқаның өзіне деген жақындық, жақсы байланысын байқаса, онда өзі үшін ең құнды деп саналатын құндылықтарды және адамдар арасындағы қатынастарға (сенімділік, адалдық, құрмет, түсінушілік т.б.) деген ол адамның көзқарасын, қатынасын анықтау қажет, сол арқылы жанына жақын адамды анықтап алуға болады. Осылай адамдар арасындағы жүрек қалауымен, жан үйлесімдігімен достық байланыстар құрылады. Достық қарым –

қатынас неғұрлым мықты болса, достар да соғұрлым бірін – бірі біліп, өмірдің ащы – тұщысын бірге бастарынан өткереді. Өмірдің небір «сыйларында» дос – сенің арқа сүйер қорғаның, қорғаушың, қолдаушың, ақылшың, жанашырың, кеңесшің әрі сенімді адамың. Осындай сәттерде жақын досыңның қасыңнан табылуы – ғажайып сезім ғана емес, алланың берген сыйы ғой дер едім.

Достықпен адам өмір бойы байланысты. Достасқан адамды құрметтеп, оның пікірімен санасып, жеке тұлға ретінде бағалап, мінез – құлқының жағымды сапаларын көріп, мойындап, көмектесу керек.

Достық – жолдастықтың жоғары сатысы.

Нағыз доссыз адам өмірі толық болмайды да. «Нағыз, үлкен достықта адамдардың өмірлік ұстанымдары, бағыттары, мұраттары да бір бола бастайды» - дегендей, біздің Айна екеуіміздің достығымызға ешкімнің достығы тең келмейді деп айта аламын. Біз бір ауылда, бір көшенің бойында арасында төрт үй салып көршілес тұрамыз. Кішірек кезімізде балабақшаға бірге барып, бірінші сыныпқа қабылданғанда да бір сыныпқа алындық. Тіпті аналарымыз біздерді бір – бірімізден қалдырмай бірдей киім алып беретін. Бір жолы әкем қаладан келгенде екеуімізге екі қуыршақ әкелген еді. Бірақ әлгі қуыршақтардың көйлектерінің түсі әр түрлі болып, менің шыршық шығарғаным әлі есімде. Содан бері олар не алса да бірдей етіп бір түсінен алатын болды.

Өсе келе кейде кейбір достардың арасында қателіктер болатынын да байқап жүреміз. Ондай жағдайда шын достар бір – бірін кешіре білу керек. Сенім достықты берік етіп, күшейтеді.

Оқу жылы аяқталып, сыныптан – сыныпқа көшу емтихандарымыз біткен соң бәріміз жылдағыдай қалада, аудан орталығында тұратын тумаларымызға қыдырдық... Көзді ашып – жұмғанша жаздың ортасы боп қалды. Бір күні қарсы көшеде бос тұрған бір үйге басқа ауылдан бір отбасы көшіп келді. Қазақтың салты бойынша жаңағы көшіп келген үйге ауыл адамдары кіріп – шығып жатты, содан кейін оларды жағдайы келген көрші – қолаңдар ауыл адамдарымен қосып шақырып, қонақ ете бастады. Естуімізше, үй иелері үлкен адамдар екен. Қолдарында кішкентай немере қыздары бар.

Жаз болғасын кішкентай ауылымыздың барлық біз шамалас балалары бірігіп, ауыл сыртында ойнайтынбыз. Кейде қызып кетіп, көше – көшенің балалары жақтасып жарысамыз. Бірақ байқауымызша жаңадан көшіп келген үйдегі қыздың ойынға тіпті зауқы жоқ. Ойынға да шықпайды. Ұяла ма, әйтеуір көбіне үйде. Балалармен қосылып ойнағанын да көрмейміз. Тек кештетіп шарбағының ішінде жүргенін байқаймыз.

Бізге қарама-қарсы тұратын сол бір қараша үйдің жайы, әсіресе

кішкентай қыздың өмірі бізді қатты алаңдатты. Сөйтсек, жаңадан көшіп келген атай мен әжейдің, жас шамасы бізден кішірек Жұлдыз есімді немересі бір аяғының кемістігінен еркін жүре алмайды екен. Досым Айна екеуіміз мүлдем таныс емес ауылға көшіп келген, ешкіммен де ойнамайтын, әрі өзінің не үлкен не кіші бауыры жоқ Жұлдызды аядық. Танысып қатарымызға қоссақ, көңілі бөлінер деп, үлкендерше қонаққа шақырмасақ та, ауылға келгесін араласқымыз келді.

Айна екеуіміз ақылдасып, қасымызға басқа да көрші құрбыларды жинап, дұрыстап танысайық деп, Жұлдыздың үйіне бардық. Әжесі екеуі үйдің көлеңкесінде қып - қызыл етіп қайнатылған құрттарды қысып, кептіріп жатыр екен. Сондай әдемі – ақ. Жұлдыздың кішкентай алақанынан шыққан құрттардың бәрі біп – бірдей. Үй шаруасына төселгендігі, ұқыптылығы, еңбекқорлығы байқалады. Әжесі бәрімізбен қалбалаңдаса амандасып, бәріміздің қолымызға жаңа жасалған томпақ құрттарды бірнешеуден ұстатты. Рахметімізді жаудырып, ыңғайлана қастарына отырдық. Бәріміз ащырқанып құртты жеп отырмыз. Жұлдыз болса, анда – санда бізге ұяла қарап, жымыып қояды. Біз Жұлдызбен дос болғымыз келетінін білдірдік, ойынға шығып бізбен бірге емін – еркін араласып кетуді өтіндік. Бір кезде әжей, жаулығының ұшымен көз жасын сүртіп жатып:

- Әй, қарақтарым –ау, қызымның әке – шешесі қазір тірі болса, осы демалыста Жұлдыздарын емдетер ме, еді. Жазғы демалысты пайдаланып, дәрігерге қарататын армандары бар еді. Тағдырға не шара...

«Жығылғанға жұдырық» - демекші, бір жағынан ата – анасынан айырылып, бір жағынан мына басының ісігіне ол аз дегендей, аяғының ақсаңдауы да қосылды. Әжей терең күрсініп алып, әңгіменің төркінін бастады.

Екі жыл бұрын қызымның басында оймақтай бір томпақ пайда болды. Үлкейген де жоқ, ауырады деп, Жұлдыз да мазаланған жоқ. Дәрігерге қаратқанымызда, оның ешқандай залалы болмады. Бара – бара кетеді деп үміттендірді. Бір жылдан соң басының жиі ауыратыны байқалды. Әкесі мен шешесі ол ауырғанда асты – үстіне түсетін. Қысқы демалыс кезінде аудандық ауруханаға барып қаралып, ем – домын алып жүрді. Көктемгі демалыста тексеріске барғанда екінші емін алып, жазда ота жасауға облысқа жіберуі мүмкін деп, дайындалып жүрген еді. Көктемнің ауа райын білесіз, бір де су, бір де қары аралас жаңбыр, батпандай балшық, осындай кезде ауыл арасында жолдың нашарлығынан қатынау тіпті қиынға соғады. Бір күні сабақ басталмас бұрын аудан орталығына тамақ, көр – жер алуға Жұлдызды ертіп барып – қайтып келе жатқанда жол апатына ұшырап, ата – анасы ауруханаға жеткеннен кейін көз

жұмды. Жұлдыздың аяғы сынып, ауруханаға түсті. Әйтеуір емделіп, шықты ғой. Бірақ қазір аяғын сылтып басады. Жаз болса өтіп барады, сабақ болып қалды. Емдету керек. Жүріп – тұру бізге қиын, мына қыздың болашағына алаңдаймын - деп, үлкен үмітпен баршамызға қарағандай болды. Жұлдызбен бірінші кездесу осылай болды.

Біз сөйтіп, жиі – жиі барып тұрдық. Бастапқы уақытта ол өзі туралы көп айта қойған жоқ. Тек біздің сұрағымызға жай ғана жауап беріп отырды. Ол – өте еңбекқор, мейірімді, ұялшақтау болатын. Оның үстелінен өз қолымен жасаған қолөнер бұйымдарын көріп, таңқалдық. Басқа балалар сияқты он екі мүшесі сау бола тұрып, жалқауланып жатып алу деген Жұлдыздың бойына жат қылық. Біреуге көмек керек болса көмегін аямайды, қолында бар болса береді. Ойынға шақырсақ, біздер сияқты ойынға шыға қоймайды. Аяғының кемістігінен ұялатын сияқты. Бірақ үйде әжесі мен атасының үлкен қамқоры.

Бүгін, тамыздың бесі. Айнаның туған күні болатын. Сол көшедегі құрбылар барлығымыз Айнаның туған күніне жиналатын болдық. Жұлдыз да келді. Тәттісі мол дайындалған дастархан басында абыр – сабырмыз. Кезектесіп жылы – жылы лебіздерімізді білдірдік. Ажар болса, жұмбақ жасырды, Асыл тақпақ оқыды. Кезек Жұлдызға келді. Бәріміз тына тыңдадық. Жасы біздерден сәл кіші болса да әп – әдемі тілегін білдірді. Мен де Айнаның туған күні құрметіне «Бала тілегі» әнін орындап берейін,- деді. Дауысы қандай десеңізші! Бәріміз ұйып тыңдадық. Тағы айтшы, тағы, тағы бір ән!- деп жамырай сұрадық. Осы жолы ұялмай, бұрыннан таныс достарша еркін отырды. Тағы екі ән орындады. Ол болашақта музыка пәнінің мұғалімі болғысы келеді.

III орын

Киикбаева Әсем

12 жас, 7 сынып,

Ақтөбе қ., №32 мектеп-гимназиясы

Менің ерекше құрбым

Алаңсыз өтіп жатқан балалық бал дәуренімнің қадірін мен бір күнде-ақ түсінгендеймін. Оған себеп болған құрбым Айгүл еді. Айгүл жастайынан тағдыр тауқыметін көріп зардап шеккен жандардың бірі. Мен кейбір кезде құрбыма қарап, таң-тамаша боламын. Мен

оны қайсар қыз деп ойлаймын. Оның ата-анасы болмаса да, төрт аяқты арбада отырса да, тағдырға мойынсұнған емес.

Айналамызға көз салып көрейікші. Екі аяғы, екі қолы болса да, кейбір адамдар ананы-мынаны сылтауратып жұмыс істегісі келмейді. Ішімдікке салынып, өмірдің бар қызығынан құр қалады. Ал Айгүл болса, арбаға таңылып отырсада, бір затты ермек қылып, оны аяқтамайынша, басқа нәрсені бастамайтын. Менің Айгүлмен танысқанымда көп уақыт бола қалған жоқ, бірақ сол аз уақыттың ішінде мен оның жан-дүниесін түсіне білдім.

Мүгедектер күніне байланысты «Жайсаң» мүгедек балалар үйіне мектебіміздің атынан концерт қоюға бардық. Балалар бізді қуанышпен қарсы алды. Мен жүргізуші болдым, әрі өлең айттым. Ән айтқанда ерекше толқыдым. Өлең айтып тұрған кезде Айгүл бірден көзіме түсті. Менің өлеңімді тыңдап, көзіне жас алып отыр екен. Концерт біткен соң Айгүлдің қасына бардым. Екеуміз аз уақыттың ішінде танысып алдық.

Оның басынан кешкен оқиғасы мені қатты ойландырды. Аяғы жол апатына түскеннен кейін жүрмей қалыпты. Ата-анасы мүгедек балалар үйіне Айгүлді өз қолдарымен тапсырса да, ол ата-анасына кінә артпайды. «Барлық кінә өзімде,- дейді,- Өзім жол ережесін дұрыс ұстанғанымда мына отырған арбаға таңылмайтын едім. Сау аяғыммен мектепке барып, сабағымды беске оқып, ата-анамның мақтанышы болар ма едім», - деп көзіне жас алды. Мен одан әрі Айгүлдің өмірі жайлы сұрай алмадым, өйткені одан әрі сөйлей алмады. Айгүлдің өмірі жүрегіме қатты батты. Өзімді-өзім қолға алдым, оның алдында көзіме жас алмауға тырыстым. Себебі біздің мақсатымыз мүгедектер үйіндегі балалардың бір сәт болсын көңілін көтеру болатын. Айгүлдің ішкі жан-дүниесі, ниеті таза, пәк екенін бірден түсіндім.

Бізге берілген уақыт шектеулі еді. Автобус келген соң, кетуімізге тура келді. Кетер кезімде Айгүл күтуімді өтініп, бөлмесінен өз қолымен жасалған құмыраны алып маған сыйлады.

Айгүл менен бір ғана нәрсе өтінді. Ол мүгедектер үйінің номерін алып, хабарласып тұруымды қалады. Құрбымның сөзін қалай жерге тастайын. Сөйтіп Айгүлмен хабарласу мен үшін дағдыға айналды. Анама Айгүлге барып, сыйлық ретінде ұялы телефон сыйлауымызды өтіндім. Анам қуана-қуана келісті. Демалыс күні анаммен бірге Айгүлмен жолығуға бардым. Ол қатты қуанды. Ұзақ сөйлесіп, сағынышымызды бастық.

Бір күні теледидар қарап отырып, кемтар балаларға қолдау көрсету, дарындылығын ұштау, денсаулықтарына мемлекет тарапынан көмек ету мақсатында «Біз - бәріміз біргеміз!» тақырыбында әр түрлі аталым бойынша байқау өткізілетінін естіп, жүгіріп Айнаға осы хабарды жеткізіп, екеуіміз Жұлдыздың үйіне бардық. Ол да ата – әжесімен осы хабарды естіп, не істесем екен деп, ойланып отыр екен...

Ертеңгі күні «Мектепке жол» акциясы барысында ауылдағы балалардың келіп – кеткендерін тіркеу, мектепке даярлықтарын бақылау үшін біздің сынып жетекшіміз Жанар апай мен мектептің әлеуметтік педагогі Мержан ағай келді. Біз Жанар апай мен Мержан ағайға Жұлдыздың қабілетін айтып тауыса алмадық. Кешегі теледидардан естігенімізді айта бергенде, олар да сол туралы кейбір мәселені шешуге, ақылдасуға келгендерін қуанышпен білдірді. Ағай мен апай Жұлдыздардың үйінде екі сағаттай отырды. Біздер олар кеткесін барлық мән – жайды Жұлдыздан естідік. Ата – анасыз жетім қалған Жұлдызға қолдау көрсету мақсатында мектеп ұстаздары мен ауыл әкімшілігі және демеуші бола алатын кәсіпкерлер Жұлдыздың басындағы ісігіне ота жасауына қаражат жинап жатқан көрінеді.

Күн артынан күндер өтіп жатты. Барлығымыз Жұлдызды күтіп жүрдік. «Оған ота жасалыпты. Аяғының ақсауына да жақсы ем алған көрінеді. Сабақ басталғанша, денсаулығын жақсартуға жәрдем еткен барша адамдарға мың ризамын»- деп атасы мен әжесі қуанып отырды.

Бүгін Жұлдыздардың үйінде қуаныш. Барлығы Жұлдыздың жағдайын сұрасып кіріп – шығып жатыр. Біз барлығымыз жиналып, аз ғана сыйлық алып Жұлдызға келдік. Оның қуанышында шек жоқ. Бұрынғыдай көп ақсамайды. Көңіл – күйі ширақ. Ауылымыздың мектебіне баруға асық. Жаңа оқу жылын құлшыныспен, тың жігермен бастауға асығып жүр. Барлығымызға шексіз алғыс білдіре отырып, енді қыркүйек айында болатын байқауға қуана – қуана қатысатынын айтты.

Бәрі үйлеріне тараған сәтте Жұлдыз бізге болған оқиғалары туралы бәрін айтып берді. Оның қуанышы ұзақ болса екен, келесі сайыстан да жүлделі орын алсын деген игі тілекпен біз үйге тарастық.

Есболғанова Қарлығаш

7сынып, Тараз қаласы
№38 орта мектеп

Менің ерекше құрбым

Менің құрбым Әдемі
Тербетеді әлемді.
Қандай жерде жүрсе де
Әрқашан да әдепті.

Жоқ анасы, әкесі
Еркелетіп сүйетін.
Жоқ ағасы, әпкесі
«Сіңілім» деп жүретін.

Бір күні болды оқиға
Жүректі ауырта беретін.
Сол күні менің құрбымның
Аяғы кем болып қалатын.

Уақыт өтіп ес жиды
Ақылы да кеңейді.
Енді ондай болмаймын деп
Бізге сөзін жеткізді.

Ұмыттырдық деп жүрсек
Ол ішінен қиналды,
Түсінбей біз қарасақ
«Бәрі жақсы» деп қайтарды.

Бір күні келді кісілер
Жасанды мүше жасайтын.
Шетелден келіп өздері
Орындады мүгедек арманын.

Алып бердік керегін
Көзі оның жайнады.
Қол-аяғы сап-сау боп,
Шыр айналды ауланы.

Сол жерде табылып анасы
Құшақтады баласын.
Жаным, күнім, айым деп
Еркелетті баласын.

Аз уақытқа келіпті

Кетерін білмей жүріпті.
Екеуімізге де жақсы деп
Шетелге билет алыпты.
Әдеміні алғанда
Мен анама жүгірдім.
Жете салып мен оған
Жіберме деп өтіндім.
Ол кісі бізге көнбеді
Сонда да бізге кел деді.
Қарсы аламыз шаттана
Келген кезде сіздерді.
Әдемі екеуіміз қосылып
Өлең айттық жайқала.
Гүл таратып бәріне
Рахмет дедік шаттана.

Мінеки, біздің әңгімеміз былай басталады. Біз Әдемі екеуіміз кішкентай кезімізден доспыз. Мен сіздерге онымен қалай танысқанымды айтайын. Біз бір-бірімізбен алғашында балалар үйінде таныстық. Сіздер мені: «Балалар үйінде не үшін жүр» – деп ойлайтын боларсыздар, мен ол жаққа анаммен бірге еріп барғанмын. Ал анам болса балалар үйінде тәрбиеші қызметін атқарады. Мені анам кішкентай кезімде кімге тастарын білмей, амалсыз өзімен бірге жұмысына алып кететін. Оның тобындағы балалар өте ұйымшыл екен. Біреуі үйдің суретін салса, екіншісі сол үйді құрастырмақшы, ал қасындағы бала болса оған керек құрастырғышты тауып, беріп тұрады. Бәрінен де оларға сурет салып отырған қыз ерекше көрінетін. Оның бір қолы, екі аяғы бүтін емес екен. Бірақ соған қарамастан көңілденіп сурет салып отырған болатын. Мен қасына барып бірден қарындаштарын ұштап, өшіргішін дайындап бердім. Ол маған ұзақ қарап тұрды да: «Сәлем» деп күлімдеді. Біз өзіміз туралы қызық әңгімелер айтып, жақсы араласып кеттік. Біздің достығымыз міне осы күндерден басталды. Одан кейін анам мені жиі апаратын болды. Ал мен онда бармай қалған кезімде әр түрлі қызықты ойындарды іздеп, келесі күні сол ойындарды барлық балалармен ойнап жүрдік.

Әдемі үшін анам екеуіміз ақша жинайтын құты арнадық, соған теңге салып жүрдік. Оған анамның қызметтес басқа тәрбиешілері де, сол жақтың басқа жанашыр жұмысшылары да келіп салып кетіп жүрді.

Әдемі өзін ешқашан жалғызбын деп ойламады. Біз де оны ренжітпеуге, көңіліне дақ түсірмеуге тырыстық. Бірақ та оған

мейрімсіз, жаман балалар мазақтап, көңіліне тиетін сөздер айтқанда бізге көрсетпей түнде жылап алатын. Одан кейін бір-екі жыл да зу етіп өте шықты. Әдемі екеуміз тіпті апалы-сіңілідей болып кеттік. Біз кейде сабақтарымызды да бір-бірімізге орындап беріп жүрдік. Кейде дәптерімізді ауыстырып алып бір күндері әпкелерімізден ұрыс естіген кездеріміз де болды. Анам сол күндердің бір күні маған Әдемінің аяқ-қолына не болғанын басынан аяғына дейін түсіндіріп берді. Мен дәл сол кезде Әдеміні аяп кеттім, жасымды да бір сығып алдым. Оның оқиғасы міне, оқып көріңіздер.

Ол кішкентай кезінде яғни екі-үш жас арлығында бір жол апатына тап болады. Оның тек әжесі ғана болды, ал әке-шешесінің қайда екендігі белгісіз. Сөйтіп Әдемі кішкентай кезінен тек қана әжесінің тәрбиесін көрген. Бір күні олар қыдырып орталық паркіне барады. Әбден көңілденіп үйлеріне қайтып бара жатады, бірақ олардың ауылына баратын автобустар басқа аялдамадан жүреді екен. Сондықтан олар үлкен жолдан өтуге тиісті болды. Жолдан өтіп бара жатқанда қатты жүріп келе жатқан көлік зу етіп бір сәтте қағып кетеді. Олар Әдемінің екі аяғын басып кетіпті. Әжесі қасына жақындап Әдемінің құшақтап жылап «көмектесіңдерші» - деп айналадағы адамдардан өтінеді. Дәл сол кезде жедел жәрдем көлігі де келіп жетеді. Ауруханада дәрігерлер Әдемінің аяқтарын сақтай алмайтынын айтады, оған әжесінің жүрегі шыдамай дүние салады. Бұл жақта олардың көршілері болған бір кісі бар екен, ол жаңағы әжейді танып қатты күрсініп қоя береді. Оның аты - Раушан екен. Әдемінің сыртынан қарап тұрып аяп кетеді. Бір-екі күн ойланып жүріп, бір шешім қабылдайды. Ол қолына телефонын ала салып қызымен хабарласты, себебі оның қызы Әдемінің анасымен жақсы араласады екен. Оның анасы сол кезде шетелде жұмыс істеп жүріпті. Сол хабарды жеткізу үшін ол кісі қызынан Әдемінің анасының нөмірін сұрап алады. Оның анасы болса ол нөмірін басқа нөмірмен ауыстырып алыпты. Жаңағы кісі төрт-бес жыл бойы мекен-жайын да, қол телефонын да таппай іздеп жүреді. Жаңағы кісі оның электронды поштасын тауып, мән-жайды жазып жібереді. Анасы келем дегенше аурухана басшылығы Әдеміні балалар үйіне жібереді. Міне, сол кезде біз де танысып алдық. Біз барлығымыз жинап біткен ақшаны алып шетелдегі жасанды мүшелерді жасайтындарға тапсырыс бердік. Олар бізге Әдемінің қол-аяғының өлшемдерін алуға бір-екі адам жібереді. Олардың біреуі Әдеміні көргенде сәл кідіріп қарап қалады. Ал Әдемі болса: «маған бұл кісі менің анашымға қатты ұқсап кетті» деп сыбырлады. Дәл сол кезде әлгі Раушан әпке Әдемінің денсаулығын білмекші болып келіп қалады. Есік алдында тұрған кісіні Раушан әпке алыстан көріп, өз көзіне өзі сенбей таң қалып қалады. Жете сала аты-жөнін сұрап, оның отбасы жайлы мәлімет алады. Сонан кейін Әдеміге ертіп

барып екеуінің қолдарын ұстаттырып «Бұл кісі- сенің анаң, ал мына қыз -сіздің туған қызыңыз!» деп екі езуі екі құлағына жетеді. Әдемі жүрегі тартты ма білмеймін, бірақ жақсы танымаса да құшақтай қалады. Сонымен, оның шетелдегі анасы осылайша қызының қайда екенін, оларға не болғанын біледі. Ол кісі қазақша шала, ал шетелше таза сөйлейді екен. Оның жұмысы шетелде болғандықтан, бұл жақта ұзақ қала алмады. Ол осы жағдайдан кейін не істерін білмей, басы қатып жүрді. Сонымен ол кісі Әдеміге де, өзіне де дұрыс болады деп шешіп, оны өзімен бірге сонда алып кетпекші болады. Маған ол шешім ұнамады. Бірақ Әдемінің анасы бізге:

- Мен қызымды енді ғана тауып тұрмын, енді оны тастап ешқайда бара алмаймын. Одан да сіздер біз жаққа келіп кетсеңіздерші. Демалысқа шыққанда біз де келіп қалармыз. –деп бізді көндірді. Мен оны қатты сағындым, Әдеміге суреттерді де, хаттарды да, естелік сыйлықтарын да жіберіп тұрдық, сонда да мен онсыз жалғызсырап жүрдім, оның орны ерекше болды. Бірақ уақыт өте келе барлығы жақсы болып кетті.

Осындай мүгедек балалар біздің елде көп. Бірақ олардың бірі арманына қол жеткізіп жатса, ал басқалары қиналып жүр. Мүгедек адамдардың ең бақыттысы- Әдемі деп ойлаймын. Себебі оның көптеген жанашыр достары, анасы бар және де еркін жүруге мүмкіндігі бар. Ал сонда жағдайы жоқ мүгедектердің жайы не болмақ? Бұл сұраққа теледидардан көрсетіліп жүрген «Жан жылуы» бағдарламасының жауаптары өте-өте көп. Біздің ел ұйымшыл, жанашыр, ақ көңілміз десе де оны іспен көрсете алмай жүр. Сондықтан мүгедектер үйіне біздің елдің жанашыр халқы көмектерін беріп, балалардың көңілдерін көтеріп тұрса деймін.

ЫНТАЛАНДЫРУ - 5-8 СЫНЫПТАР (Шығармалардан үзінді)

Аймұратова Мадина

12 жас, 6б сынып,
БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы,
ЖББ Қ.Мырзалиев атындағы мектеп

Менің ерекше құрбым

Достық - өмір үшін ең қажетті нәрсе, доссыз өмірдің мәні

болмайды. «Досы жоқ адам-тұзы жоқ тағам» деген мақал бекер айтылмаған. Достық екі адамның бір-біріне деген адалдығы, жанашырлығы, татулығы. Достар бір-біріне қамқор болып, тек қана жақсылық жасауға тырысады. Кейде болмашы нәрсеге бола ұнжырғамыз түсіп, өмірге ренжіп жатамыз. Алайда осы өмірге он екі мүшең түгел болып келудің өзі бақыт екенін мүмкіндігі шектеулі жандарды көргенде барып түсінеміз. Мейірімділік өзгелерге қамқор болу дегенді білдіреді.

Менің ерекше досымның бірі ол Арман. Досым ақкөңіл, қашанда ақжарқын, өмірге өте құштар жақсы бала. Тек әттеген-ай, дене бітімінің аздаған кемістігі болмаса, бәріде керемет. Мүмкіндігінің шектеулігіне қарамастан, бізбен бірдей жүріп, түрлі қоғамдық шараларға, спорттық жарыстарға белсене атсалысып, ата-анасының еңбегін ақтауға тырысып жүр. Сабақ үлгерімі де өте жақсы, әзілді де жақсы көреді. Сол әзілқойлығымен бізді үнемі күлдіріп жүреді. Досым әзіл жағынан мектеп аралық КВН-ға қатысып бас жүлдені иеленді, ол аз десеңіз дойбы, шахмат үйірмелеріне қатысып облыстық, аудан аралық жүлделерге ие болып, сыныбымыздың мақтанышына айналды. Республикалық «Жұлдыз-ай» балалар шығармашылық тапқырлығымен, шешендігімен танылып «Шешен жігіт» номинациясы бойынша марапатталды. Алғашқы республикалық «Бәріміз бірдейміз - кемсітуді білмейміз» жобасына қатынасып жеңіске деген жігер танытты.

Анатолий Райымбек Қайратұлы

14 жас, 8 сынып,
БКО, Сырым ауданы,
Жалпы білім беретін Бұлдырты орта мектебі

Менің ерекше құрбым

Сатыбалды екеуіміздің таныстығымыз мектеп табалдырығын аттамай тұрып басталды. Әр жұманың бір күндері әлеуметтік қызметкерлер мүмкіндігі шектеулі балаларды жинағанда, менде бірге барып ойнап жүретінмін. Содан бір күні апай Бұлдырты ауылдық кітапханасына бізді апарып, кітаптармен таныстырып, содан кейін «Балалар шаһарына» алып кіргізді, сонда үстел үстінде құрулы тұрған шахмат тұр екен. Негізінен Сатыбалды шахмат ойнауды жақсы көретін, сол кезде менде шахмат ойнауды білетінмін. Содан кейін екеуіміз шахмат ойнап, бір-бірімізді танып, әлі күнге

дейін араласып келеміз. Сатыбалды біздің мектептен кеткенге дейін кітапханаға барып шахмат ойнайық деп әзілдеп айтатын. Өзім ойлаймын, Сатыбалды екеуімізді достастырған - шахмат.

2005 жылы мектеп табалдырығын аттап даярлық топқа бардым, одан 1-ші сыныпты, 2-ші сыныпты бітіріп, 3-ші сыныпқа аяқ басқанда Сатыбалды біздің сыныпқа келді. Сатыбалды ең алғаш келгенде көп ешкіммен араласпайтын, тұйық көп сөйлемейтін болды. Бұрыннан мені танитын, менімен көбіне ішіндегісін маған ақтарып, сұрақтарын қарша борататын. Соңынан бір-екі жыл өткеннен кейін ашылып, «жуастан жуан шығады» демекші, сыныптағы балалармен ойнап әңгімелесетін болды. Мен, сонда сыныптағы балалар Сатыбалдыны мүгедек деп бөлмей, бірге араласқанға өте қуандым.

Қазекенова Жансая

12 жаста, 7 сынып

БҚО Бөрлі ауданы, Аралтал ауылы

Жалпы білім беретін мектеп

Менің ерекше құрбым

Менің Аружан есімді құрбым бар. Өзі бауырмал, қос бұрымды, сондай сүйкімді –ақ қыз. Бірақ, тағдыр құрбыма мынау жарық дүниені көруді жазбай қойған. Ол үш жасынан бастап көзі көрмейтін болып қалған.

Онымен ең алғаш танысқаным әлі көз алдымда. «Сәлем, мен Жансаямын» дегенде дауысы дірілдеп «Аружан» деген үні құлағымнан кетпейді.

Аружан екеуіміз сол күннен бастап жақын достар болып кеттік. Оны ата-анасы емдетуге бар мүмкіндіктерін салуда. Ол мектепке бара алмайды. Үйінде арнайы құрал-жабдықтармен оқып үйренеді. Мен Аружанға қолым қалт етсе барып тұруға уәде еткенмін. Сол уәдемді орындауға тырысып бағамын. Ол көп нәрсені керек етеді. Мысалы, біріншіден адал достықты, өзіне көп көңіл бөліп, әңгімелескенді, бірге таза ауада жүргенді жақсы көреді. Мен Аружанға барған сайын, оның жанын түсінгендей болам. Оған құрбыларым туралы, мектептегі қызықты жайлар туралы әңгімелеп айтып отырам.

Аружан менің келген дауысымды естісе жылап жіберетін. Әрине, қуанғаннан шығар деп ойлаймын. Мен оған қалай қиын екенін түсінемін. Оған көмектескім келіп тұрады. Арамызда нағыз

шынайы достық бар. Өз сіңлімдей көріп шашын тарап, киімдерін киіндіріп, көмектесіп отырамын. Бұның әрине, еш қиындығы жоқ, керісінше достық парыз деп түсінемін. Арамыздағы кейбір құрбы қыздардың оның сыртынан түрлі сөздер айтып жүретінін естимін. Оларға Аружанның жан дүниесін түсініңдер, кемсітпей, қайта оны түсініңдер деп айтқым келеді. Мәдениет үйіндегі болып жататын түрлі шараларға, концерттерге апарып, оның көңілін көтеруге тырысамын. Аружан мені басынан «апатай» деп атап кетті. Аружанның өмірге деген құштарлығы, жарықты көрсем, түстерді ажыратсам деген сезімі өте керемет. Ол қолымен сипап, ермексаздан әртүрлі ойыншықтар, гүлдер жасайды. Өлеңдер, өтірік өлеңдер құрастырғанды ұнатады. Ол көптеген қиындықтарды көріп келеді, ендігі жерде оларды жеңгісі келеді. Қайсар мінезімен алдына мақсат қойып: «Мен қалай да көрем! Бәрі керемет болады, мектепке барам, арнайы білім алам» деп армандайды. Мен де оған: «Ешқашанда мойыма, басыңды тік ұста» деп қанаттандырып отырамын.

Қадырбеков Нұрбек

12 жас, 7 сынып,
БҚО Теректі ауданы,
Алтынсарин атындағы ЖОББМ

Өмір-күрес. Өмірдің ағымына ілесіп, асау толқындарына бой бермей, өмірге деген құштарлықпен күн кешіп жүрген құрбы-құрдастарымды көргенде ерекше күй кешемін. Сондай қайсар, шыдамды, қиындыққа мойымайтын ерекше құрбыларымның бірі- Бақытжанова Аяжан. Жастайынан қабілеті шектеулі болса да мен оның бір сәт болса да мұңайып жүргенін көрген емеспін. Иә, ол мектеп партасында отырып өзінің тең құрбыларымен білім алған жоқ, өз қатарластарымен сыр шертісіп, көңіл сырын да ақтара алған жоқ. Бойы да, ойы да бес жасар сәбидей көрінетін Аяжанның өмірге деген көзқарасы әлдеқайда биік. Сонымен қатар оның жүрегі кең, пейлі таза.

Магилан Наргиза

6 сынып, 11 жас,
Алматы обл., Қарасай ауд., Абай ауылы

Менің ерекше құрбым

Қожалы менің ерекше досым. Әңгіменің қалай болғанын басынан аяғына дейін айтып берейін.

Қожалы осы ауылда тұрмысы нашар отбасында дүниеге келді. Әкесі мен шешесі І - топтағы мүгедектер еді. Екеуінің де ақыл-есі сәл кемістеу болатын. Әкесі ай сайын зейнетақысын алған күні ішімдікпен дос болып қалатын. Бір-екі күн үйге келмей қалатын уақыттары да болатын. Қожалы басқа балалар секілді мектептің бірінші сыныбына қабылданып әріп жазып, оқу оқып жүрген кезі еді. Кенет әкесінің қайтыс болғанын естиді. Балалық қой, жылап еңіреген жоқ. Ойын баласы көшеде достарымен ойнады. Үлкендер оны ертіп бейіт басына әкесін жерлеуге апарады. Ел қатарлы барып қайтып келеді. Әкесінің жетісін берген күні туыстарының бәрі кетіп, анасы екеуі қалады.

Уақыт зымырап өтті. Жыл артынан жыл қуалап Қожалы есейіп, бесінші сыныпты бітірген жазда болмайтын бір нәрсе үшін, көшедегі балалармен төбелесіп қалады. Сол бір топ баланың ішінен ең бұзығы Арман оның әкесінің жоқтығын айтып, ең жаманы баланың кемістігін айтады. Қожалы туылғаннан кемтар болып, жүргенде сол аяғын сүйреп басатын. Өзі осы жүрісін есі кіргелі бері ұят көріп, көшеге де көп шықпайтын. Ал, енді міне бұзықтар ашылмай тұрған жараның ауызын ашты. Біз қыздар алысырақ ойнап жатқан едік. Қатты төбелесті көріп, біз де жүгіріп жетіп келдік. Араға қыздар, ұлдар түсіп әйтеуір екеуін тоқтаттық. Мән жайдың ақ-қарасын білу үшін Қожалыдан сұрастырдық. Ол қырсығып, айтпай көзіне жас алып, үйіне жүгіріп кетті. Басқа балалардан мән-жайды біліп, ашуыма ерік бере алмай, Арманға ұрсып жібердім:

- Сен әке-шешенің қасында, еш қиындық көрмей өмір сүріп жүрсің. Неге Қожалыға әкесінің жоқтығын айтасың? Сен айтпасаңда ол білмейді деп пе едің? Кемтар болса ол алланың салғаны ғой. Ол әдейі мүгедек болайын деп болған жоқ. Айналадағы адамдар осыншама қатыгез болып кеткен бе? Неге өзіміздің қара басымыздан басқа еш нәрсе ойламаймыз? Ол да біз сияқты бала. Оның да ел қатарлы өмір сүргісі келеді. Бізбен оның құқығы бірдей. Ондай болмайды достар! Біз бір-бірімізге демеу болып дос болып мына бес күндік дүниеде сыйласып жүрмейміз бе? – деп ренжідім.

Мошанова Әсем

8-сынып оқушысы,
Өскемен қаласындағы
№16 орта мектеп

Менің ерекше құрбым

Айналамызға зер салсақ бізді қоршаған ортада апат салдарынан, оқыс оқиғалар мен туа біткен аурулардан зардап шеккен жан-дар қаншама. Жас болсын, кәрі болсын осы ауруларды бойына қондырып алған пенделер біздің қоғамымызда бар. Солардың бірі менің құрбым - Камила. Біз екеуміз тоғыз жасымыздан бастап доспыз. Камила он екі жасында жол апатына түсті. Содан бері оның аяғы жүруін тоқтатып, көк арбаға таңылып қалды. Ол ақкөңіл, адал, ақылды, адамгершілігі мол болғанына қарамастан, кейде оңаша әңгімелесіп отырғанда дәрі - дәрмектерден шаршап, қажып кеткенін айтып, алдына ыстық көз жасын тамызып та алады. Міне, содан бері қанша жылдар өтсе де оның ауруына ем табылмай келеді. Баласының жазылуы үшін барлық емханалардың табалдырығын тоздырып, сенімін ақтай алмағанына күйінеді. Бірақ мен оның бұл кемшілігін өзіне көп сездірткім келмейді. Оған жұбату сөздер айтып оның көңілін бір көтеремін деп жүрген Дариға шешейге тіпті жанымыз ашиды. Екі жыл бойы жалғыз қарлығашының дертімен арпалысып келе жатқан ата – анасының қайсарлығына да таң қаламыз.

Нұржанова Жанеля

6 «ә» сынып оқушысы
Батыс Қазақстан облысы,
Ақсай қ. №1 ЖББОМ

Оның аты – Жәмилия. Мен оны жанымдағы өзге құрбыларымнан ерекше жақын тұтамын. Көз жанарының көрмеуіне қарамастан өмірге деген құштарлығы жоғары. Әркез көңілді, бал жүзінен күлкі кетпейді. Жүрегімен салған әнін шырқаған сәтте кең тынысты дауысына таң қаласың. Әнге деген сүйіспеншілігі шексіз. Мұңайған сәтінде «болашағымнан зор үміт күтемін, ертең-ақ басқа адамдар сияқты мен де жарық дүниені емін-еркін көретін боламын, көз жанарым қалпына келетініне сенемін» деп өзін жұбатады. Сол сәтте өзімнің кей сәттегі болмашы нәрсеге өкпелеп, қиналатын кездерім

есіме түсіп, ұяламын. Өмірге деген құштарлығы зор құрбымның ерекшелігіне таң қалып, «осындай құрбым бар мен қандай бақыттымын» деп айналамдағы адамдарға жар салғым келеді. Ата-анасының, ұстаздарының, достарының, жақын адамдарының кейбір сөздерін көтере алмай, өмірден түңіле салатын замандастарыма өмірлік түсінігі айрықша құрбымды үлгі еткім келеді.

Арманы мен мақсатын жүзеге асырудағы мүмкіндігінің шектеулігіне қарамастан алдағы өмірінен тек жақсылық күтетін, жабырқау жанының жарасын «үміт» атты сиқырымен өзі емдеп жазатын Жәмилияның бұл ісін үлкен ерлік деп білемін.

Таубаева Көңілжай

13 жас, 8 сынып. Ақтөбе обл.

Байғанин ауданы

Жарқамыс орта мектебі

Оның әрбір әңгімесі-тұнған хикая. Оны үнемі тыңдап, сырымды бөлісіп, ісім- мен көрсете алмасам да, сөзіммен демеу болып отырамын. Ол өз армандарымыз орта жолда қалып қойғанына налыды. Өйткені ол журналист болғысы келетін.

Ендігі өмірде жаны жомарт жандар мен білікті мамандар кезігіп Әсемді толықемдеп жазса. Біздің қолымыздан келетіні әрине- тек бір Аллаға сыйынып, жақсылық күту ғана.

Төлеубаева Салтанат

13 жас, 7- сынып ,

№ 2 негізгі мектеп.

Ақмола облысы, Ерейментау ауданы

Еліміздегі ең бір күрделі мәселелердің бірі - жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың тағдыры. Әрбір сәби бақытты, денесі сау, анасының мейірімді алақаны мен асқар таудай қорғаны екенін сезініп өссе, ол бойына барлық асыл қасиетті жинаған парасатты азамат болып өседі.

Менің айтайын дегенім өзім оқитын мектебімде тәлім-тәрбие алып, биыл қолына аттестат алған Ботбаев Сағымбайдың тағдыры. Осындай балғын балалық шақта, кенеттен 4 - сынып оқып жүргенде

аяғының қатты ауыратынын сезген 9 жасар Сағымбай анасына қатты қиналатынын айтқан болатын. Содан бері бірнеше жыл өтіп, тағдыр оны қара арбаға таңған болатын. Мектептің мұғалімдері Сағымбайға үйде сабақ бере бастады. Анасы оны бірнеше жерге апарып емдеткенмен, еш нәтиже шықпаған соң өмірдің тағдырына көнді. Анасы Гүлбаршын апай: «Сағымбай кішкентай кезінде ерке де болған жоқ, сурет салып, ән айтуды жақсы көретін. Балаларға көмектескісі келіп, далада доп қуалап жүрген балаларға қызыға да, қызғана да қарайтын. Әттең не керек, тағдыр тауқыметін көп көрсек те, өз аяғымен жүре алмаса да осыған шүкіршілік етіп отырмын. Қазір есейді, биыл 11 - сыныпты аяқтады. Жұмыс істеп жүр. Газет ұжымдарына айтатын аналық алғысым шексіз» дейді қуаныш пен аяныштың жасын сүртіп жатып.

9-10 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕЛІ ШЫҒАРМАЛАРЫ

I орын

Исатаева Ләззат

15 жаста, 10 сынып,
Алматы облысы, Талдықорған қ.
Көктал шағын ауданы.
Есжан Берліқожаұлы атындағы
№11 орта мектеп

Менің ерекше құрбым

Тылсым тыныштық... Айнала күңгірт жамылған. Каринаның қос жанары төбеге қадалған. Міне, тағы да бір жабырқау өмірінің таңы қылаң берді. Ауызғы үйдің есігі ашылып, апасының баяу қимылдап, төсектен тұрып бара жатқан күнделікті қимылы естілді. Одан әрі, отбасы мүшелерінің кезекпен-кезек күнделікті тыныс-тіршілігі басталып та кетті. Бірі тұрып, таңғы ас жабдығына кіріссе, өзгелерінің дауыстары жуынатын бөлмеден шығып жатты. Осындай қарбалас, күйбең тіршілік Каринаның көз алдында өтіп жатыр. Бұл оның он

жетінші көктемі еді... Осы уақыт аралығындағы тыныс - тіршілігі, өмірі, осы аядай бөлмедегі төсекте өтіп келеді. Оның әрбір күні жаттанды сарында өтуде.

Әттең дүние- ай, недеген қатал едің! Жас қыздың көз жанары күні бойы терезеге телмірумен өтеді. Онда да бір сарынды бояудағы сурет. Міне, сол көше, сол үйлер, тек оқта- текте әрі - бері сабылған жаяу жүргіншілер ғана оның көңілін аулай алады. Соңғы кездері Карина өзіне бір ермек тауып алды. Сол өтіп жатқан адамдарға қарап, оның қандай кәсіп иесі екендігін, мүмкіндігінше қайда бара жатқандығын, ой елегінен өткізіп, сипаттама беруді әдетке айналдырды. Тіпті кейде, іштей түйсігі мен санасы арпалысатынды шығарды. Ішіне екі жан кіріп алғандай. Оларға «ақ жаным» және «қара жаным» деген аттарды қойып та алған. Кейде оңашада басына түскен тауқыметіне налып, ботадай мөлдіреген, тұңғыыққа толы көздеріндегі ашшы жасына, ерік береді. Тумысынан сұлу жаратылған келбетіне, қолаң шашы көрік беріп тұрады. Аққудың көгілдіріндей жаратылған бейнесі, сәл жабырқау кезінде мұңайып тұрған аққайыңды елестетеді. Кей сәттерде босаңсыған, жабырқау көңілін білдірмеуге тырысады, өйткені аяулы әжесін аяйды, сондықтан өзін бір сәтке тоқтатады. Өйткені көз алдында, көкірегі қарс айрылған кейуана, күйбеңдеп, бәйек болып, әрқашан жанынан табылады. Жатса- тұрса дұғасында немересінің сауығып кетуін мың мәрте алласынан сұрайды.

Кенеттен есік сықыр етіп ашылып, анасы күлімсіреп келе жаты. Күнделікті қызының тіршілік күйбеңін атқарып: «Жарығым, күнің жақсы өтсін!», - деп, маңдайынан бір иіскеп, көзіндегі тұнып тұрған жасын іркіп, шығып кетті. Анасының артынан көз салған Карина қасірет пен қайғыдан қиналып бара жатқан анасын аяп, іштей тағдырына налыды. Ол тағы да терезеге телміріп, өзінің мұңдас досы – терең ойға шомып кетті. Сол сәтте түнде көрген түсі есіне түсіп кетті, сол бұрынғыша көк аспан жүзінде қалықтап ұшып жүр екен. Айнала жым – жырт ... Қалықтаған бұлттарды құшағына алып, ұшып келеді. Кең дүние әлемі оған есігін айқара ашқандай. Алыстан мұнартақан кәрі таулар, жапсарлай жатқан тау сілемдері, ну орман да, мүлгіген тыныштықта жатқандай. Сылдырап аққан Лабасы тауының мөлдір бұлақтары, сылқ – сылқ күліп ағып жатыр. Жап – жасыл жер беті кілемдей құлпырады. Міне, қызыл – жасыл көбелектер бір – бірін қуалай гүлдерге қонып, мені көрдің бе дегендей күн нұрына шомылуда. Бал жинаған аралар да күнделікті қарбалас тіршілігіне кіріскен. Әр талдың бұтағында сайраған құстар, ескен қоңыр салқын самал жел бетін сыйпай өтті. Жәндік атаулы да өз тіршілік қамына кіріскен. Осылардың барлығы тылсым табиғат келбетін суреттейді. Қанатын кең құлаштап, еркін тыныс алып, өзін

бостандықта, еркіндікте, жеңіл, әрі бақытты сезінгендей болды. Селт етіп оянған сәтінде, өзінің құс болып жаралмағанына өкінгендей болды. Жаңа ғана көрген ғажайып түсі көз алдында ғайып болды. Әйтсе де Карина өзінің тіршілік иесі екендігін естен шығармайды. Себебі оның бойында құстар сезбейтін: бауырмалдық, адамгершілік, жақынына деген сүйіспеншілік, осынау тылсым дүниенің тынысын ұғу, имандылық - осының барлығы тек тіршілік иесі адамзатқа ғана тиесілі екендігін, жанына медеу қылады. «Апырай, түсімде осылайша неге жиі көк жүзінде ұшып жүреді екенмін», - деген ой оны тағы да мазалады.

Каринаның тағдыры қаншалықты қатал болғанымен, өмірге деген құштарлығы ұшқыр, арманы асқақ. Осы құштарлық оны биікке жетелейді. Ол өмірді қатты сүйеді. Әрбір сәті ешбір қозғалыссыз өтіп жатқанымен, ол үшін күнделікті айналасында болып жатқан жағдайлар, оқиғалар, жаңалықтар оның өмірге деген құштарлығын оятуға аз да болсын өз септігін тигізеді. Тіпті отбасы кей кезде онымен санасып, күнделікті күйбең тіршіліктің шешімдерімен бөліседі. Мана анасы үлкен әпкесінің жақында университетте жауапты сынағы өтетінін, оған күн демей, түн демей дайындалып жатқанын, ендігі қалай тапсыратындығын айтып кетті. Карина болса, анасын жұбатуға тырысып: «Апатай, әпкем жақсы дайындалып жүр, кейбір сұрақтарын мен тексеріп, көмектескенмін», - деді. Оған анасы ризашылығын білдіріп, көзінің айналасындағы әжімдері жайылып, жүзіне мейірім үйірілді. Жас қыздың көңіліне медеу ұялататын тағы бір жай, оған келетін ұстаздары. Оларды кесте бойынша асыға күтіп отырады. Апайларының берген білімдерін мұқият тыңдап, әрқашан тиянақты жауап беріп, көп және тереңірек білуге талпынады. Тіпті кей кездері саясатқа да көңіл бөліп, өмірде болып жатқан өзгерістерге де тоқталып, өзінің өмірден қалыспай келе жатқанын танытады. Кейде сөздерінің толық және анық дыбысталмағанына қарамастан, қоғамның тыныс – тіршілігі, еліміздің жеткен жетістіктерін де қызу талқылап, өз ойын еркін әрі ашық жеткізе алуға тырысады.

«Есейген сайын адамның білуге құштарлығы артып, таным көкжиегі кеңейе түседі. Көкірегін кернеген асыл армандарын іске асыру үшін адам үнемі ізденіс үстінде болады», - деп Мұқағали Мақатаев айтқандай Каринаның да асқақ арманы бар. Ең алдымен аяғы жүріп, қолы дұрыс қимылға келіп, сөзі түзеліп, ел қатарына қосылу. Ол үшін табандылық, қажыр – қайрат пен қайсарлық қажет. Әрине, ол өз күш – қуатына сенімді адамның, қолынан барлығы келетініне сенеді. Кейде оның сана – сезімі арпалысып, қандай шешім қабылдарын білмей адасқандай болады. Сондай сәттерде өзінің жақындарының ақыл – кеңесін тыңдайды, бірақ кей кезде ішкі түйсігі басқаны қалап тұрғандай болады. Осы кездерде оның

мұнайған аққұба жүзінде мыңдаған сұрақтар тұрады. Кейде ол: «Шірікін, шынайы бақытты адам деп, кімді айтуға болады? Дені сау адам ба, жаны сау адам ба, әлде жер бетін өз аяғымен басып жүргендер ме?», - деп те ойлайды. Кеудесіндегі жұдырықтай жүрегі осыған тынбай жауап іздейді. Осындайда ойы табиғат көрінісіне жиі ауып кетеді, оның себебі көркем әдебиетті жанындай сүйіп оқитындығында: жаңбырдан соңғы Көкталдың жусан иісі, жүректей болып желбіреген қызғалдақтары, алыстан мұнартқан Лабасы тауы, оған жыландай өрмелеген жалғызаяқ жолы, шыныдай мөлдір ауасы көз алдынан тізбектей өтіп жатады. Осы кезде әдемі ойын бөлген, жұмыстан оралған әкесінің дауысы еді. Карина ой жетегінде отырып, кештің қалай батып кеткенін де байқамай қалыпты. Ауызғы үйден әкесінің: «Каришогымның күні қалай өтті екен?», - деген дауысы елең еткізді. Сол сәтте- ақ, Каринаның жүзінде әкесіне деген ыстық ықыласы жүзіне қуаныш ұялатты. Әкесі Каринаның бөлмесіне кіріп, жанына отырды. Қызының жағдайын сұрап, оны қуанту үшін, алған сыйлығы – кітапты, ақырын ғана шығарып, қолына ұстатты. Карина әкесіне шексіз ризашылығын білдірді.

- Каришок, бұл кітапты да өз кітапханаңа қабылда, қаланы арнайы аралап, жүріп таптым,- деді әкесі.

- Әрине, әкешім, бұл кітап та, менің кітапханамның төрінен өз орнын алады, - деді Карина.

«Жақсы, жарығым», - деп күлімсіреген әкесі ақырын орнынан тұрып, ауызғы үйге беттеді. Сол арада үлкен қызығушылықпен Карина Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармаларына» көз жүгіртті. Тағы да терең, тұңғиық әлемге бойлап, бар тауқыметін, қасіретін ұмытып, бүкіл сана – сезімі кітап мазмұнына шомылды. Ол тағы да көңілінің осы әлемде жалғыз екендігін ұмытып, шаршаған көңіліне медеу тапқандай, жаны рахаттанып, әр сөзді мұқият оқи бастады. Басын сәл көтеріп, мұңдас досы - терезеге қарады. Үйлердің шамдары жанып, қарбалас өмірге араласқан пенделерді көріп, тағы да бір күнінің өткенін, ол іштей өмірдің осылайша тоқтаусыз өте беретін үлкен керуен екенін пайымдады.

Әрине, ол өмір жайында ойланбайтын, толғанбайтын пенденің жоқ екендігін, әркімнің өмірді өзінше бағалайтындығын сезінеді. Әйтседе Каринаның өмірге деген көзқарасы өзгеше, сау адамның өмірі күрес пен тартысқа толы болса, оның өмірі өз шеңберіндегі тартысқа толы. Себебі өмір қызық пен рахатқа, қуаныш пен қайғыға, азап пен қасіретке толы – үлкен мектеп. Одан алар тәлім – тәрбие бастауы: отбасы, жақындарың, қоршаған орта. Соңғы кезде ұғынғаны, өмір ешкімге де аяушылық танытпайды, себебі кез – келген тосын сыйларға толы болады. Осындайда Каринаның көңіліне медеу болатын жай, оны қоршаған жанашыр жақындары. Кейде «Жан жы-

луы» бағдарламасынан өзі сияқты дертке шалдыққан балалардың, ата – ана мейірімінен тысқары қалғанын көріп, жаны түршігеді. Осынау жарық дүние есігін жарымжан болып ашып, одан да сорақысы, сол әлемде жалғыз қалуы, неткен қасірет десеңші!

Карина ой жетегінде, түпсіз тұңғыық теңіздің ескегін баяу тербетіп, тыныштық әлеміне қалқып бара жатты. Міне, ол бұлтқа айналып тау сілемін бауырлай ұшып келеді. Аспан әлемінде сан мың жұлдыздар, жарқыраған ай сәулесі оған тұңғыық әлеміне жол сілтегендей. Құсжолы арқандай болып, Жетісу көгіне жайғасқан, қаратұңғыық мұнартып, оны әлдилейді. Терең ұйқыға кеткен Каринаның көрпесін қымтаған әжесі шамды сөндіріп, ақырын шығып кетті. Тылсым дүниеге бойлаған Карина, еш алаңсыз бейқам ұйқыға кетті. Оны қызық пен қиыншылыққа толы өмірі алда күтіп тұр...

II орын

Ғылымханов Мәрлен

15 жас, 10 сынып,
БҚО. Жаңақала ауданы,
№2 Жаңақала ЖББОМ

Менің ерекше құрбым

Бұл өмірде тағдырдың тәлкегіне ұшырап, айықпас дертке шалдыққан жандар көп-ақ. Әр пенде маңдайына не жазылады, соны көреді ғой. Кей пенде туғанынан кеміс боп тууы мүмкін. «Қате аяқ астында» демекші, кейбір жандар жол апатынан зардап шегіп, өкініш өртіне оранып жатады. Алайда, өкінгеннен не пайда? Болары болып, бояуы сіңгеннен кейін қолдан келер шара бар ма? Әттең деп, тізеңді соғып қала бересің. Мұқағали ағамыз айтқандай,

«Қайтер едің өмірге келмегенде,

Көнесің де...

Қайтесің көнбегенде?

Көресің де...

Қайтесің көрмегенде?

Көлден тамшы бұйырмас шөлдегенде.»

Құдайға жаныңның аман қалғанына алғыс айтып, өз халіңнің ауыр екендігін түсініп, көз жасты сығып отырғанда, жаныңда жа-

нашыр досың болғаны қандай жақсы. Біздің айналамызда сол жағдайларға тап болған пенделер аз емес. Ал оларға көмек қолын созып, жылағанда жұбаныш болар достары саусақпен санарлық десем, артық айтпасам, кем айтқаным болмас. Кейбіреулер сондай жандарды өзінен төмен санайды. Қазіргі таңда сол ойдың жетегінде жүрген адамдар күн санап көбеюде. Ол жандардың көретін көзі, еститін құлағы болмаса да, сезетін жүрегі бар. Ал оларды жер бетінде ауру- сырқаусыз жүрмін деп өзінен төмен санау ақыл - ойдың таяздығы. Тәні сұлу емес деп, жан сұлулығын ұғынуға тырыспайтын пенделердің көп екендігіне таңым бар.

Өз басым сол жандарға жаным ашып та, басына түскен қайғы - қасіретті көтеріп жүрген төзімділігіне де қызыға қараймын. Бірге отырып сыр шерткенде көзіңе қат-қат болған жастың қалай кеп тығылғанын байқамай да қаласың. Менің өмірімде өз басымда белгілі бір дерті бар адамның кездескені аз болғанмен, көрісіп әңгіме - дүкен құрған кездерім көп болды. Ылғи да мен олармен жақынырақ болсам деген ойда болам. Құрбы- құрдастарым көп-ау. Бірақ, шерменге батып, мұң шағып, бірге жылайтын құрбым некен - саяқ... Кей-кездерде көз жасты жасырып қалуға болатын сәттер болады. Алайда, қарсы алдыңда бар сырын ағытып, бар қайғысын төгіп отырған аяқ - қолы кем жанды көргенде жанардағы жасты жасырып қалу мүмкін емес. Осы тақырып төңірегінде ой толғағанда, бала күнімдегі бір оқиға есімнен кетпей қойды. Кішірек күнімде Мержан есімді көрші баламен бірге ойнайтынмын. Тіпті, ол менің қасыма қонып та қалатын, бір үйдің баласындай едік. Құрбымның түнде ауырып қалатынын анама оның әжесі айтып кететінін кейін білдім ғой. Мен мектепке баратын жылы ол денсаулығында ақауы болғандықтан мектеп табалдырығын да аттай алмапты. Қандай қиын десеңізші! Өзі құралпы құрбыларымен бірге бір партада отыра алмау, тақтаға шығып сабақ айтып, бормен шимайлап жаза алмау... тағысын тағы мектеп қабырғасындағы қызықтарды көре алмады-ау деп ойласам, осы күні өзегім өртенеді. Біз қыздардың бұрымын тартып ойнап жүргенде ол біздің сыртымыздан тамсанып қарап тұрады екен ғой, өйткені оның үйі мектептің дәл қасында. Ол дүние есігін ашқаннан бір аяқ, бір қолы жұмыс жасамай қалған екен. Тіпті анық сөйлей де алмайды. «Бала кезінен мүгедек» деп жазылған қағазды көргеннен кейін ғана оның жағдайын түсіндім. Сырттай қарағанда оны дені сау адамға ұқсатасың. Бір жанымға бататыны қыздардың оны менсінбейтіні еді... Ол мұндай тағдырды сұрап алған жоқ қой, алланың жазғаны сол болар. Әттең! Қолымнан келсе, сондай бір құдіретке ие болсам, оны емдеп алар едім. Әттең, қолымнан ештеңе келмейтіні жанымға мұң ұялатады. Неге ғана солай болды екен деп іштей налысың. Мен оған әрқашан көмек қолын созыдым. Ол мектеп-

ке бармаса да, мұғалімдер оны үйден оқытатын. Оның арманы көп еді, маған әңгімелеп айтып отыратын...

Қол- аяғы кем болғанмен, ол да Алланың сыйлаған сыйы- өмірдің ауыры мен жеңілін дәл аяқ- қолы сау адамдардай көріп келеді. Қолынан келгенінше үй шаруасына көмектеседі. Мен сол жанды ерекше құрбым деп білем...

Сол құрбымды түсінетін жандар жоқтың қасы. Әркім өз қара басының пайдасы үшін жүргендей. Біздің заман-өзгеге мойын бұрмай асқақтап, көкірек қаққан заман ғой. Сол заманды жасап жүрген өзіміз. Заман адамды өзгертті дегеннен гөрі, адам заманды өзгертті деген дұрыс-ақ. Менің құрбым сияқты тағдыр тәлкегіне ұшырап жүрген жандар қаншама!

Таудан биік секілденіп талғамың,
Ардан биік секілденіп арманың.
Пенделікпен ұмытасың тәубеңді,
Сынағына шыдай алмай Алланың.

Адам баласына ең алдымен қанағат керек,- деп талай данамыз да айтып кеткен. Алайда, барына қанағат айтып жүрген жандар көп емес. Алланың берген сыйына шыдау үшін адамға үлкен төзім керек-ау деп ойлаймын.

Ай мен күнге өптіргің кеп шекеңді,
Көрмедім деп өкпелейсің шетелді.
Тәубеңе кел, шетел түгіл зағиптар,
Көре алмайды өзі туған мекенді.

Иә, өзінің туған жерінің қара топырағын көре алмай жүргендер барын естігенде, етегің жасқа толмағанда қайтсін. «Қайтер едік өмірге келмегенде...» деп зағип жандардан құралған «Сәт» триосы ән салғанда жүрегің езіледі.

Қошеметті көрмесеңіз несі бар,
Бар жағдайды ақиқатпен шешіп ал.
Жылы сөзді естімеген кезіңде,
Керең болып туғандарды есіңе ал.

Иә, ондай жандар жанары жаутаңдап сенен көзін алмайтынын қайтерсің? «Айналайын» деген жылы сөзді күніне бірнеше мәрте естіп жатамыз, алғысқа бөленіп, мақтау сөздердің куәсі де боламыз. Естімейтін адамдарға кейбіреулер назар да салмайды ғой. Осындай жайларды көріп жүргенде не істеріңді де білмейді екенсің.

Тәубеңе кел пенде болсаң есі бар,
Сабырсыздар қадірсіз боп тосылар.
Дүниеге қолың жетпей қалғанда,
Қос қолы жоқ пенделерді есіңе ал.

Олар дүние түгілі өз тағамын да сүйсіне жей алмайды емес пе? Қазіргі кезде болған үстіне бола берсін дейтін қанағатсыз адамдар

бір нәрсеге ақшасы жетпей қалса, жақын адамынан айырылғандай күйзеліп кетеді. Анау тұрған зәулім үйдің кілтін ұстай алмадым деп сан соғатындар бар. Бұл бекершілік.

Бақыт мәңгі тұрсын десең басыңда,
Қанағат қыл, ашуланба, тасынба.
Көлігім жоқ деп ренжуің бекерлік,
Аяғы жоқ адамдардың қасында.

Олар көлік мінген құрбыларына қызыға да, қызғана қарайтыны айтпаса да түсінікті. Айналаға көз салар болсақ, көретініміз бір-бір шетел көлігін мініп алған жандар. Солар көлігі бұзылып қалған жағдайда таяқ тастам жерге баруға ерініп, өзін бір жолы болмағыш адамдай сезінеді. Қанша жан сол көлікке мінбедім деп күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Менің құрбымның да арманының бірі - көлік жүргізу. Мүмкін болса өзім-ақ көмектесер едім, әттең қолымнан келмейтіні өзегімді өртейді. Кей сәттерде туған жердің топырағын өз аяғыңмен басқанға не жетеді деп бәріне шүкіршілік етемін.

Топ алдында төрге озғың кеп төтеден,
Тым болмаса айтпадым деп екі өлең.
Ақын болып тумадым деп налысың,
Мылқау болып туғаныңда нетер ең?!

Осындайда әжемнің «екі көзім жайнап, тілім сайрап отырмын» деген сөзін еріксіз еске аламын. Өйткені ол кезде төсек тартып жатқан әжем аурудың қадірін түсініп айтқан екен ғой.

Жігіт үшін ұнатқан қызбен кездесіп, тілдесу бір бақыт емес пе? Ал, мылқау боп туғандар ұнатқан қызымен кездесіп сөйлеспек түгілі, көрісіп қалғанда «сәлем» деп те айта алмай, жанарымен жәутеңдеп қарағаннан басқа не істей алады десеңші?

Құлақ түріп әркім айтқан пікірге,
Бей-берекет бой ұрасың күпірге,
Тау мен тасқа соға бермей басыңды,
Аман - есен жүргеніңе шүкір де!

Алладан аспандағы айды сұрамай, амандығыңның өзіне тәубе айт!

Әрқашан жаны жаралы жандарға көмек қолын созайық, оларды мейірім құшағына бөлейік, қамқорлығымызды аямайық дегім келеді. «Аялы алақан, «Жан жылуы», «Балаларға өмір сыйла» бағдарламалары арқылы оларға жан жылуын төгейік!

*Менің досым да, дұшпаным да –
Тауқымет: әзірге екеуміз арбасумен келеміз.*

Б. Қаби қызы

Азабын тартып тағдырдың бұлғақ- бұралаң,
Қайғының дәмін татты екен көптеу кім одан?!
Зағип жандардың мұң менен зарын бұл күнде,
Мың адам түгіл түсіне алмайды бір адам.

Тағдырлар үшін бола ма тағдыр кінәлі,
Кім білсін кімнің өмірге қалай туарын?!
Қос қолы кем боп туылған жандар білді ме,
Қасирет шегіп жанарын жаспен жуарын.

Күл болып кетіп ойлаған асқақ армандар,
Фәниде талай зарлап бір жалғыз қалған бар.
Мойымай жүрсін күн менен түнде түңілмей,
Қос аяғынан бірдей айырылып қалғандар...

Өмірдің мынау сынағы қашан өтелмек,
Жұбанып жүрміз бір күні өтер, бітер деп.
...Армандауменен жаралған адам аңсауға,
Армансыз болып өмірден мәңгі кетер ме ед?!

Тұнық сыр төгіп жалғасқан талай түндермен,
Сол жандар шерін сезініп, татып кім көрген?!
Әр түрлі болып жаралса да адам өмірде,
Көппенен бірге жүруі керек бір жолмен...

Құрбыдай санап кімге де болсын барар ем,
Осыны қалап тұр- ау бұл байтақ дала кең.
Орнаса егер пенде біткеннің теңдігі,
Сәулелерді кеп оранар еді бар әлем...

II орын

14 жас, 9 сынып, БҚО
Жәнібек ауданы,
Е. Ниетқалиев атындағы, ЖББОМ

Менің ерекше құрбым

Менің айтқалы отырған құрбым ерекше деп айтуға лайықты. Мен оны мүгедек болған соң ерекше деп тұрғам жоқ, әрине. Оның нұрлы жүзі, жайсаң мінезі, өмірге ғашық көзбен қараған қап-қара көзі өте ерекше. Онымен танысқаным көп те болған жоқ. Небәрі екі ай болды. Оның бауырмалдығы мен қайсарлығы, жалпы тамаша мінезімен өзіне тартқан соң ба, білмеймін, онымен бірден дос болып кеттік. Мәлика киіктің лағындай сүйкімді, дөңгелек көздерінен әркез от ойнап тұратын. Қуанса, әрбір кірпіктері қуаныштан дірілдейтін. Сондай-ақ бар бейнесінен шынайылық байқалатын.

Жағдай былай басталды. Біз, анам, әкем, ағам, інім бәріміз Қамысты ауылына көшіп келдік. Мен үйді реттеуге анама көмектесіп әуремін. Біраз күн абыр-сабыр болып, ақыры балалармен танысып, білісуге мүмкіндік алдым. Көптеген достар таптым. Айсұлтан, Дана, Әйгерім, Тимур, Зарина - бәрі де ақкөңіл, тамаша балалар екен. Біз бір күні серуен құрып, топтасып волейбол ойнауға кірісіп кеттік. Ойынның қызығына берілгенім соншалықты, шетте біздің ойынымызды қызыға қарап тұрған қыз баланы байқамай да қалыппын. Кенет, оны көзім шолып қалды. Біздерге үздіге қарап тұрған, отты жанары бар әдемі қыз мүгедектер арбасында отыр.

А, сондықтан екен ғой, бізге мұнша қызығушылықпен қарап тұрғаны. Жанына баруға бата алмадым. Жанына барып не айтатынымды да ойлай алмадым. Осыдан кейін, берекем қашып, ойнауға зауқым соқпады. Бірден үйге жүгірдім. Үй ауласында жүрген анама келіп әлгі қыз туралы айттым.

- Күнім – ау, сен мына көрші Балжан апайдың немересі Мәликаны айтып тұрмысың? Міне, оның үйі. Енді екеуің көрші боп, достасып кетесіңдер, - деп анам мені біраз сендірді. Мәликадай тағдырдың қатал сынына ұшыраған қызға демеу болып, дем беріп, арқа сүйер жан құрбысына айналсам, оған тигізген үлкен шарапатым осы болмай ма деп ойладым. Ертеңгісін Мәликаның үйіне бардым. Сәлем бере кіріп келдім. Үй іші жұпыныдай көрінді, әрі біраз шаң – тозаң басып қалыпты. «Е, Балжан әжей болса жас емес, оның үй шаруасымен айналысатын шамасы да жоқ шығар, ал Мәликаның түрі мы-

нау» деп іштей күрсініп қойдым. Төрде отырған ақжаулықты әжейді көрдім.

– Сәлеметсіз бе, әже! Мен жаңадан көшіп келген көршілеріңіз болам. Атым – Ақсұлу.

– Амансың ба, құлыным, төрлете ғой, - деген жанға жайлы, жүрекке жылы сөз естіген соң жүрегім бірден жібіп сала берді.

Балжан әже шеткі бұрышта ұйықтап жатқан қызды нұсқады.

Сұрамасам да, Балжан әжей өзі сөйлеп кетті.

– Басынан не сор, не қайғы арылмаған менің бейкүнә немерем ғой. Өзі – мүгедек. Оның осы халі мені қатты күйіндіреді.

– Ал оған не болды? – деп таңдана сұрадым мен.

– Қызым әкесі Мұрат пен шешесі Әсия үшеуі кездейсоқ жол апатына ұшырады. Ұлым мен келінімнен айырылып қалдым. Ал немерем болса әке – шешесіз жетім қалды. Ол аздай осы жол апаты салдарынан аяғы сал болып қалды. Мәликам ол кезде он жаста еді. Одан бері үш жыл өтті. Немеремді анда апарып, мында апарып емдеткенмен, ем болмады. Бақсы-балгерге де қараттым, шипа табылмады, қызым үшін бәрін жасадым, қайтейін енді. Енді не де болса көнуге даярмын, тек осы немеремнің бағы ашылса болғаны, - деп әжей еңкілдеп жылап қоя берді. Өзім түгіл, өзгенің әрбір күйінішіне қайғыратын мен де жасқа еріксіз ырық бердім.

Енді – енді есімізді жия бергенде, бейкүнә періштедей ұйықтап жатқан Мәлика да оянды.

Мен бірден:– Сәлем, Мәлика. Мен – Ақсұлумын. Осы ауылға жаңадан көшіп келдім. Сіздердің көршілеріңізбін, - деп өзімді таныстыра кеттім.

Бағанадан бері жүзіне қарап, өмірден түңілген, ұяң, момын қызды елестетіп отырған мен кенет ол ойымнан айни бастадым.

– Сәлем, Ақсұлу. Мен кеше сенің волейбол ойнағыныңды көріп таңдандым. Тамаша ойнайсың. Көшіп келгенің қандай жақсы болды. Өзің сұлу, әрі елгезек қыз екенсің, - деп Мәликаның жүзінен нұр ойнап шыға келді. Мен біраз әңгімелесіп отырған соң, «ертең келермін» деп, үйге қайтуға жиналдым.

Қызым, тоқта, тоқта, – деген Балжан әжейдің дауысы мені тоқтатты. Аулаға шыққан соң, маған қарай келе жатыр екен.

– Шынар, қызым. Айыпқа бұйыра көрме. Мәликаның көзінше айта алмадым. Мәлика немерем, күндіз – түні жалғыз, жанына серік құрбы іздейді. Ешкім де оны елеп, мән берген емес. Қызым, сенің жаның жұмсақ қыз екеніңді байқадым. «Не де болса, Мәликаммен дос болып, қасында жүрші» деген өтініш айтпақшы едім.

– Балжан әже, қамықпаңыз. Сіздің үлкендігіңізді сыйлап кішірейгенім емес, мен өзім шын ниетіммен Мәликамен дос

болғым келеді. Оның жанын аз да болса емдей алсам, бұл мен үшін таусылмас бір үлкен бақыт болар еді, - деп шын пейілімді білдірдім. Үйге барған соң, ойымнан Мәлика шықпады. Тағдырдың қатал сыны—ай, – дедім, өмірге ғашық көзбен қараған бір пендеңді неге мұнша тәлкекке түсірдің. Осы ойлар маған маза таптырмады. Мәликаның жастай тартқан азабы, аянышты тағдыры, жас қыздың жоғалған болашағы бәрі, бәрі мені қатты толғандырды. Келесі күні Мәликаның үйіне тағы бардым.

– Сәлем, Ақсұлу. Қалың қалай? Қош келдің? Сені көргеніме қуаныштымын. Мәлика сөзін айтып тауыса алмай жатыр. Менің келгеніме қуанышты екені ажарынан, даусынан анық білінеді.

– Жақсымын, өзің ше?

– Өте жақсы. Сені көріп көңілім көтеріліп қалды.

– Балжан әже қайда?

– Әжем дүкенге кетті, сәлден соң келеді. Әжем мәңгі жасамақшы. Түскі асқа біздің үйде қал. Әжемнің мәңгісің жесең, таңдай қақтырады. Сөйтіп, мен түскі асымды Мәликаның үйінен іштім. Сөзі шындық боп шықты. Балжан әжейдің жасаған әр асының дәмі тіл үйіреді екен. Алғысымды айтып, Мәликамен қоштасып кеттім.

Мен мүгедек болғанына налып, өмірден түңіліп, тағдырына үнемі арыз айтып, күндіз–түні көз жасы құрғамайтын адамдарды көрдім. Бірақ, мен Мәликаның көзінен қиындықпен қанша болса да арпалысуға дайын, өмірден үміт үзіп кетпеген, өмірге құштар қайсарлық сезімін байқадым. Таң ата анамнан ақша сұрап Мәликаға сыйлық алып, оның көңілін көтермекші болдым. Дүкендерді аралап бір қызғылт түсті сағат сатып алдым. Ол қуанатын болды ғой.

Түстен кейін, Мәликаның үйіне келдім.

– Ай, Ақсұлу, келгенің қандай жақсы болды. Ішім пысып, зерігіп отыр едім, – деді Мәлика.

– Мәлика қарашы! Мен саған сыйлық алдым, - деп сағатты көрсеттім.

– Мәссаған, көп – көп рахмет. Ақсұлу, әдемісін – ай деп жүрегі жарыла қуанды. Мен де қуандым. Бірақ кейін көңілі жабырқау тартып сала берді.

– Не болды? Әлде ұнамады ма, - деп қобалжи сұрадым.

– Жоқ ә, ұнағанда қандай. Бірақ маған сағаттың қажеті қанша деп ойлап отырмын. Әрбір өткен күнім ғасырдан да ұзақ боп көрінеді. Мен үшін ешқашан уақыт өтпейді. Жүре алмаған қандай зор бақытсыздық! – деп бір қатты күрсінді.

Мәликаның жүрегіне жара салдым – ау, – деп жаным қиналды.

– Кешірші, құрбым! Сені уайымға салатынын білсем сағат сатып алмас едім, – дедім.

– Жоқ ә, жай көңілім босады, сен қамықпа, сағатыңды шынымен де ұнаттым.

Мен үшін бұл сөз, менің көңілімді қалдырмау үшін айтылған сылтаудай көрінді. Кенет, Мәликаның көңілін басқаға аударғым келді.

– Мәлика, сен білесің бе? Мәлика деген есім нендей мағынаны білдіретін.

– Жоқ, әйтеуір бұл есімді әкем қойыпты.

– Мәлика – араб тілінен аударғанда «патшайым, билеуші әйел, ханшайым» деген мағына береді.

– Рас па? Сен оны қайдан білесің? Бір кітаптан оқыдым. Атың тура саған лайықты қойылған ат екен. Мәлика сәл жымыып қойды.

– Ақыры, Мәликамен біраз әңгімелесіп үйге қайттым.

– Апа, Мәликаны білесің ғой. Өте–өте–өте жақсы қыз.

– Иә, қызым. Менің пайымдауымша, Мәлика – өмірдің сынына шыдай алмайтын адамдардан мүлдем өзге, бойыңда қуаты мол ерекше қыз. Бірақ, амал нешік? Тағдырдың ісіне шара бар ма? Жазмыштан озмыш жоқ деген, – деп анам да сөзімді қостап, біраз күрсініп алды.

Осы кезден бастап Мәлика менің жақын құрбыма айналды. Мұңымыз да, сырымыз да бір, арамыздан қыл өтпейтін тату құрбы болып кеттік. Мені оның қайсарлығымен қоса ақжарқындығы, бауырмалдығы, ақкөңілдігі өте қатты қызықтырды. Оның көзіне қараған сайын жарқ етердей бір үміт сәулесін көрем. Өзгелердей емес, тым ерекше туған ба деп те ойлайтынмын. Оның оқу–білімге деген ынтасында шек жоқ. Бірақ оған мүгедектігінің кедергі болатынына қатты өкіндім. Мәлика сондай – ақ әзілқой еді. Маржандай тізілген майда тістерін жылтыратып күлгенде күлкісінен пәктік пен шынайылық байқайтынмын. Оның өмірге деген көзқарасы басқалардан бөлек, көңілінде қаншама орны өшпес ауыр дерт жатса да, оны көтеруге әркез дайын. Бірақ сіз Мәликаның жаны ауырмайтын, ешкімге сыр білдірмейтін қыз деп ойламаңыздар. Ол соңғы апта ішінде маған ішкі шерін тарқата баяндайтын. Мүгедек болғанына қапаланғанымен, сырт көзге білдіргісі келмейді екен. Оның айтқан тоқсан қайғысын мен ерінбей тыңдайтынмын. Анасын, әкесін сағынатынын айтқанда екеуіміз қосыла жылайтынбыз. Мәлика тек мұң шертумен тоқталмайтын. Екеуіміздің болашақ жайлы талай–талай арманымыз, отбасы, мамандық, өмір жайлы арманқиялдарымыз бір – бірімен ұштасып жататын. Мен өскенде әнші болғым келетінін айтатынмын. Ата – анам да маған сенен жақсы әнші шығады дейтін. Мәлика кейде маған ән айтып берші деп те қолқа салады. Әнді терең сезініп, түсініп, сүйсіне тыңдайтын.

- Шынар білесің бе, сен нағыз өнер үшін, ән үшін туылған жансың,— деп мақтағанда көңілім өсіп, бір марқайып қалатынымын. Мәлика сөз шебері болатын. Кез – келген кісінің көңілін тез таба қоятын.

Мен одан болашақ мамандығы жайлы сұрағанда, ол: «дәрігер», – деп жауап берді. Адамдарды емдеп, мен сияқты талай–талай көмекке зәру жандарға көмектесер едім деп қиялдап бастап, кейін, «мен сияқты кембағал жаннан қандай дәрігер шығады дейсің», -деп өзіне тоқтау салады. Мен сол кезде: «Жоқ, Мәлика. Олай деме». Сен - өте ақылдысың, сұлусың, өнерлісің. Алға қойған мақсатқа жету үшін талпыну қажет. Өмірде егер адам баласы қаласа, барлық нәрсеге қол жеткізу әбден мүмкін. Тек қамығып, тұнжырап, өмірден түңіле көрме. Ертең ғажап болып, армандарың орындалып жатса, маған «сен айтып едің ғой дейтін боласың» деп оны ғажайыптың болатынына сендіретінмін. Бір күні газет – журнал ақтарып отырып мынандай жарнамаға көзім түсті. «Мүгедек жандарға Германияда үлкен мүмкіндік бар». Германияда осындай сал науқастарды емдеу үшін ашылған клиника бар көрінеді. Онда білікті, тәжірибелі дәрігерлер жұмыс істейді. Тіпті «үміт жоқ» дегендер де емделіп шыққан көрінеді. Осыны оқи отырып, Балжан әже мен Мәликаның үйіне жүгірдім.

– Әже, Мәликаның аяққа тұрып кетуіне зор мүмкіндік бар көрінеді, - деп бәрін бастан аяқ баяндап бердім.

– Қой, Ақсұлжан. Біз талай жерден ем іздеп табан тоздырдық. Одан қайыр болмағанда, бұдан не қайыр, - деді Балжан әже.

– Жоқ, әже. Бәрі Мәликаның болашағы үшін. Ол емделіп шығуға тиіс. Өтініп сұраймын, бұл мүмкіндікті жіберіп алмаңызшы, - деп біраз жалындым.

Келесі күні Мәликадан қуанышты хабар алдым. Әжесі екеуі Германияға ем іздеп бармақшы көрінеді. Қуанғанымнан Мәликаны құшақтап алдым.

– Ай, құрбым – ай! Сен үшін қандай қуанышты екенімді білесің ғой, шіркін, - деп шаттығымды жасыра алмай айғайлап жібердім. Біраз уақыт өткен соң Мәликалар да Германияға жол жүріп кетті. Сол күннен бастап Мәлика екеуіміз күнде телефонмен сөйлесіп тұратын болдық. Бір күні қоңырауға жауап бергенде қуанышты құрбымның дауысын естідім.

– Ақсұлу, білесің бе? Мен аяққа тұратын секілдімін. Аяғымды сезе бастадым. Дәрігерлер құлан таза айығуыңызға зор мүмкіндік бар деп айтты. Мен Мәликадан да бетер қуандым.

– Айттым ғой, айтып едім ғой, құрбым, мен саған айтып едім ғой, - деп күліп жібердім.— Иә, айтқансың, айтқанда қандай, – телефоннан Мәликаның сыңғыр күлкісі естілді.

– Мен саған үмітіңді үзбе дедім ғой, өмірде ащымен қатар тәтті де болады, қиынмен қатар оңай да болады, күйінішпен қатар сүйініш те болады, қайғымен қатар қуаныш та болады. Өмірде қиындықты жеңе білген жандар ғана жеңіске жете алады. Сен – сол өр рухты, жеңімпаз жандардың бірісің, Мәлика, - деп оған сөзбен дем беріп қойдым.

Міне, сол күннен бастап Мәликаның аяққа тұрып, толық жазылып, ауылға келіп, мені қуантатын күнін асыға күтудемін.

III орын

Әділова Тоғжан

15 жас, 10 сынып оқушысы,
Тараз қаласы
Бауыржан Момышұлы атындағы
№45 қазақ классикалық гимназиясы

Менің ерекше құрбым

Көңілім түсіп, жайсыз күй кешкенде әсем дауысымен сүйікті әнімді салып, жүзіме күлкі, жүрегіме қуаныш сыйлайды. Кейбір кездері онымен кітапханаға барамыз. Кітап - рухани азық. Жаксы кітап оқыған сайын, бойына асыл тастарды жиғандай боласың. Жан дүниедегі байлық – ойда мәңгі қалады, тозбайтын мұра іспеттес, өмірлік серік.

Мерзімі шексіздікке ұласқан күйбең тіршіліктен қолы босаған сәтте өсек пен өтірікті шетке ығыстырып, кітап оқуға зерделенген адам қараңғылық есігін әлдеқашан құлыптап қойғандай. Мұндай адамдар Күн сәулесіне еркелеп, жарықтың шапағатына бөленгендей көрінеді маған.

Кітап оқу ойым мен санамды қазақ әліпбиіне бағындырған сәттен бастап сүйікті ісіме айналды. «Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз» деген сөз айтар ойыма нұсқау, мазмұнын түсініп, сырын ашпаған кітаптарымның санын есептеп болмаспын. Бұрындары үлкен кітапханам болса екен деуші едім, себебі ойыма қанат, бой-

ыма күш беретін ол - кітап. Әдеби шығармаларды оқи отырып, жас қиялым мен сезімді ұштастырамын. Басты кейіпкер қандай күй кешсе, мен де сондай халге түсемін, оны ойландырған өзекті ой мені де толғандырады. Әдеби шығармаларды оқудың рахаты осы емес пе?

Жақында Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасын оқыдым. Жазушының ой талқысына салған басты өзегі - аса салмақты, жасына қарамастан тілі орамды, ой - өрісі кең, дарынды бала Аянның тағдыры. «Ағасы бардың жағасы бар» дейді, Аянның тас қамалдай қорғаны, мейірбан ағасы жалыны қызыл соғысқа Отан-Ана үшін аттанған. Осынау қиын заманда көненің көзін көрген кәрі әжесімен ағайын-туыс жағалап, өзге ауылға жетеді. Жаңадан келген Аянға жолдас болуды құмартқан балалар көп, әйтсе де, Аян ешкімді алаламайтын, ойын қызығына бірге бөленетін. Аян оқыстан аяғын жарақаттап, әлгі қызықтың бәрін ұмытып, ойын балаларына алыстан көз жіберетін. Көп ұзамай асыл әжесі фәнимен қош айтысады, сонда Аян мұңайған көңілмен біраз ауыр ойға түсіп, сосын достарын ертіп, түнгі салқын самалмен ертегісін бастады. Бірде қайғыға батырып, бірде шаттыққа бастайтын Аянның сөз шеберлігіне бар балалар тәнті болатын, «тағы айтсаңшы» деп жалынып, ертегілерінен мүлдем жалықпайтын. Кейін ауылға қаралы қағаз келді, Аянның алтын тірегі, асқар тауы ағасы соғыста қаза тапты. Баланың жүрегі тағдырдың тәлкегін көп сезінді, біраз уақыт өтіп, ол балалар үйіне кетті.

Автор Аянның жүрегінде күшті салмақ тұрғанын, денсаулығында кінәрат барын біле тұра, оның болашағынан зор үміт күтті, ондай рухты баланың шыңы биік белестерді әлі-ақ бағындыратынына күмәнданбады.

Ғұмыры қысқа жалғанда тосын жағдаяттар мен күтпеген оқиғалар жиі болады. Мұны бәз біреулер Алланың сыны дер, өзгелері жолы болмады не сәті түспеді деп құр сөзге көшеді. Абай айтпақшы, адам туғанда есті болмайды, тек өмірді көргеннен кейін тылсым дүние сырын таниды. Өмір сан алуан кедергімен жалғасқан ұзын баспалдақтардан тұрады, біреу сүрінбей шыңға жетсе, екіншісі жығылғаннан қозғалмай, еш әрекетке көшпей орнында қалады. Демек, жақсы өмір сүру үшін бойда асыл рух, көзде лаулап жанған от болуы керек.

Қалыптасқан көзқарасыма өзгеше сарын берген, терең ойға түсуге себепкер болған бір жан бар. Ол - Жұлдыз.

Өткен күзде мектеп жүрегі - ұстаздар мерекесіне орай концерт өткізілді. Екінші анамыздай болған сынып жетекшімізбен арнайы концертті тамашалауға мектептен бірнеше оқушы бардық. Паһ, шіркін! Өнердің құдіреті-ай! Биші қыздар бұралып, нәзіктікпен халық

биін нақышына келтірді, енді бірде жеткіншек қолына домбырасын алып, Құрманғазының күйін орындады. Өзге жастар ұстаздың жұмсақ та қатты, қатал да нәзік болмысын бейнелейтін қойылым сахналап, зеріккен көңіліміз тамаша әсер алып, демалып қалдық. Кенеттен қара көзілдірік таққан талдырмаш бітімді, бұрымы ұзын қызға бар назарым ауды. Концерт ұйымдастырушысы әлгі қызды киелі сахнаға шығарып, қолына микрофон ұсынды. Сазды әуен естілді, қыз ән салды. Оның бұлбұлдай тамылжыған әдемі дауысы жүрегіме бірден жол тауып, құлағымда сазы қалды. Сахнадағы болмысының өзі оның ерекшелігін, өзгеге ұқсамайтындығын тайға таңба басқандай етіп көрсетті. «Барша жұртты өнеріне бас игізердей ұлы дарын екен» деген сөздер санамда қайта-қайта жаңғырды. Бойымды әлдеқандай сезім билеп, тіпті өзімді осындай әнші деп көзге елестеттім. Үш минутқа созылған әсем ән мен нәзік дауыс тылсым күшпен мені жаңа әлемге жетелегендей көрінді. Ән біткен соң, дарынды қыз жүргізушінің жәрдемімен сахнадан түсіп, бөлмеге кіріп кетті. Концерт біткен сәтте, қос жанарым әлгі қызды іздеумен болды, таныс емес болғанымен, жүрегім оны жақын тартты. Сыртқа жол тартып, кешкі самалдан ләззат алып тұрғанда, сабырлы қалыппен орындықта отырған әнші қызды көзім шалды. Жерден жеті қоян тапқандай қуанып, жанына бардым. «Өнеріңе тәнті болдым. Керемет дауысқа ие екенсің. Есімің кім?» деп сұрадым. Қыз сәл жымыып, «Есімім - Жұлдыз» деді.

Жұлдызға бірден үйренісіп кеттім, жақын құрбыма айналды. барып, ақиық ақын Мұқағали мен Мұхтар Әуезовтың мазмұнды шығармаларын оқып беремін, сонда мені бар ықыласымен тыңдайды. Дүкендерді бірге аралаймыз, менің талғамыма сенеді. Өзі - қой аузына шөп алмастай момын, болған жайлардың тек жақсы тұстарын айтады, қандай болсын шешім шығарғанда тапқырлық танытады, естіп-білгенін ой талқысына салады. Кей адамдар оны түсінбей, қос жанарының жарық дүниені көрмейтіндігін бетіне басып, шамына тиеді, әйтсе де Жұлдыздың оларға ренжіп, ғайбат сөзге бой алдырғанын байқамадым.

Жүректе үмітті сеземін
Көргенде ерекше құрбымды.
Биігіне өнеріңнің сенемін
Елестеткен сайраған бұлбұлды.

Мен Жұлдызды мақтан тұтамын. Болмысындағы өжеттік пен қайсарлық оны биікке жетелейді, әсем даусымен барша жұртты аузына қаратқан дүлдүл боларына күмәнім жоқ.

III орын

Ибатуллиева Гүлнұр

15-жас, 10 "а"-сынып
БҚО, Закеганск кенті,
№30 ЖОББМ

Менің ерекше құрбым...

*Өкінбе, өкпелеме бүгінгіңе,
Өмір, өмір,
Болмайды түңілуге.
Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,
Қайта тұрып, қақың бар жүгіруге.*

М.Мақатаев

Адам шіркіннің басына не түспейді дерсің? Қуаныш та, қайғы да, күйініш те, сүйініш те бар. Бұның барлығы бір тағдырдың басына тоғысқандай. Әр пенде сол тағдырдың талқысына түседі. Бұны көтере білетін, басына түскен ауыртпашылықтарға шыдай білетін адам өмірдің шыңына жетер, ал нардың ауыр жүкке малшынған сылбыр күйі секілді басындағы ауыртпашылықтарға төзімі таусылған пенде сол жолда өзін-өзі тәрк етер. Алла тағала қашанда жердегі пендесін бөліп жармайды, тіпті мүгедек болса да. Тек жақсы жандарды сынау үшін, сол жандарға бар ауыртпашылықтарды үйіп-төгіп береді екен. Бұның барлығынан сүрінбей өткен бақытты болады деседі. Мүгедек жандардың, демек, бәрі жақсы. Әр адам өмірге өз несібесімен келері хақ. Мүгедек жандардың арманы – адам қатарына қосылу, басқалар сияқты өмір сүру. Ұлы жаңалықты ашу олардың да қолынан келеді. Олардың өмірге деген көзқарастары ерекше талпыныстан құралады. Менің сондай құрбым бар. Оның есімі – Махаббат. Ол өнер-білімге құштар ақынжанды қыз. Бірақ сөйлеген кезінде тұтығып қалады. Ал ол сөйлеген кезде, тосыннан келген жандардың оған тесіле қарағаны - жанын ауыртады. Өз ортасын-

да жүргенде, оның сөйлегенін көп елемейміз. Бірақ ол сөйлегенде ұзақ сөйлейді, бірақ еркін сөйлемейді, кейбір әріптері түсініксіз. Әріптерді айтқанда, созып тұрып қалады. Мысалы "жаратылыстану" сөзінің алғашқы буындарын айтып, "ж-ж-жарат" деп айтады да, аузы дірілдеп барып, "т-т-тылыста-тану" деп аяқтайды. Айтқан кезде өзінің түрі де бұзылып кетеді. Өзінің тұтығып сөйлейтінін білгендей бізден қысылып қалады. Мұның мән-жайын сұрағанымда: "Менің анам мен әкем мені жарық дүниеге әкелді. Жарық дүние есігін ашқан менің есімімді анам мен әкем Махаббат деп қойыпты. Махаббаттың құдіреттілігінен туған есім екен. Басында бәрі жақсы болған, бірақ әкемнің шайтан суға біраз әуестігі болыпты. Шайтан судың арбауына түсіп, азғыруымен, қай түлен түрткенін білмеймін, әйтеуір, анам екеуімізді қыстың қақаған аязында суық қарға тастап кетіпті. Оның мақсаты - бізді туысқандарымыздың үйіне апару керек болатын.

Бірақ сол кезде қара ниетті екі адаммен кездесіп қалып, асықпай әңгімесін соғып, олардың берген шайтан суына алданып, "қазір келемін" деп, олардың артынан тартып отырыпты. Ал қара ниетті екі кісі "көмектесіп жіберші, осы жақын жерде" деген соң әкемді ертіп алып кетіпті. Әкемнің бармауына болар еді, бірақ жаман суды көрген соң, соған алданып, олармен кетіп қалыпты. Мен ол кезде 4 айлық жаңа туған нәресте болыппын. Ал әкемнің "қазір келеміне" алданған анам екеуіміз маң далада босып қала беріппіз... Кейіннен дәрігерлердің айтуынша, мойын тамырларыма салқын тиген екен. Бұл сөйлеу мүшелеріне де әсер еткен болуы керек. Осыдан болар менің тұтығуымның себебі". Бұл жауапты естіп, мейірімсіз әкенің айдалада анасымен баласын тастап кеткен іс-әрекетін көз алдыма елестетіп, көзіме жас алдым. "Бас пайдасын ойлаған әкенің шайтанның суы жолында өз отбасын тәрк еткені қалай" деген суық ойлар санамды қаптап алыпты.

Дегенмен, анасының туысқандарына қалай жеткендігін қызығушылықпен білгім келіп, енді-енді сұрайын дегенде, оның көзінен мөлдіреп шығып келе жатқан жасты көріп, жүрегім қарс айырылғандай болды. Бәлкім, ата-анасын сағынды ма, әлде өзінің нақты сөйлей алмайтынына күйінді ме, кім білсін?! Жан құрбыңның қиналып жылап отырғанын көрген кезде жанымды қоярға жер таппадым. Тіпті, қалай жұбатырымды да білмедім. Оны құшақтап, мен де қосылып жылап алдым. Әкесінен әлі күнге дейін хабар жоқ, ал анасы ауырып қайтқанына бір жылдай болып қалыпты.

"Мен дұрыс сөйлей білмесем де өмірге келгеніме еш өкінбеймін.

Олар қазір жоқ болса да, дүниеге әкелген анам мен әкеме рахмет айтамын"-деді. "Бұл менің өмірімдегі зіл-батпан ауыр жүк шығар. Менің әкеме деген еш ренішім жоқ"-деп, сөзін аяқтады. Мен оның бұл сөздерінен кейін жүрегінің мейірімділікке толы екендігін байқадым.

"Өзің жақсы болсаң, айналадағылардың да бәрі жақсы" дейді ғой, мейірімді әрі ақылды құрбымның айналасынан достары көбейді. Сөзге шорқақтығы болса да, оның достары құрбымды қатты жақсы көрді. Мен оның жақын құрбысы болғандықтан, сырласып, бір-біріміздің тілімізді тауып жүрген жандар едік. Басқаларға айта алмаған ойын маған ашық айтады. Бірақ үнемі қағаз бен қалам жанында жүретінін байқадым. Мен оның маған айта алмаған ойларын ішіне бүгіп, қағаз бетіне түсіретін болар деп ойладым. Достары көп болса да, қаласымақтардың көбі Махаббаттың сөйлегенін келеке қылады екен. "Сөйлей білмейсің", "сөйлемеш, жарты әріпті жеп қоймай" деген сөздеріне шыдай алмай, күйініп, оларға айта алмаған сөздерін ақ қағазбен сырласқандай, парақтап отырады. Бұл маған айтылған сөз болмаса да, қаласымақтардың сөзі менің де ызамды келтіретін. Олардың ыза келтірер іс-әрекеттерін көргендегі Махаббаттың арманы-олардан да озу, олардың бұл сөздерін жоққа шығару. Сондықтан жастанып жатып кітап оқиды. Кітап оқыса, жан дүниесі тынышталардай, бар өшін осы оқуынан алардай! Кітап оқып, көп біліп, бәлкім, мол қаражат жинап, басқалармен тең сөйлеуіне өзі жағдай жасағысы келетін шығар. Дәрігерлерге қаралғанда, олардың айтатыны да - операция жасау. Бірақ мол қаражат керек екенін айтады. Басқа бір елге барып, ота жасатып, жақсы сөйлеуіне байланысты барлығын біліммен ұштастыратын шығар. Бұлардың барлығы басқа балалардың мазағын жоққа шығаратындай талпыныс шығар. Иә, бұл жағдай сол балалардың басынан өтпегендіктен олар түсінбес, сірә?

Бір жағынан, осындай жағдай болса, көңілсіз жүретінін байқағам. Басқа нәрселерді жасырмай айтса да, олардың әжуалағанын, мазақ қылғанын айтпайтын. Мен жалынып, сұрасам ғана айтады. Екінші жағынан, мені біреулер мазақ қылса, мен де ренжитін едім." Біреулер сені келеке қылса, қалай шыдап тұрмақсың, қалай ренжімессің, сенің ішіңнің алай-дүлей болып жатқанын ол ақылсыздар қалай түсінсін, сенің жан дүниеңді қалай сезінсін?!" Бұның барлығы да менің құрбымның өмірге деген бір бөлек көзқарасын қалыптастырды.

Менің құрбым – Махаббаттың өмірде деген көзқарасы өзгелерден бөлек, ерекше еді. Басқаларда жоқ асыл қасиет – Махаббатта бар болатын. Мысалы, тұтығып сөйлеп, басқалар сияқты сөйлей алмайтынына өкінсе де, өмірге деген көзқарастарының

жақсы пиғылда болуы нәтижесінде оның алға қарай ұмтылысы – жігерін жасытпады. Мейірімділігімен айналасына шуақ шашты. Ол осы қасиеттерінің арқасында ақындық талантымен таныла бастады. Негізі бұрыннан жазады екен. Аяқ астынан келген шабытпен шамданып, өлең жазады екен. Әртүрлі тақырыпта жазыпты: отан, туған жер, ана, әке туралы. Әрқашан еңбектеніп, ізденіп жүрді. Осыдан өлеңдерінің өте жақсы екендігіне көз жеткізген талайлар - Махаббаттың өнерін жоғары бағалады. Махаббаттың өлеңдері самал желдей барлығын баурап алды. Оның өлеңдері арманының құсына қанат бітірді. Өзі армандаған өнер иесі болды. Махаббат өз білімінің арқасында өзін кемсіткендерді шаң қақтырып, арманының бір бөлшегін орындағандай болды.

Мен жоғарыда айтқанымдай, әр адам дүниеге өз несібесімен келеді ғой. Өз өмірінің өрнегін қалыптастыратын да солар.

Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқа адамдарға деген көзқарасын, ниетін өзгертсе, олардың да бұған деген көзқарасы өзгереді. Адам өзінің ой-пікірін, ниетін түбегейлі өзгертсе, оның өмірінің мәні де өзгереді. Жаңағы айтылған оқиғалардың негізінде Махаббаттың өмірге деген құлшынысының арқасында бәрін де жеңіп, өзі жасты балалардың мазақ қылғанына да көніп, ешкімге кек сақтап, өш алуды ойламаған құрбымның іс-әрекетіне қарасаң, басқаларға үлгі боларлықтай. Жүрегі мейірімге толы жандардың бәрі қасымызда жүр екен, ал кейбіреулері оны елемейді ғой! Қасымызда жүрген жақсы адамдардың жан дүниесіне үңілмей, сыртқы келбетіне қарайтын жандар толып жатыр. Құрбымның арманының орындалып келе жатқанына қуаныштымын. Дейтұрғанмен, мен оның қасында үнемі болмаймын ғой. Ол ертең мектепті аяқтап, жақсы оқу орнына түсіп кеткенін қалаймын, бірақ сол жерде тағы да оны басқа біреулер мазақ етпесе екен деймін. Ол қиналмаса екен, білім-ғылымды артына ілестіріп жүре берсе екен деп тілеймін. Арманының шыңына жетсе екен деген тілектемін.

Әрбір адамның әлемде бір бөлшегі бар. Жанымызда жүрген жақсы адамдардың көңіліне қаяу түсірмей, жан дүниесіне үңіле білейік! Өйткені, олар да – пенде...

III орын

Тукенов Ернар

10 сынып,
Қарағанды облыстық тірек-қимыл
аппараты зақымдалған балаларға
арналған мектеп-интернат, КММ

Менің ерекше құрбым

Адам баласының табиғаты өте қызық... Біреулер тойып секіреді, біреулер тоңып секіреді, дегендей біреулер туғаннан үлде мен бүлдеге оранып, денсаулығының арқасында уайымсыз, қайғысыз күн кешеді. Енді біреулерін «ер», «қаһарман» деседе тұрарлық. Себебі, олар табиғат ананың «денсаулық» атты ұлы сыйынан толық тата алмай өмір сүріп жүргендер қаншама. Осы орайда менің ерекше құрбым ойыма орала береді. Есімі – Арайлым, аты затына сай. Осы құрбым жан-жағына «арайын» төгіп тұратындай. Арайлымның оқуға ықыласы, білім алуға құштарлығы ұстаздарды риза қылып, оқушыларды қызықтыратын. Оқу мен өнерді бірдей алып жүреді. Мектеп ішілік іш-шаралардың Арайлымсыз өтетіні кем де кем. Өзі жүргізуші болып, өзі ән айтып, өзі би билеуден жалықпайтын. Арайлымның ерекше бір қыры-ол оның спортқа бейімділігі. Ұлттық ойынымыз тоғыз құмалақты ұната ойнайтын, әсіресе суда жүзуде алдына жан салмайды.

Қасындағылардың бір сөзін жерге тастамайтын ол үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіріп, үнемі қиналғандардың қасынан табылады...

ЫНТАЛАНДЫРУ 9-10 сынып (Шығармалардан үзінді)

Бекболатова Әсемгүл

15 жас, 9 сынып
БҚО, Жәнібек ауданы,
Тау ауылдық округі,
ЖББ Тау орта мектебі

Менің ерекше құрбым

Асау өмір арнасында,
Шалқып сәби сезімменен.
Он жыл мектеп партасында,
Бірге отырдым өзіңменен.

Осы әнді тыңдаған кезде өзімнің сыныптас құрбым ойыма түсе кетті. Сағынып қалыппын. Ол тоғызыншы сыныпты бітіріп, облыс орталығына педагогикалық колледжге оқуға кеткен болатын. Арада шамалы уақыт өтсе де, оны үнемі сағынып, жоқтап жүремін. Мен үшін оның орны ерекше. Оның білімге құштарлығы, асыл армандары, қайсарлығы, батылдығы, алғырлығы, намысқойлығы мені ерекше қызықтырады.

Құрбым екеуіміз кішкентай кезімізден бастап-ақ тіл табысып, достасып кеттік. Әрдайым екеуіміздің жұбымыз жазылмайтын. Мектепте болатын шараларда мен мәнерлеп өлең оқысам ол менің жанкүйерім болып, алдыңғы қатарда отырар еді. Оның жаны өте нәзік, өзіне ұнаған кинофильмдегі кейіпкермен бірге қуанып, бірге жылап отырғанына талай мәрте куә болғаным бар. Жұбымыз жазылмай жүрген бізді көрген ауыл адамдары ағайынды, яғни бір үйдің қыздары деп ойлап қалатын. Жазғы демалыс болды деп біздер қуанып жүргенде ол – «енді үш ай бойына сені сағынатын болдым» - деп мұңайып қалатын, себебі жыл сайынғы демалыста оны анасы Гүлжауһар Алматы, Астана қалаларына кезекпен апарып, емдеу курсына алуға жатқызып келетін. Қызының құрбыларынан кем калмауы үшін ойға-қырға сүйрелеп, қай жерден жанына дауа табылады деп жүрген Гүлжауһар апаның үміті үзілмесе екен деген ішкі арманымды құрбыма еш білдіргім келмейді.

Ертазиева Ақерке

15 жас, 10 «Б» сынып.
Ақтөбе қаласы,
№ 32 мектеп- гимназиясы

Менің ерекше құрбым

*Тұншықтырып тірлігімді тынымсыз
Тас төбемнен төнді тағы түн үнсіз
Маған қарап мұңаяды мың жұлдыз*

Адам баласы дүние есігін ашқанда, негізінен дені сау, он екі мүшесі түгел, есту, көру, түйсіну, сезу, ойлау қабілеттерімен туылуға құқылы. Айналаны қоршаған орта мен түрлі жағымсыз факторлардың әсер етуінен адам түрлі өзгерістерге ұшырайды. Кейбірі ата – анадан, мектептен алған дұрыс тәрбиеден түрлі мамандықты меңгеріп, өмірден өз орнын табады. Кейбірі қатал тағдырға тап болады. Өмірге келгенде көзі көрмей, не құлағы естімей кем болып туылады. Қол- аяғы сал, немесе мойын сүйегі басын ұстай алмайтын дертпен өмірге келеді. Бұл, әрине, ата – анаға да, мүгедек балаға да ауыр соққы. Бірақ тағдырға не шара! Кейбір жастар өз- өзіне қастық жасап, ішімдік пен нашаға үйірсек болып, ақыр соңында мүгедек санатына қосылады. Бұларды айтпағанда, жол апатына ұшырап, кем- тар болғандар саны да күн санап артып келеді.

Бастауыш сыныпта жүргенде:

«Сен оны құрметте,
Түсіндің бе қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ
Тізеден кесіп аяғын»

- деген өлең жолдарын оқығаным есімде. Ұстазымыз сабақта Ұлы Отан соғысында, бейбіт өмірде шайқаста мүгедек болғандар туралы талай әңгіме айтқан еді. Сол кезде көшеде мүгедектер арбасына таңылған адамды көргенде, көзіме сұрапыл соғыс елестейтін.

Қай адам әдемі болғысы келмейді дейсіз! Бір қолы, не аяғы жоқ, көзі көрмейтін, не өз бетімен жүре алмайтын адам, мен сондай болайын деген шығар. Оларға күліп, кекесінмен қарағандар өздерінің де солай болып қалмасына кепілдік бере ала ма?

Жаратқан ием мүгедекке денсаулық бермегенмен талант, дарын берген. Кейбір мүгедектер сау адамнан да қабілетті...

Үкімет тарапынан мүгедектерге азды- көпті жеңілдіктер жасалуда. Спорт комитеті әртүрлі жарыстар өткізеді. Мәдениет саласы да би жарысы, әншілер жарысы секілді шаралар ұйымдастырады...

Құдайбергенов Ерік

15 жас, 9 сынып, БҚО

Сырым ауданы, Бұлдырты ауылы.

Бұлдырты ЖББ мектеп

Менің ерекше құрбым

Әлі есімде... 2004 жылы Білім күні 1-сыныпқа қадам басып, алғаш мектеп есігін ашып, әліппені қолға алған балалық шағымыз болатын. Әрбір оқушы ерекше сезімге бөленіп, жүздері бал-бұл жайнап алғашқы ұстазынан әліппені алып, партаға отыруға асығуда. Осы кезде Әйгерім де оқушылармен бірге әліппені алып, сыныптағы қаз-қатар тізілген партаның екінші қатарында менің қасыма келіп отырды. Әйгерімнің көз жанары күлімдеп, қолындағы әліппенің әр парағына назар аударып, өзінің оқуға деген ынта-ықыласының ерекше екенін аңғартты. Ол оқуда алдына жан салмайтын, тәртіпті де ибалы қыз екенін білімге құштарлығымен, қызығушылығын танытты. Бойында қызға тән сұлулық пен әдеміліктен өзгеше парасаттылық, кеңпейілділік, ақылдылық пен білімділік қасиеті су астында тұнып тұрған маржандай. Көңілі арайлап атқан таң мен қызарып батқан кеш секілді. Егер қуанышты болса, жүзіне күлкі үйіріліп, жайдарлы боп жүреді, ал көңіл-күйі жоқ болса, реніші көзінен-ақ байқалып тұрады. «Қыз мінезінде ұяндық пен әдеп бір кездесе біріне-бірі жасырыңқырап тұрады»-деп Ғабит Мүсірепов атамыз айтқандай, ұяндық пен әдеп әрбір қазақтың қаракөздеріне тән. Сол мінез менің құрбымның бойына сіңген. Сонымен қатар, адамгершілігі мол, тәрбиелі, өнегелі, ақылына көркі сай жан...

Қосымбетова Құралай

9 сынып, №30 мектеп
БҚО Орал қаласы

Менің ерекше құрбым

Біздің сынып өте үлкен, отыз оқушыдан тұрады. Жиырма сегіз оқушы ғана мектеп табалдырығына келіп оқып, білім алады. Құрманғазиев Нұрхат пен Құрманғазиев Нұрхан атты егіз сыныптас

достарымды туа біткен аурулары, құдды қос аяғын тұсап қойғандай, мектепке жібермейді. Ақ халатты абзал жандардың айтуынша, олардың сүйегіне кальций жетіспейді-мыс. Сол себепті сүйектері сынғыш, әлсіз әрі сәбидікіндей нәзік. Өздері сондай ап-арық, бойшаң. Ауыр қимыл жасаса не әлдекіммен соқтығысып қалса, сүйектері сынып немесе шығып кетуі ғажап емес. Олар құстың кішкентай балапаны сияқты, қанаттары қатаймаған, әлсіз болса да, көкке самғауға құштар.

Мүгедектер қатарына қосылған жандар болса да, жүректері, ой-өрістері мүгедек емес. Олар мейірімді, ақкөңіл, жомарт, батыл, көңілді сыпайы, мықты балалар...

Насіпкалиев Мейрамбек

15 жас, ЗЖОББМ 10 сынып.

БҚО Зеленов ауданы

Менің ерекше құрбым

Бұл өмірде байлық бермесе де денсаулық берсін. Денсаулық ол біздің ең басты байлығымыз. Сол байлықтың қадірін тек соған мұқтаж жандар ғана біледі. Бұл өмірде байлық бермеседен денсаулық берсін. Денсаулық жайлы айта отырып өзімнің жан досым Маралға арнап «Менің ерекше құрбым» атты шығарма жазғалы отырмын. Осы шығарманы жазар алдында Маралға барып өз ойымды яғни «осындай байқау болғалы жатыр, менде дос көп болса да сен ішіндегі ерекше досымсың ғой, сен туралы жазайын деп едім», - дедім, ол келіскендей болды.

Міне біз Марал екеуіміздің адал достығымыздың жалғасып келе жатқанына он жыл болды десем қателеспеймін.

Марал өте ерекше дос, ол туралы айтуға көкірегің толып тұрса да тілмен жеткізу мүмкін емес, қағаз жүзінде жазуға тырысайын.

Марал тоғыз жасында төбеден құлап, жүру қабілетінен айырылды. Айырылды деп айтуға да болмайды, жас қой әліде жазылып кетер деп сенемін.

Марал екеуіміз кішкентайымыздан бірге өстік, бірге балалар бақшасына бардық, бірге жүрген, бірге болған күндеріміз көп. Қолымызға түскен нәрселерді бөлісіп жүрдік, ата-аналарымызда көршілес, араласып-құраласып жүрген жандар.

Марал мынандай жағдайға душар болғалы менің де өмірдегі қызықтарға әуестігім басылып қалғандай. Бар бос уақытымды

Маралға арнаймын, қалайда оның көңілін көтеріп отырғым келеді де тұрады. Бірде Маралға барып ұзақ уақыт отырып қалыппын, бір нәрсемен айналысып қалсаң уақыттың қалай өтіп кеткенін де сезбей қалады екенсің, Маралдың анасы «Мейрамбек біраз уақыт болды сабағыңды қарау керек, Сен тек өзің үшін емес Марал үшін де оқисың ғой» деді.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСҚАН ШЫҒАРМАЛАРДАН ҮЗІНДІЛЕР

Ахметқазы Альвина

16 жас, 10 сынып.
Алматы қ., Мкр. Айнабулақ – 3,
КММ №2 «Аяқ – қолы кемтар балаларға
арналған арнайы (түзету) мектеп - интернаты»

Менің ерекше құрбым

«Жүз сомың болғанша, бір досың болсын»- демекші, әр адамның өмірінде достың орны ерекше. Досың әрқашан сенің жаныңнан табылады, қайғың мен қуанышыңды бөлісе біледі, сен үшін шын мәнінде уайымдайды. Жаныңда жақсы досың болса, қуанышың мәнді, ал қиындықтар соншалықты да қиын еместей болып көрінеді. Досы бар адам шын мәнінде бақытты. Сондықтан да мен өзімді бақытты сезінемін. Себебі, жанымда арқа сүйер, иық тірестіретін достарым бар. Ал сол достарымның ішіндегі ең ерекше құрбым жайында мен әрдайым бір тылсым толғаныспен айтамын. Оның есімі Ақерке. Ол екеуіміз бір сыныпта оқимыз. Оны алғаш мектеп табалдырығын аттап келгенде көріп, бірден бауыр басқан болатынмын. Сол кезден бастап жұбымыз жазылмастай достармыз. Ақерке қарапайым қазақ отбасында дүниеге келген. Туыла салысымен оны дәрігерлер қолдарынан түсіріп алғандықтан аяқ-қолы кемтар болып қалған. Оның анасы қызының дені сау болғанын қалап, ауруханалардың табалдырықтарын тоздырған. Ес біле келе Ақерке өзінің басқалар секілді емес екендігін түсіне бастаған, алайда еңсесін түсірмей, алға қарай ұмтыла береді. Ол кішкентай болған күннің өзінде ата-анасына «мен әлі-ақ үлкен қыз боламын, денім сау болады, сіздерді әрдайым қуантатын боламын» - дейді екен.

Амалдары таусыла бастаған ата-ана қыздарынан мұндай сөздерді естіген соң қажырланып, үміттерін еш үзбейді. Ал қазір Ақерке өзінің кемшіліктері үшін ешкімді кінәламайды. Өткен күндері үшін өкінбей, тек алға қарай жүруге ұмтылады. Өз басым оған қарап таңданамын. Кішкене ғана дене бітіміне қарамастан, ол ер мінезді қыз. Тағдыры ауыр болса да, Ақерке әрдайым жайдары көңіл-күйінен тайған емес. Ол күлгенді өте жақсы көреді және жанындағылардың да көңіл-күйлерін көтеріп жүруге тырысады. Ал кейбір адамдар оның көңіл-күйінің ылғи көтеріңкі болғанын жақтыртпай «сонша күлгені несі», - деп жатады. Бірақ ол оны көңіліне мүлдем алмайды. Жай ғана жымыиып «күлкі - өмірді ұзартады» - деп жауап береді. Болашақта Ақерке әнші болуды армандайды. Себебі ол ән айтқанды жақсы көреді. Ол ән айтқанда самал жел маңдайыңды сипап өткендей болып, керемет күй кешесің. Даусының зор болғаны соншалық, онымен бірге әнді бес адам қосылып айтса да, Ақеркенің даусы міндетті түрде ерекшеленіп, жарқын-жарқын шығып тұрады. Оның өмірге деген құштарлығы басқалардан ерекше. Ол әр таңын бір үмітпен атқызып, бір үмітпен күнді батырады. Қызығушылығы да өте көп. Аяқ-қолының кемшілігіне қарамастан ол еңсесін түсірмей, өзіне деген сенімділігін арттырмаса, еш уақытта кеміткен емес. Адалдықты жаны сүйетін ол достыққа ерекше мән береді. Қиындыққа тап болған кез-келген досына көмектесуге асық болып тұрады. Болашақта Ақеркенің барлық армандары орындалып, өмірдегі беделді орнын алуына шын жүректен тілектеспіз.

Әбдіәкімова Аружан

11жас, 5 сынып.

Алматы қаласы, АЗТ – 7,

КММ «Аяқ – қолы кемтар балаларға арналған

№ 2 арнайы (түзету) мектеп - интернаты»

Менің ерекше құрбым

Күндердің бір күнінде қазақтың қара шаңырағына бір нәрісте дүниеге келіп, қуаныш әкелді. Ата-анасы біздің үмітімізді ақтасын деген ниетпен есімін «Үміт» деп атады. Өмірде қуаныш пен қайғы қатар жүреді емес пе? Өкініштісі Үміттің қолының кемістігі. Ата-анасының қуанышына қайғы, уайым, көңілдеріне мұң сепкен осы Үміттің денсаулығы болды. Шырылдаған балапанымызға қайтсек көмек береміз деп, ата-анасының бармаған, баспаған табалдырығы қалмады. Ақ халатты абзал жандардың көмегіне бүгінгі күнге дейін

жүгінеді. Өкінішке орай дәрігерлер Үмітке ДЦП-деп диагноз қояды. Осы ақаудың кесірінен Үміт 4-жасында әрең жүріп, денесін әрең тік ұстады. Оның өзге балалардан ерекшілігі де осында еді. Үміт мектеп жасына жеткенде ата-анасы Үмітті №2 арнайы (түзету) мектеп-интернатына орналастырды.

Менің шығарманың кейіпкері бүгінгі күні менің бірге оқитын, сыныптас құрбым. Үміт екеуіміздің таныстығымыз алғаш осы мектепте басталды. Осы мектептегі кездескен алғашқы күннен бастап екеуіміз ажырамас доспыз. Әрқашан бір-бірімізге сырлас, мұңдаспыз. Қуанғанда қуанышымызды, қайғырсақ қайғымызды бірге бөлісеміз. Құдды бір анадан бірге туған егіздер сияқты...

Үміт екеуіміздің тағдырымыз да ұқсас. Сондықтан екеуіміз бір-біріміздің жан дүниемізді өте жақсы түсінеміз. Ата-анасының тынымсыз еңбегі мен өзінің өмірге деген құштарлығының арқасында Үміт бүгінде үлгерімі жақсы оқушылардың бірі. Ол мектепті жақсы аяқтап, болашақта есепші болуды армандайды. Мен досымның ешқашан өмірден күдер үзбей, армандаған армандарына қол жеткізуіне тілектеспін.

Бадуова Эльдана

13 жас, 7 сынып.

Алматы қ-сы

КММ №2 Аяқ – қолы кемтар балаларға

арналған арнайы (түзету) мектеп- интернаты»

Менің ерекше құрбым

Дос қиындық туғанда қажет.

Дастарқан басында дұшпан да дос.

«Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас» - дегендей менің де достарым көп болған. Бірақ мен құрбыларымды бөліп жармаймын. Мен үшін бәрі бір – бір алтын мен асқар тау.

«Жақсы мен жолдас болсаң ісің бітер,

Жаманмен жолдас болсаң басың кетер» - деп ата – бабамыз дөп

басып айтқан. Менің құрбыларымның бәрі жақсы. Олардың арасында ерекше бір жан бар. Ол – менің сыныптасым Аида. Құрбымның қасы қара, көзі қарақаттай әдемі. Өзі бір ерекше жаратылған жандай ақ көңіл қыз. Кейде достарыммен қалжыңдаса да алады. Оның сабаққа деген үлгерімі де жақсы. Аиданың қимыл қозғалысы шектеулі: ол аяғын сүйретіп жүреді. Түсінемін, оған тез жүру, түзу жүру арман. Оның арманының орындалуына мен де тілектеспін, жанашыр тілеулесімін! Аиданың мөлдіреген көзінен ешбір қайғы-қасірет көргім келмейді, керісінше – қуанып, күлімсіреп жүргенін қалаймын.

Оған жазда дәрігерлер аяғына гипс салдырған. Олардың айтуынша, Аиданың аяғы жетпіс пайызға түзеледі. Оның өзі де жақсы емес пе? Ең болмаса аяғын тік басып, бізбен бірге мектепте оқып жүргенінің өзі жақсы. Қазір оның жағдайы қалай деп ойлайсыз? Әрине, өте жақсы деп айта алмаймын, себебі, қуанышымен бірге ортақтасатын, қайғыланса жұбата алатын, көзіне жас іркілсе күлдіре алатын, жанында құрбылары аз. Ол қазір біздерді сағынып жүрген шығар. Біз де Аиданы қатты сағындық. Бәріміздің тілегіміз бір – Аида тезірек жазылып біздің қатарымызға қосылса екен. Мен бірге күліп, ойнап жүрген кездерді сағындым. Кеше Аиданы түсімде көріппін. Түсім өңім сияқты. Екеуміз бір нәрсеге қатты қуанып, күліп жатқанда, өз күлкімнен оянып кеттім. Жан – жағыма қарап, Аиданы іздедім. Қасымда ол жоқ екеніне көзімді жеткізіп, әрі қарай ұйқыға кетіп, түстің жалғасын көргім келді. Бірақ, ұйқым ашылып кетті.

Аида! сары уайымға салына берме. Себебі, сені жақсы көретін, сен үшін ештеңе аямайтын адал достарың бар.

Мен досыма деген сағынышымды мына өлең жолдары арқылы білдіргім келеді. Бұл өлең менің досыма деген сағынышты жүрегімнен туған.

Күн нұры жарқырайды аспанымнан.
Көзіме жас іркілер, досымды сағынғаннан.
Келіндерші, жан достарым, жаным,
Шаршадым өздеріңді аңсағаннан.

Аида! Саған дос ретінде тез жазылып, аяғыңды басып жүргеніңді қалаймын. Өйткені сені мен ғана емес, сыныптастарың да сағынып жүр. Әрқашанда достығымызды аялап, сақтап жүрейік!

Шаймұхан Темірлан

13 жас, 7 сынып
Алматы қ. Жұлдыз ы. ауд.
КММ №2

«Аяқ – қолы кемтар балаларға арналған
арнайы (түзету) мектеп - интернаты»

Менің ерекше құрбым

*Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.*

Мен Алматы қаласындағы №2 арнайы (түзету) мектеп – интернатында оқимын. Мен оқу озатымын. Яғни мектептегі үздік оқушылардың бірімін. «Жаманға жан жуымас» - дегендей әрқашан жақсы оқып, үлгілі оқушы болуға тырысамын. Мен мектептегі ұстаздарым мен достарымды мақтан етемін.

Ұстаз – ұлағатты жан. Қиянатқа, қатігездікке жол бермейтін парасатты да, абыройлы жан. Міне, бізге ұстаздарымыз бір – бірімізге мейрімділікпен қарым – қатынас жасауды үйретті. Яғни бізді біліммен сусындандырып, бойымызға жақсы тәлім – тәрбие бере білді. Ұстаздарымыз бен ата – анамыздың арқасында тәрбиелі азамат болып өсіп жатырмыз.

«Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын», - дегендей менің достарым өте көп. Яғни саусақпен санап жетпейсің. Мен айналамда жүрген достарымды жаныммен жақсы көріп, мақтана аламын.

Жан достарымның бірі – Чернов Владимир. Владимирдің ұлты орыс. Ұлты орыс болғанымен, жүрегі Қазақстан деп соғады. Ол Қазақстанның азаматы. Вова қазақ сыныбында оқып, қазақ тілінде таза сөйлейді. Ол өте қайырымды жан, оның қолы кең. Қанша күлімдеп жүрсе де, көңілінде бір қаяу бар. Ол не дейтін шығарсыз? Оны біреу түсінсе, біреу түсінбейді. Себебі ол - жетім бала. Жетім дегенде, Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян менің ойыма еріксіз оралады. Аян мен Владимирдің арманы бір секілді. Екеуі де жетімдіктің қасіретін бірге тартуда. Аян да қанша қиындықты көрді ғой. Аяның да қасында достары болды. Бірақ Владимир Аян секілді адамдардан жәбір көрген жоқ. Керісінше, жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, сол жердегі тәрбиешілердің қамқорлығын алып жүр. Владимирдің ата – анасы бар болғанын және бақытты болғанын, өмірде өз жолын тапқанын қалаймын.

Шаяхмет Үміт

12 жас, 5 сынып
Алматы қ. КММ №2

«Аяқ – қолы кемтар балаларға арналған
арнайы (түзету) мектеп - интернаты»

Менің ерекше құрбым

Менің есімім Үміт. Мен 5-сыныпта оқимын. Біздің мектебіміз арнайы (түзету) мектеп-интернаты болғандықтан сыныбымызда оншақты оқушыдан аспаймыз. Бәріміз бір-бірімізбен жақсы қарым-қатынастамыз. Солардың ішінде менің ерекше құрбым бар. Оның есімі - Лаура. Ол өте пысық, ақылды қыз. Құрбымның айтуы бойынша оны ата-анасы үш жасында балалар үйіне орналастыруға тура келген. Біз бірінші сыныптан бірге оқимыз. Лаураның сабақ үлгерімі орташа. Дегенмен, мектептегі барлық іс-шараларға белсенді қатысады. Мінезі аздап тентектеу. Бірақ мейірімді. Менің кішкентай сіңілімнің мектепке келуін асыға күтіп жүреді.

Үшінші сыныпта оқып жүргенде Бішкек қаласында Лаураның аяғына ота жасатқан. Құрбымды аяғынан тік тұрып, сырқатынан біржола айығып, жазылып кетуін тілеп жүрдім. Мен Лаураның тілектес, сырлас, жанашыр досы болғандықтан, болашақта өмірден өз орнын тауып, ата-анасымен қауышып, бақытты өмір сүруін тілеймін. Өйткені, ол күндердің бір күні анасының іздеп келіп, өзін балалар үйінен алып кететініне үміттенеді.

Жан досым Лаура! Мен де сенің болашағыңның жарқын болатынына зор сеніммен қараймын және сенемін. Тек ешқашан ауырма, қиындықтарға мойыма! Мен сені жақсы көремін.

Абзалбекова Балым

9-м сынып,
Өскемен қаласындағы
№16 орта мектеп

Достық туралы бірер сөз

...Қазақ халқы үшін “дос киелі ұғым. Бұл-кезінде ба- тыр бабаларымыздың досы үшін жанын пиде етуге дейін барғандығымен-ақ айқындалып тұр. Бұл мақал осыдан шықса керек: “Ақылы көпті дау алмас, досы көпті жау алмас”. Бүгінгі таңда достықтың құны базардағы бағадай қымбатпа, әлде арзан ба? Жалпы дос деген ұғымды сенімділігіне қарай үш түрге бөліп қарауға

болады. Бірінші, жан дос. Қуанышта да, қиыншылықта да қасыңнан табылар сенімді серігің. Жан дос қайғыңды да тең бөлісе алады.

Айдарбек Жайдарлым

12 жас , 7 сынып. Сырым ауданы,
ЖББ орта мектеп

Алағабас ауылында менімен шамалас дүние есігін ашқан құрбымның есімі – Өтемұрат Бекамман. Жасы 12-де. Негізі жетінші сыныпта менімен қатар оқуы керек еді. Ақыл-есінің кемістігіне орай ол біздермен мектепте оқымайды. Бекаманның анасының есімі -Сәния, әкесінің есімі - Амангелді. Оның жалғыз Рысханым есімді әпкесі және жалғыз Гүлханым есімді кішкентай қарындасы бар. Бізбен бірге мектепке бара алмаса да, Бекамман сабаққа барынша зерек. Менің таң қаларлық тағы бір жағымды мінезі өте тіл алғыш және сол арада тез-тез орындап тастағанды ұнатады. Сол бір шаруаны бастап, сол сәтте орындаса өзіне-өзі риза болып жүреді. Кейде мінезінде өзімен-өзі болып, көп сөйлеп ауытқып кететіні бар. Бірақ оның ешкімге де зияны жоқ. Оның аңғалдығы да бар. Жақсы етіп біреу мақтай қалса, сол кісіге көмекте көрсете алады. Осы биылғы сабақтан берілетін күзгі демалысымызда көшеміздегі мен шамалас ұл-қыздар жиналып, қариялары бар үйлердің ауласын тазарту жұмыстарын ұйымдастырдық. Осы шараға менің құрбым Бекамманда бірауыздан келісіп, қатысып, үлкендердің батасына ие болдық.

Алламбергенова Қырмызы

7сынып.
Ақтөбе обл. Алға ауд.
Есет батыр Көкіұлы ауылы

Алайда өмірді өзгертуге, түзетуге келмейтінін, оған сенің еш амалың жоқ жағдайларда кездеседі. Аулымда осындай қиындықпен күресіп келе жатқан көрші қыз бар еді. Оның мейірімділігіне, өмірге деген құштарлығын да, адалдығында шек жоқ. Ешбір баланы бөліп көрмеген, бөлгісінде келмейтін, кішіге үлгі боларлықтай қыз. Ойында еш арамдық жоқ, өзі сондай сүйкімді. Бірақ ауруына,

денсаулығына байланысты түзу жүре алмайды... Балалық шағында өзгелер сияқты ойнап-күлгісі келетін ол әрдайым дос іздеумен болады. Көршілерінен онымен ойнайтын қыздар да жоқ. Өзімнен 3-4 жас кіші болса да мен оны өзіме жақын тартқандаймын.

Арынғазы Амангелді

11 жас. 6 сынып,
Хромтау ауданы,
Мектептен тыс білім
беру орталығы, №4 мектеп

... Сыныптағы ерекше достарымның бірі-Диана. Ол бізге 4-ші сыныпта келді. Оған дейін ол үйде оқыған. Ата-анасы басқа балалармен ойнасын, достассын, бірге жүрсін деп мектепке берген. Біз онымен бірден достасып кете алмадық. Себебі біз оны түсінбедік.

Апайымыз бәрімізді тұрғызып қойып ұрысты, түсіндірді. Біздің қайта Дианаға көмектесіп, ортаға қосу керектігімізді айтты.

Диананы қайсар, мықты қыз деуге болады. Өз дертімен өзі күресіп, бәріне төзіп, бізбен бірге оқып жүр.

Анесова Аяжан

14 ж., 9 сынып
Атырау қаласы,
Алмагүл мөлтек ауданы,
Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы

...Зерені қатты жақсы көреміз. Тіпті, сыныптастарымыз оған қарап таң қалып, қызыға отырады. Өзі сондай көңілді қыз. Зере атына сай зерек қыз, мұғалім сабақ түсіндірген кезде бірден шығарма жазғанда, өлең шығарғанда алдына жан салмайды. Өте керемет өлеңдер шығарады. Өлеңдерін тамсана оқимыз. Домбыра аспабында ойнағанды, ән айтқанды қатты ұнатады. Кейде сыныпта мұғалім болмаған кезде, Зеремен бірге ән айтып, ойын ойнаймыз. Зере сабаққа келген күнде әңгімелер айтып, өзінің бұл өмірге келгеніне қатты риза екенін айта отырады. Анасымен, әкесіне осы жарық дүниеге әкелгендеріне рахмет айтып, оларды қалай жақсы көретінін айтудан ешқашан жалыққан емес. Жазылатынына толық сенімді.

Арон Аружан Мергенқызы

13 жаста, 7 сынып оқушысы БКО,
Сырым ауданы, ЖББ М.Қаналиев
атындағы Алғабас орта мектебі

Менің ерекше құрбым

... айтпақ болып отырған мақтан тұтар ерекше досымның бірі - Нұрберген. Нұрбергеннің бойындағы ерекшеліктері өте көп. Мінезі ашық, айналасындағылармен тез тіл табысқыш, үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор болу, оған қоса аз-мұз аңқаулығы да бар. Өзі мектепке тікелей барып оқымаса да өзі қатарлас дені сау балаларды шаңына да ілестірмейді. Бұл менің аса мақтағаным емес, өмір сүрудің қызықты кезеңінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп келе жатқан досымның игі істеріне барша балалар мен ұстаздар қауымы, қала берді ауыл тұрғындары күә.

Нұрберген бала күнінен өнерге, әдебиетке етене жақын болып өсті. Оған дәлел «Мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер арасында өнерлі жастарды анықтау, мәдени өмірге кеңінен қатысуларына ықпал жасау, қоғамдық өмірге етене араласуларына қолдау көрсету» мақсатында ұйымдастырылған XIII-ші мүгедектер шығармашылық фестивалінде ерекше өнерімен - «Би» номинациясы бойынша таныла білгені үшін дипломымен марапатталды.

Нұрберген елгезек, әрдайым ауылдық әлеуметтік қызметкер Света Қуанышқызының тәлім-тәрбиесінің ықпалымен үнемі ауылдық кітапханаға қатынап, байланыс жасап отырады.

Әбдіқаппаров Айболат

12 жас, 7 сынып.
Әйтеке би ауданы, Комсомол с.
Жүргенов атындағы орта мектеп

Менің ерекше құрбым

Бірде мен әлеуметтік желілердің бірінде отырып, Дастан есімді құрдасыммен таныстым. Алдымен бір-біріміздің атымыз-

ды, тұратын жерімізді, мектебімізді сұраудан басталған таныстық әрі қарай тереңірек сырласып әңгімелесуге ұласты. Дастан ауырады екен. Қан тамырларының жанына су жиналады дейді. Күтініп, үнемі емделіп отыруы керек, емделмесе өміріне қауіп. Дастанды мұғалімдер үйден оқытады екен, соның өзінде ол жақсы оқиды, білімді, сауатты жазады. Көп сөйлемей, жиі үндемей қалады. Оның көптеген суреттерін көрдім.

Ол-сондай жақсы бала. Өзі еңбекқор. Емханаға көп жатып, емделеді екен. Бойындағы сүйкімді қасиеттерінің бірі-өзгеге қол ұшын беру, қашанда көмектесіп отыру.

Әнуарбекова Гүлназ

8 сынып, БҚО

Қаратөбе ауданы,

Қаратөбе мектеп-гимназиясы

Адамның ауруды сұрап алмасы анық қой. Ол анасының құрсағында жатқан кезде анасы жол апатына ұшырап, бейкүне сәбидің көзіне қатты зақым келеді. Қазіргі кезде көз жанары суалып, зағип болып қалған. Оның да табиғатқа көз жіберіп, алтын күннің арайланып атқаны мен ұясына батқанын қызықтағысы келеді. Ата – анасының мейірім төге қараған қуанышты жүздерін көргісі келеді. Басқалармен тең дәрежеде өмір сүріп, алға қойған мақсаттарын жүзеге асырғысы келеді. Ол әсіресе кішкене кезінде көп қиындық көрген екен. Өзімен қатарлас құрбылары оны кемсітіп, бала жүрегін қатты жаралапты. Өмірден түңілген кездері көп болса да, анасы оның жігерін жасытпай, үнемі өмірге деген құлшынысын арттырып отырған. Анасы өмірдің ащы-тұщысын татып көрмеген қызын ешкім мүгедек деп кемсітпесін, басқалармен бірдей болсын деп жазықсыз перзенті үшін басын тауға да, тасқа да ұрып, қызым жазылса екен деп талай аурухананың табалдырығын тоздырған екен. Ол айналасындағы жәйттерге құлағын түріп отырады. Көзі көрмесе де ойша елестетіп, қиялы осынау шексіз ғаламның түкпір-түкпірін шарлап, шығады. Өзін бір биік таудың шыңынан көргісі келіп, соған қарай талпына түседі. Анасы мен ет жақындарының қолпаштауы оның қиялына қанат бітірді.

Бақытжанова Гүлбаянсулу

14 жаста, 8ә сынып оқушысы

БҚО. Зеленов ауданы

Менің ерекше құрбым...

Дос дегенің жанға серік, сөзге берік, сенім артқан адамына адал жан ғой. Қазақта «Аққуды атпа, досыңды сатпа» деген киелі сөз бар. Ойланып қарасам, бұл сөздердің астында қаншама үлкен мағына жатыр. Аққуды атсаң бақытсыздыққа ұшырайсың, ал досыңды сатсаң жалғыз қаласың деп жатады. Менің де ерекше құрбым барына қуанамын. «Ерекше» деген сөзді кез-келген ұғыммен біріктіріп айта алмаймыз-ау, сірә! Менің жанымды жадыратып жүретін, көңіліме сая болып табылатын құрбымның есімі өз атына сай—Жансая. Ол—мейірімді, инабатты қыз. Сабағын да жақсы оқиды. Сабырлылығыңда шек жоқ әрі сұлу, нәзік жан. Тек сөйлегенде тілінің күрмелетіні болмаса... Біз құрбым екеуіміз бұрыннан жақсы араласамыз. Мен оны үш жасынан бастап білемін. Оның тағы бір қыры - мінезінің кішіпейілділігі.

Байжанова Альбина

14 жас, 8 сынып,

Ембі қаласы, Мұғалжар ауд., №7 мектеп

Егер менің мүгедек құрбым болса, үмітін үзбей, әрқашанда жанынан табылар едім. Өмір оған қаталдықпен қараса да, алға қарай ұмтылдырып, үлкен бір жетістікке жеткізер едім. «Әкел бері қайғыны тең көреміз»-деп жанын жұбатар едім. Өмірдің ащысын да, тұщысын да бірге көреміз. Ол небір нәрсені армандап, қиялдайды. Мен оның ең болмағанда біреуін орындап қуанышқа бөлендірер едім. Жүрегі қанжылап, үмітін үзіп, кіммен мұңдасып, кіммен сырласатынын білмей жатқанда, қасынан табылып, тірек, демеу боламын.

Барасова Альфинур

8 – сынып оқушысы.

БКО, Теректі ауданы

Новая жизнь

...Мен Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Жаңа өмір ауылында тұрамын, Шағын жалпы білім беретін мектебінің 8 – сынып оқушысымен. Ауылымызда мүмкіндігі шектеулі, денсаулығы нашар балалардың өмір үшін күресіп жатқандығын барлығымыз білеміз. Олар мектепке келіп – кетулері қиын болғандықтан, денсаулығына әсер ететіндіктен мектеп бағдарламасы бойынша үйден оқытылады.

Сондай жандардың бірі, өмірге деген құлшынысы аса жоғары замандасымның бірі – Ғалымжанова Замира. Ол 10 – сыныптың бағдарламасы бойынша үйден оқытылады. Бірақ өзге құрбылары секілді мектепке барып, олармен тең дәрежеде жүруді әркез армандайды. Оның бір қол, бір аяғы қатты ауыратын болғандықтан жүріп – тұруы айтарлықтай қиындық келтіреді. Дегенмен үйден оқытылып жүргенімен барлық мектеп бағдарламасын өзге құрбылары секілді толық меңгерген.

Батырғалиева Нүргүл

12 ж., 7 сынып оқушысы.

БҚО, Сырым ауданы,

ЖББ Абай орта мектеп -балабақша кешені

...Бүгінгі жазғалы отырған кейіпкеріміздің жан дүниесіне көз жүгіртсек, жан дүниесін ұққандаймыз. Менің шығармамның кейіпкері Төлегенов Арман- тағдырдың тәлкегін жастайынан көрген бала. Айтуға оңай. Амал нешік, «Қорқамын деп қозғалмай өмір өтсе, Иттей болып қаласың үресің де», - деп өз намысын қамшылап та алады. Басына қандай күн туса да, күпірліктен гөрі, шүкірлігі басым. Ол атына сай жігерлі екендігін бүгінде айналасына таныта білді. Өңіріне спортқа, өнерге үлгілі өрен. «Әл-дәрменім жоқ» деп, үйінде бүктүсіп жатқан жан емес. Мүсіркеуді қажет етпейді. Жә, әңгімемізді Арманның өмірге деген құштарлығын, ержүректілігін, қайсарлығын айтып өтейін. Бірақ ол мүгедек болса да, спортқа деген құлшынысы жоғары. Ол басқа балалар сияқты футбол ойнай алмасада, қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалаққа деген жігері мол. Біз бір жолы тоғызқұмалақ жарысына барған болатынбыз. Ол баланы көргендер оған күле қарағандай болды, мен сол кезде оның жанына қатты батқанын түсіндім. Бірақ ол айналасындағы жандарға білдіргісі келмейді. Ол өзін жарыста шыдамды, сыпайы екенін көрсете білді.

Бисембай Орнай

13 жаста, 8 «б» сынып
 Атырау қаласы,
 Облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты

Барлық зағип, мүгедек жандарға үлгі көрсетіп, қиыншылыққа мойымай, беріспей, өмірде өз мақсаттарына жете білген жас балалар «Сәт»тобы туралы айтып кеткім келеді. Бұл балалар жарық дүниені көздерімен көре алмаса да, кішкентай ғана мейірімді жүректерімен адамға жылу бере алады. Олар өздерінің қуанышын да, мұңын да әндерімен бөлісіп, халықтың жүрегінен орын тапқан.

Бірлікқызы Ғазиза

11 жаста, 6 сынып,
 Әйтеке би ауд., Комсомол ауылы.
 Т.Жүргенов атындағы орта мектеп

Мен Айжанмен танысқаннан кейін, бірден достасып кеттік. Бұрыннан бір- бірімізді білмесекте, біз екеуміз жұбымыз жазылмас құрбыларға айналдақ.

Таусылмайды жырымыз,
 Еш солмайды гүліміз.
 Көріспесек сағындық,
 Бірімізді-біріміз.

Гайсин Амир

12 жас, 6 "а"- сынып,
 БҚО, Орал қаласы, №34 мектеп-гимназиясы

Менің ерекше құрбым

“Доссыз өмір, тұзсыз ас”- демекші, менің өмірім ерекше деп санаймын. Өйткені, менің өмірімде ерекше досым бар. Оның аты- Ернұр. Ернұр өте ақылды, білімді, зерек бала. Кішкентай кезінде,

балалықтың жетегінде жүрген шағында Ернұр байқаусызда бір жанарынан айырылған. Ол бала кезінде қолөнерге жақын болған екен. Бір күні анасының айтқанына құлақ аспай қайшымен қағаз қиып отырған кезде көзіне қайшы тиіп кетеді. Содан бір көзі көрмей қалды. Қазіргі кезде сол қылығы үшін қатты өкінетінін айтады. Бірақ бәрі де Алланың ісі емес пе?! Ернұр бұл үшін налып өмірден түңілген емес. Қашан көрсем де жадырап жүргені. Өзі менімен құрдас. Анасы жұмысқа кетерде, үйінде ешкім болмаған жағдайда оны біздің үйге қалдырып кетеді. Екеуміз ойнаймыз, әңгіме айтамыз. Ол өзін мүсіркегенді ұнатпайды. Өзін тең көріп ойнағанды жақсы көреді. Оны мұғалімдер үйіне келіп оқытады. Сабақ үлгерімі де өте жақсы. Зеректігі сонша бір оқытқан сабақты лезде миына тоқып алады. Еліміздің ертеңі білімді жастар қолында демей ме? Ертеңгі күні Ернұр елдің елеулі азаматы болады деп сенемін.

Гиззатова Аида

11 жас, 6 сынып, БҚО, Жәнібек
ауданы, Қамысты ауылы
Е. Ниетқалиев атындағы ЖББОМ

Тағдырдың маңдайыңа жазғаны сол болса не шара? Басыңа қандайда бір іс түссе оған істер амалың жоқ, көндігесің. Ондай адамдардың санатында менің сүйікті досым Диана да бар. Ол 11 жаста. Ол осы күнге дейін өзі секілді балалармен ойнап – күліп жүріп еді. Ал енді тағдырдың басқа салуымен ойнап жүрген Диана бір биік дуалдан құлап, жамбасына зақым келіп, соның зардабынан жүре алмай қалған. Диана жүре алмай қалғандықтан бұл оқиға оның жүрегіне қатты батты. Терезеден ойнап жүрген балаларға қарап, олармен енді қосылып ойнай алмайтындығын ойласа, еріксіз көзіне жас келеді. Алайда менің бір байқағаным Диана темір арбаға жығылған соң ендігі әрі жүре алмайтындығына емес, бәрінен бұрын ол өзге балалар секілді мектепке бара алмайтындығына қиналады.

Физатолла Мирас

8 сынып оқушысы Атырау қаласы

Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы

...Кім де кім болмасын кез-келген аяғы жоқ, қолы жоқ мүгедек адамдарды кемсітіп қоғамнан шеттетуге құқысы жоқ. Олар да алла тағаланың жаратқан бір пендесі, оларда адам. Керісінше олардың өмірге деген талпынысын оятып, ерік-жігер беру қажет. Сонда ғана олар талпынып, емделіп жазылып кетуге, аяғынан нық тұруға тырмысады. Мысалы; Аяғы сынып мүгедектер арбасында отыратын адамды дүниеден түңілген шағында үміттендіріп, аяғынан нық тұруға көмектессең, ол адамның үкілеген үміті жарқылдай түседі. Міне, сол секілді әр адамның қоғаммен ашық жарқын араласып, сауығып кетуіне қол ұшын беріп көмектесу қажет.

Дүниеде адам аман сау жүргеніне тәуба қылып, шүкіршілік ету керек.

Мұңайма сен мүгедек болдым мен деп,
Достарың бар жүреді сені жебеп
Бес күндік фәни жалған оңай емес
Түңілме сен қоғамнан кетпе бөлек.

Ерланқызы Зарина

8 «в» сынып,
БҚО, Орал қаласы,
№30. ОЖББ мектеп

Менің ерекше құрбым

Менің де өз аяғымен жер басып, ойнап - күліп, рахаттана жүгіріп, билегісі келетін құрбым бар. Дүние есігін ашқалы бері мүгедек. Есімі- Алижан. Бірақ өмірге деген құштарлығы мүлдем ерек. Өзінің қатарластарына қарғанда, өмір туралы, жалпы адамзат өмірі туралы көп ойлайды. Алижан ешқашан «аяғым кем» деп, налыған емес. Қашан да ізденіс пен талпыныс үстінде жүреді. Өзгелерден қалмай білімін алып, ән үйірмесіне де барады. Бос уақытында Мұқағали ақынның шабыт кернер өлеңдерін серік қылып, жабырқау жүректі бір жұбатып та алады. Сырт көзбен қарағанда жүзі жайдары, көңілі

көтеріңкі, ән айтып өзгелерге құныш сыйлар қыз секілді. Ал шын мәнінде, жүрегі қайғыға қамалған.

Жетпісбаева Аида

14 ж., 8 сынып

Атырау қ.

Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы

Өкпелісің ғой, білемін құрбым, білемін,
Кекшіл емес ең, кінәмді мүмкін кешерсің.
Тірліктің тынбас тауқыметімен өлшенген,
Алтындай уақыт қай жыртығыма жетерсің.

Сендегі нәзік, сыршыл жүректі сағынам,
Сағынам кейбір балалық шақтың бейқамын.
Жалбызын теріп, асыр сап өскен арықтың,
Мәңгілік неге қызғалдағы болып қалмадым?

Жақсы құрбым – ау, сол күндер қайда баяғы,
Арманмен қарсы алатын едік әр таңды.
Сырдың жағасын жағалап жүрген шығар – ау,
Бойжеткен күндер бой түзеп қалған шақтағы.

Сағындым сені, сағындым мектеп партасын,
Сыр қылушы едік, бала күндердің бал шағын.
Адасып жүрміз бе, армандарымызды аңғармай,
Түсінбей берген тағдырдың тылсым картасын.

Жан құрбым менің – балғындығымның белгісі,
Ер жетіп қалдық келмейді көңіл сенгісі.
Сағынсаң мені, сәбилерге қара бейкүнә,
Періште шақтың періште куәгерлері.

Өзіңмен ылғи ойша сырласып жүремін,
Оңаша ғана көзімнің жасын шылап ап.
Сен менің көңіл көкжиегіндегі күнімсің,
Тұратын мені, ғұмыр бойына шуақтап.

Есетова Камила

6 сынып оқушысы,
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы
Подстепный № 1 ЖООБМ

Мен өмірде ең жаныма жақын құрбым – Айнур. Ол өте ақылды, әдемі қыз. Біздің ауылда қазақ мектебінде оқиды. Құрбым екеуіміз балалық шағымыздан бірге өсіп, ойнап күлген күндерімізді мәңгі есімізге аламыз. Құрбым өмірде жол апатының салдарынан аяғынан сал болып қалса да, мен ол досымды ерекше мақтанышпен мақтан тұтамын. Ол аяғында кінәрат болса да, өзін мүмкіндігі шектеулі адамдар сияқты сезінбей өмірге құштарлығы артып отырады. Өзі әнші, сурет салғанды жақсы көретін.оның бойындағы талантты мұғалімдері аша білді. Ол үйден оқып жатыр. Ол ешқашан өмірдің сынағына төтеп бермейді. Өйткені мен оны әрқашан қуанып отырамын. Біз достарымызбен мейрамдарда құрбымызды құттықтауға барамыз, құрбымның ата – аналарымен саябақтарға барып демаламыз. Ата – аналары қыздарын ешқашан ренжітпейді. Олар әрқашанда қатарынан кем қылмай бағып өсіреді. Құрбым ауылда ұйымдастыралатын сурет көрмесіне қатысып, сюжетті сурет салып, ол мүмкіндігі шектеулі балаларға өмірді өз көздерімен қалай көру керек екендігін көрсеткен.

Муханбетжан Гүлсана

11 жас, 6 «б сынып, Атырау қ.
Облыстық дарынды
балалар мектеп-интернаты

Мүгедектерге бүкіл халық атынан,әлем атынан үлкен қолдау қажет.Оларға деген сый-құрмет жоғары болғаны жөн.Өйткені олар нағыз өмірдің не екенін және қалай өмір сүру керектігін білетін,түсінетін адал да ардақты жандар!

Рахметова Асель

13 жаста, 8 «б» сынып

Атырау қаласы
Облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты

...Менің мүгедек балаларға қатты-қатты көмектескім келетін. Әттең сондай кезеңдерде ақшам болғанда оларға қол ұшымды берер едім. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев:

Өмір дейтін тағатсыз бір қозғалыс

Өмір дейтін өлемін деп қарамау, - дегендей, ешқашан ауырамын, ертең өлемін деп өмір сүрмеу керек. Керісінше тіршілік жасап, өмір сүруге тырысуымыз қажет деп ойлаймын. Сау адамдарға қарағанда мүгедек адамдар да өмір сүруге талпынып, қиыншылықтың бәріне төзіп, тіршілігін жалғастырып жатыр емес пе. Сондықтан да, дүниеге адам болып келгесін, дүниеден адам болып өтейік.

Лукпанова Аяулым

13 жас, 7 сынып, БҚО, Жәнібек ауд.
ЖББ орта мектеп

Панам менің, достарым,
Ақпейілсіз, адалсыз.
Туғандайсыз ел үшін
Бір ісің жоқ жарамсыз.
Өздерің жүрсің қасымда
Үйретемін бәрін де
Мен аяймын өмірде
Мүгедек боп қалғанын!

Менің құрбым Темірхан тек құрбым емес інім, досым деп айта аламын. Ол өте ақылды, мейірімді. Дос болған соң сырласқан өте тамаша! Бір жаманы, мүгедек болып қалғаны өте өкінішті! Мен досыма мынадай өлең шығарған едім:

Дос дегенің әрқашан да жаны асыл,
Дос дегенің-аузы берік сыр сандық,
Сыр сандықта сақталады бар асыл.
Ондай досты бақытым деп есепте,

Бірақ досым осындай егемен елде, тәуелсіз жерде туғаны үшін мақтан етеді.

Орынбасарова Дина

9 сынып, № 30 мектеп
БҚО, Орал қ.

Менің ерекше құрбым

Менің ерекше құрбым -Асыл, толық аты-жөні Сәрсенова Асыл. Ол тағдырдың тауқыметіне тап келген мүмкіндігі шектеулі кемтар балалардың бірі болып, өмірге бейімделуі де, өнерде өзін көрсетуі де оңай емес. Ол 1998 жылы Орал қаласында дүниеге келді. Ол эпиплексия ауруымен ауырады. Өзі сондай сезімтал адам, ол барлық болып жатқан жағдайды жүрегіне жақын алып, қатты ойлайды, сондықтан ол кейде солай ауырып қалады. Ол өзіне ұнамайтын адаммен сөйлеспейді, мінезі кішкене жасқаншақтау. Ол біздің сыныпта тек менімен және Құралай атты қызбен ғана өте жақсы сөйлеседі. Үшеуіміз өте жақын құрбы болып кеттік. Біз Асылдың көңіл- күйі болмағанын іштей сезіп, қасына барып не болғанын сұраймыз, сол кезде ол неге көңіл - күйі жоқ екенін айтады. Біз оның көңіл - күйін көтеруге тырысамыз. Оның ауыратын ауруы жазылмайтын ауру. Бірақ, ол солай ауыратынын білсе де, көңіл-күйін түсірмейді. Ол әрдайым жазылып кетуге тырысып жүреді

Сағынғали Арайлым

14 ж., 9 сынып оқушысы, БҚО,
Сырым ауданы, Аяқкөл ауылы,
ЖББ Қосаба орта мек.

Менің ерекше құрбым

Адамзатта не тәтті: аста - тұз тәтті, адамда - дос тәтті- деп Сырым Датұлы айтқандай өз досыма мына өлең шумақтарын арнаймын.

Достығымыз достар арылмасын,
Пейіліміз кеңейсін тарылмасын,
Жиі-жиі бас қосып сыр шерітсек
Жүрегіміз қалайша жарылмасын.

Күніміз күлкілі бола берсін,
қуанышқа көңіліміз тола берсін,
нұрлы аспан астында, аясында,
басымызға бақ келіп қона берсін,
Зұлымдықтан әрқашан жиренейік,
адалдықты сүюді үйренейік,
бірлікпенен тірлікті ұштастырып,
бір әдемі ғажайып, күйге енейік.
Берсе берді, бермесе санаспайық,
болмайтынға ұрысып таласпайық,
арамызда алаяқ біреу болса
оны қатар ортадан аластайық
Жасамайық қиянат кісі кетім
байлық мансап кісіні ісіретін
қанағатсыз адамдар ойласаңдар
абыройын кісінің түсіретін –
-дей келе осы шығармамды түйіндеймін.

Нұрабалина Әселім

12 жас, 7а сынып.
БҚО, Сырым ауданы,
Ж.Досмұхамедов атындағы
ЖББОМ-балабақша кешені

Менің ерекше құрбым

*Досым, саған сенемін, сеніп өтем,
Жолы бөтен демеімін, жөні бөтен.
Достық деген өмірдің көрігі екен*

Достық деген адамның серігі екен, – деп Мұқағали Мақатаев атамыз жырлап кеткендей, адам баласының әр біреуінде досы, яғни, құрбысы болады. Қиналғанда қасыңнан табылатын, қиындықта көмектесетін жан – ол құрбы. Менің де қалың жұрт сияқты ерекше құрбыларым бар. Есімдері Салтанат, Аягөз, Ақбота, Рима, Ақжан. Солардың ішінде ерекше мән бөлетін құрбыларым Ақжан мен Ақбота. Ақжан жөнінде жазар болсам, ол негізі 7-ші сыныпта бізбен бірге оқуы керек, бірақ науқастығынан 6-шы сыныпта оқиды. Екеуіміз мектепке бірге барып, бірге келетін сәтті асыға күтемін. Себебі, Ақжан үйден оқиды. Өзі өте мейірімді, қайырымды, сұлу

да инабатты. Оның сырқаты кішкентай кезінде ата-анасы оған қатты дауыс көтеріп ұрысқаннан басталған екен. Ол өнерлі, тамылжытып ән салғанда дүйім жұртты өзіне баурап алады. Мектепте ұйымдастырылатын түрлі шараларға келіп, белсене атсалысып тұрады. Сабағында жақсы деген бағамен оқиды. Ол науқастығына, өмірдің қиын соқпағына қарамастан, қайсарлы, өмірге деген құштарлығының арқасында өмір сүріп келеді.

Матышова Жанерке

11 жас, 5 сынып.
БҚО, Сырым ауданы,
ЖББ Бұлдырты орта мектебі

Менің ерекше құрбым

Адамның нәр беретін тамыры да сән беретін жапырағы да – бала. Бала бауыр етің. Бауырынан өрбіген жаратқан иеміздің ұлы сыйы жаратылысынан кінәрат туындаса, оған төтеп беру қандай жан болмасын өте қиын. Сондай жанның бірі менің жан досым – Айбат. Ол менің досым, әрі көршім. Оның өмірге келгелі бір оң қолы қимылдамайды. Мен оны ешқашан кемісітіп бөлектеген емеспін. Айбаттың қабілеті ерекше. Әсіресе есте сақтауы мен сезімталдығы ерекше. Өзі топ-томпақ. Оған Бақыт деген мұғалім үйден оқытып, білім береді. Ол кішкентайынан жаман қылықтар көрсеткен емес. Бақыт апай Айбаттың жақсы есеп шығаратынына, мәдениетті сөйлейтініне үлкен мән бере отырып, басқада өз білгенін айтып отырады. Қазіргі таңда 2000-нан астам мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Мен Айбаттың анасының төзімділігіне бас иемін. Себебі сондай баланы «қайтсемде ауруынан айықтырамын», - деп шырылдап жаны қалмай жүреді.

Мақсотов Оралбек

15 жас, 9 сынып,
БҚО, Сырым ауданы,
ЖББ Қособа орта мектеп-балабақша кешені

Досың болған қандай ғажап

...Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол-деп аталарымыз айтқандай, әрине менің сыныптас достарым көп, бірақ өзіме жақын тартатын жан досым –Жанадым. Ол білімді парасатты және адалдық қасиеті мол. Білгенімізді бір-бірімізге үйретуге тырысамыз. Ешқашанда ренжіскен, кек сақтаған уақытымыз болған жоқ. Менің досымның бір ғана өзі қысылып қымтырылатын басында бір дерті бар, ол сабақ айтқанда тұтығып қалады. Жанадым өзінің осы кемшілігіне қарамастан кітапханадағы кештерге, мектеп ішілік кештерге де белсене қатысады. Кей кездері осы кемшілігі білінбей, берген тапсырманы қалтқысыз орындап шығады, ал кейде тұтығып жатқан өлеңін оқи алмай қатты қысылып, қымтырылып қалады, осы кездерде мен өз досыма демеу болып жанынан табыламын.

Ғылымханова Ақерке

11 жас, 5 сынып,
БҚО, Жаңақала ауданы,
№2 Жаңақала ЖББОМ

Менің ерекше құрбым

«Балаларға өмір сыйла» бағдарламасы бойынша ауру-сырқаудан зардап шегіп, өмірімен арпалысып жатқан, бізден көмек сұрайтын балдырғандар өте көп. Егер сол адамдарға қолымыздан келгенше көмек қолын созып, жәрдемдессек нұр үстіне нұр болатын еді?!

Мен қазір сол құрбымды сағынамын. Кейбір адамдар басына іс түскен құрбысын тастап та кетеді. Мүгедек адаммен неге дос боласың дегендей таңырқай қарайды. «Тағдырдың сыйы» дегенді енді түсініп жүргендеймін. Ондай жандардың да өзінше ой пікірі, өмірге құштарлығы, өнерге бейімділігі бар.

Ғылымғалиева Нұрай

14 жас, 8 сынып,
Атырау қаласы,
Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы

Менің ерекше құрбым

Азиза жүре алмайды. Біз оның көңілін аулау үшін үнемі көңілін көтеріп тұрамыз, сырымен бөлісеміз. Анасы Азизаны шет елге апарып емдеткісі келеді. Қаржының тапшылығынан, өкінішке орай, мүмкіншілік жоқ.

Мүгедек деп айтуға аузым бармайды, тәп-тәтті, сүп-сүйкімді 1 жасар бауырым Саят дәрігерлердің айтуы бойынша сал ауруымен аурады. Оны көрген сайын үй ішімізбен жүрегіміз қан жылап тұрады. Алайда, біз оны ешқашан кемсітпейміз. Саятты көрмесек сағынып, іздеп тұрамыз. Аллахтан оның жазылып кетуін тілеймін.

Жумагелдиева Толғанай

8 сынып

Атырау қаласы,

Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясы

Әрине, мүгедек адамның жанын түсіну оңай емес. Олар бізбен қатар тіршілік жасаса да, өзге ойда өмір сүреді. Яғни, өз кемістігінен ұялады. Өз кемістіктерін өмірдің қатал сынағы деп қабылдаса да, біреуі бұл қаталдыққа төтеп береді, біреуі көндіге алмай, сағы сынады. Әттең, өмірде мүгедек жандар болмаса ғой. Өмір тіптен басқаша болар ма еді...

Тұжырым ретінде айтарым, дос болыңыздар, дос бола біліңіздер. Мейлі ол қандай адам болса да.

Мына өлең шумақтарымды мүгедек жандардың жанына жылу себу үшін арнағым келеді.

Құр сөзбенен құрғатпай көздің жасын,
Өтіп жатқан мынау бір қыс пен жазың.
«Мүгедекпін, енді адам емеспін»деп
Жылама, әрқашан ұмтыл алға тек.
Тағдыр солай
Болғанымен қиын сенің тағдырың,
Білем, білем
Жазылмас жараң, айтылмас мұңың бар сенің
Сонда да жасымашы, көтерші сен басыңды
Егілме, жетер енді сұрт жасыңды.

Джумагалиева Алмагүл

13 жас, 7сынып,
БҚО, Тасқала ауданы
ЖББ Шежін орта мектеп-балабақша

Менің ерекше құрбым

Менің ерекше құрбым - Айзада. Тағдырдан текеш алса да ол мойымай сабағын жақсы оқып, үлгілі оқушылар қатарында жүр. Біз екеуіміз 7-ші сыныпта оқимыз. Ол екеуіміз жандай құрдаспыз.

Әжесінің қолында тұрғанда біз екеуіміз көрші болдық. Екеуіміз ылғи мектепке бірге барып Айзада жазғы демалыста қалаға барып қыдырғанды ұнатады. Ауылда болғанда өзенге түсіп, достарымен ойнап-күліп, жазғы демалысын ойдағыдай өткізеді. Оған күз мезгілі өте қатты ұнайды. Себебі күз мезгілінде оқу жылы басталады. Айнала сап-сары, жапырақ жерге алтындай түседі. Жазда еккендерін жинайды. Айзада нағыз досты іздесең, өмірге деген көз қарасыңды өзгертіп, ашық-жарқын, шынайы қалыпта болғаның ең бастысы осы ұстанымдарын ұстанады.

Жумашева Әсемгүл

11 жас, 6 сынып.
БҚО, Сырым ауданы,
ЖББ М.Қаналиев атындағы
Алғабас орта мектеп

Менің ерекше құрбым

Менің сыйлап, құрметтейтін досым Мауешов Мұстафа. Мұстафа-ақылды бала. Әрқашан кеудесі көтеріңкі болып жүреді. Мінезі бұйығылау болғанымен, қабағы ашыңқы, қайырымды дос. Мұстафа бармағынан бал тамған шебер. Ағаштан ойып жасаған бейнелері көздің жауын алады. «Біреудің ала жібін аттама» деп дана халқымыз айтқандай сыныптас досым Мұстафа ешкімнің ала жібін аттаған емес, тек әділеттікті қалайды. Біз сабақтарда есептерді шығара ал-

май қиналып отырғанда, әрқашан көмек қолын созады. Мұстафа үлкендердің жолын ешқашан кескен емес. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» дегендей ол кішілерге қамқор болып жүретін ақкөңіл жан.

Кутумбаева Альмира

5-сынып оқушысы. БҚО
Теректі ауд. Ақсуат ауылы

...Ортамызда Света сияқты мүмкіндігі шектеулі балаларға аянышпен қарап, оларды келемеж қылатын балалар да табылып жатады. Ондай балаларға айтарым олардың да өзіміз сияқты толыққанды өмір сүргілері келеді. Олай мазақ еткенше, керісінше осындай балаларға демеу болып, қиын кездерде жандарынан табылып көмек көрсетуіміз қажет. Олар жазылып кетпегенімен, бір сәт өздерінің мүмкіндігінің шектеулі екендігін сезінбесе екен деймін. Светлана мен үшін мінсіз, адал дос. Мен оны жақсы көремін. Достығымыз үзілмесе екен деймін.

Қарасаев Ғасырбек

8 «а» сынып.
Батыс Қазақстан облысы,
Жәнібек ауданы,
Т.Жароков атындағы ЖББО мектеп

Менің ерекше құрбым

...Адам пенде болған соң, әрбір адамның тағдыры мүлдем бір-біріне ұқсамайды. Айналамда кездесетін мүмкіндігі шектеулі құрбыларымның барына налимын. Мүгедек адамдар неге жамандықты көп көреді? Соншалықты жандары неге ауырады!?! Өзіме-өзім сұрақ қойып, сан сұрақтың жауабын таба алмай әуреге түсемін.

Жайдары күн. Ашық аспан. Қуанышты көңіл бәріде мүгедек құрбы-замандастарымның көңіліне медеу бола алмайтын шығар?Өйткені, олар өздерін емін-еркін ұстамай, тартыншақтап шет қала береді.

Сенімсіздіктері күшейіп, көз жанарлары мұңға толып, өмірден күдер үзгілері келеді. Осындай сәттерде қол ұшын беріп, ақыл кеңесін беретін тек қана «адал дос», «адал құрбы».

Қайырымды құрбылары тілдерін тапса, мұң-шерлерін риясыз тыңдаса, олардың ішкі жан дүниесін ұқса, ақыл кеңесін айту арқылы өмірге деген құлшынысын оятады. Сонда ғана олардың үміттері оянып, армандары ұшталып, бақытты өмірдің дәмін татады. Ең бастысы түсіністік пен шыдамдылық қажет.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев:

Сүрініп кетпе!
Сүрініп кетсең, болғаны,
Дей бергін, досым, басыңа қырсық орнады.
Адам дегенің аяқ астынан сорлауы-
Аңдамай басып,
Сүрініп кетсе болғаны.
Аңдамай кейде, басамыз- дағы кердеңдеп,
Құлап жатамыз,
Аяқ-қолымыз ербеңдеп.
Сүрініп алып,есіміз қайта келгенде.

Каримова Айнұр

8 сынып,
Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы,
Қаратөбе мектеп-гимназиясы

Менің ерекше құрбым

Азамат 2000 жылы дүниеге келген. Бірақ ата-анасы балаларының жүре алмайтындығын білмеген. Азамат үш жасқа толған кезде дәрігерлер баланың жүре алмайтындығын айтады. Ата-анасы балаларын емдеудің жолын іздеп талай ауруханаға барады. Дәрігерлер балаға қанша ота жасасада сауығып кете алмайды. Азамат бар болғаны үш жаста-ақ. Тағдырдың талқысы дейін бе, әлде бұлда бір Құдайдың сынағы десем бе екен? Азамат Астана қаласына ем алуға жіберіледі. Бұл сапарда Азаматтың аяғына ауыр ота жасалды. Аяғына сәлде болса күш біткендей болады. Бірақ аяғын дұрыс баса алмайды. Қоғам атынан Азаматқа үлкен қолдаулар көрсетілді. Азаматтың

бейнесіне көз салсам оның күлкісі жан дүниемді баурап, маған бір қуаныш сыйлайды. Ол өзі сияқты мүгедек жандарға көмектесіп, олармен дос болғанды жаны сүйетін. Бауырмал, мейірімді, ақкөңіл жан болатын. Досымның осындай ауыр тауқыметке тап болғанына қиналамын. Ол бұл тағдырдың талқысы емес, Құдайдың сынағы ғой деп алдағы күннен үміт күтетін. Әр адам өз тағдырын таңдап емес, тағдырына не жазылсада соған көнеді емеспе? Мені біреулер кемітіп бөлектегенде, мен бұны маған жаратқан құдайдың берген сынағы деп қабылдап келем дейтін. Алайда қоғам мені жатсынып бір-ақ сәтте ештеңеге жарамсыз адамдай итеріп жатады деп налыған досымды мен әрқашан жұбатумен боламын. Ешнәрсеге мойымай, өмір ағысына ілесіп келе жатқан осы жандарды көргенде, біздің өмірге өкпелеуге құқымыз жоқ екенін түсінгендей болдым.

Қибатоллина Гүлзинат

14 те, 8 ә сынып
БҚО Жаңақала ауд.,
№5 ЖББ орта мектеп

Менің ерекше құрбым

Мен оны бүгін тағы да көрдім... Жүрегім дір ете түсті. Апыр-ай мына өмір деген не деген қатал едің деп айқайлағым келді. Оның сол бір жәудіреген жанары көз алдымнан кетпей қойды. Ол сал ауруымен ауыратын Аружан атты бүлдіршін еді. Оны анасы арбаға салып сүйреп жүреді. Мен оны көрген сәтімнен оған деген аяшылық сезімім туды. Ол өмірге осылай болып келмейін деген шығар. Өмір не деген қатал едің деп күбірлей беріппін. Ол мойнын да дұрыстап ұстай алмайды екен. Аружан дұрыстап сөйлей де алмайды екен. Міне қасірет дедім іштей. Сенің томпыып, жәудірей қарағаның қай адамның болмасын есінен шықпасы анық. Аружанға жетіп барып,

онымен әңгімелескім келді, екеуіміз құрбы дос болайықшы дегім келді. Егерде, Аружан құрбым дейінші, саған сабағыңды 4-5 ке оқып алдыңғы қатарлы оқушы болып жүретін де шығарсың-ау деп те ойға кетем. Мүмкін сенің бір талантың ашылмай жүрген болар, сен тамаша әнші, әлде биші болар ма екенсің құрбым. Өмірдің өзі қателіктер мен қиындықтардан тұрады. Оларды жеңу үшін өмірге деген құлшыныс керек. Өмірде кемтар адамдар көптеп кездеседі. Бұл ненің кесірі екен деп ойлайсың. Әлде табиғат па, қазір экологиялық жағдайымыз нашарлап барады дегенді оқып жүрміз ғой. Мүмкін соның кесірі Аружан секілді құрбыларымызға экологияның да әсері болды ма депте ойлайсың. Жеріміз тозбасыншы. Аружан секілді бүлдіршіндер ешуақытта ауырмасын деген ой жолдары еріксіз орала берді, саған өмірге деген сенімің артса екен деймін. Үмітің еш уақытта үзілмесін құрбым. Біздер не ішейін, не киейін деп те ойланбаймыз, бізде бәрі бар, ал оларда ше?

Кейбір құрбыларымыз артық сөйлеп кететін сияқты. Сол кезде менің көз алдымда Аружан, сен тұрасың. Әрине қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандарды кемсітуге болмайды, ақыл-есі дұрыс, санасы сау болғандықтан олармен біз бірдейміз. Тек қана он екі мүшеміз сау болғандықтан аз ғана болса да артықшылығымыз бар болуы мүмкін.

Орынғали Дидар

14 жас, 9 сынып.

Атырау қаласы, Ақсай с.

Н.Тілендиев атынд. Кіші өнер акад.

«Менің арманым мені ешкім мүгедек деп санамаса екен маған мүгедек екенімді сездірмесе екен» - дейді менің кішкентай құрбым. Тәп-тәтті өзі. Анасы оған мүлдем жылы сөйлемейді. Айсананың бұған еті үйреніп кеткен. Құрбым өте зерек жан. Мұндай адамды әлемді қанша айналсаң да таба алмайсың. Оның ақыл-есі кем болса да жүрегі кең. Өте мейірімді, ақылды, сыпайы, үлкенге құрмет кішіге ізет көрсетеді, өзі өнерлі қыз. Ең соңғы рет жазғы демалысымызда барып кеткенбіз. Басында бізді есіне түсіре алмай қатты қиналды. Біздің де жүрегіміз ауырды бұған. Түрлі-түрлі қызықты естеліктерді көрсеттік соңында есіне түсіріп көңілді уақыт өткізі.

Сырым Ақнұр

8 б сынып,

БҚО, Орал қаласы,
№30 ЖББ орта мектеп

Мүгедектер білім алуға толық құқылы. Бірақ жоғары оқу орындары мұндай студенттерді қабылдауға бейімделмеген. Мүгедектердің жұмысқа орналасуға құқықтары бар. Еңбекке қабілетті мүгедектердің 95 пайызы жұмыссыз, ал 5 пайызы нашар көретін, нашар еститін жандарға арналған арнайы кәсіпорындарда жұмыс істейді. Олардың ішінде тек санаулылары ғана еркін еңбек нарығында орын таба алған. «Еркін» деп шартты түрде айтып отырмын, оларды жұмысқа, әдетте, туысқандары мен достары алады. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде жұмыс беруші оны жұмысқа алмау үшін мыңдаған сылтаулар іздеп табады.

Мүгедектердің проблемалары медициналық, әлеуметтік және кәсіби боп үшке бөлінеді. Біздің медицинаның үлкен кемшілігі – туылғаннан бастап соңына дейін мүгедекке жеке көңіл бөлінбей, үзіліссіз күтім жасалмауы. Мүгедек жеке сырқатын емдеп жатқанда, ол бүйрегі мен бауырын нашарлатып алады. Бірақ бұл факторларды есепке алмастан, оған дәрі-дәрмектер беруді жалғастыра береді. Содан соң әрбір дәрігер оны басқа маманға «жолдауға» дайын тұрады. Ақыр аяғында мүгедектің сырқаты асқына береді.

Темірова Милена

12 жас, 7б сынып.
БҚО, Жаңақала ауданы,
М.Жүнісов атындағы ЖББОМ

Мен құрбымды есіме алған сайын осындай сан сұрақтар қаумалап, жанымды жегідей жейтіні рас. Неге? Неге олай болды екен? Иә, дәрігерлер оған туа біткен кеміс деген, яғни дүниеге таңдайсыз келген. Бұл бейшараның осындай опасыз дүниеге кем болып келіп, кемістік көретіндей қандай күнәсі бар десеңші?! Әрине, оның ешқандай күнәсі жоқ. Ол бейкүнә періште ғана ғой! – дейді менің ішкі жан дүнием. Шынымен ол ақ мақтадай кіршіксіз таза, аршылған жұмыртқадай пәк, періштедей бейкүнә жан. Бұл әрине, менің ішкі жан тебіренісім., өзегімді өртердей ой күйзелісім. Бірақ,.. Мен осы бір құрбымды көрген сайын таңдана да таңырқай қараймын. Өйткені, ол осыншама ауыр дертті арқалап жүрсе де ешқашан мойыған емес. Қашан көрсең де көңілі көтеріңкі,

өзін басқалармен тең ұстап, көкейдегі әңгімесін түсіндіруге тырысып жатқаны. Кейбіреулер «сені түсінбедім», деген кезде сәл-пәл көңілі түсіп қалғанмен, оған түсіндіруге қайтадан талпынып жатқанын көргенде еріксіз ризашылық сезім білдіріп, оның өмірге құштарлығына тәнті боласың.

Рахметоллаев Рахат

8 сынып. БҚО
Жәнібек ауданы,
ЖОББ Ө.Сахипов атындағы мектеп

Біздің сыныптас құрбымыз Асылгүл мүмкіндігі шектеулі балалар қатарында осы кезге дейін болып келді. Ол өзі денсаулығымен күресіп, мүмкіндігі шектеулі балалар қатарынан шығып, қазіргі кезде сыныптастарымен бірге дене шынықтыру сабағына қатысатын болды. Асылгүл сыныптың әншісі, мектепте болатын шараларға белсене қатысады. Сабағын да жақсы оқып, өзінің өмірге деген құлшынысын арттыра білді. Ол аудандық «Жұлдыз-ай» фестиваліне қатысып дипломмен марапатталды. Бұл біздің сынып үшін үлкен қуаныш. Асылгүлді батыл, ақылды, парасатты, ибалы шын дос бола білетін қыз деп білемін. Ол денсаулығымен күресіп, қиындықтарға қарсы төтеп берген ержүрек қыз деп ойлаймын. Екеуміз бір көшеде тұрамыз, ешқашан бір-бірімізді ренжітіп көрген жоқпыз. Менің құрбымның өз өміріне деген көзқарасы жоғары. Біз сынып болып оны ешқашан кемсітіп көрген емеспіз, оның батылдығын, ауруды жеңе білген қайсарлығын мақтан тұтамыз.

Достықтан асқан байлық жоқ өмірде,
Достыққа адал болу керек ізгілікте.
Достықтың екі түрі «адал», «амал»,
Адал дос жүрегіңде мәңгілікте!

Сабырова Альбина

13 жас, 6 сынып.
Хромтау қ., № 5 мектеп-гимназиясы

Ол ақылына көркі сай қыз. Бірақ тағдыр оның басына қатал сын берді. Жастайынан тағдырдың тауқыметін тартты. Ол дүниеге келгенде көптеген дәрумендер жетіспейді, сондықтан оның денесі күннен – күнге әлсірей береді екен.

...Менің ата-анам құрбымның дертін емдеуге азда болса ақшалай көмектесетінін айтты. Және Ербол деген кісінде көмектесті. Аякөздің ата-анасы қуанып, қыздарын шет елге емделуге алып кетті.... Аякөз емделіп ортамызға келді, мен өте қуаныштымын.

Сағынаева Арайлым

15 жас, 9 сынып
Ақтөбе обл. Қобда ауд.,
Қобда орта мектебі

... Құрбым Алина екеуміз бірге күлеміз, қуанышымызды бірге бөлісеміз. Егер Алинаның көңіл-күйі болмаса, мен оның көңілін тауып, қуантуға тырысамын. Көмектескім келеді.

Сатдыкова Бақтыгүл

12 жас, 7 сынып.
БҚО. Тасқала ауд. ЖББ
Шежін орта мектеп-балабақша

Айзада бір өжет қыз да қайсар қыз,
Қиындыққа мойымайтын батыл қыз,
Қасиеттерін осындай, біз әр кезде,
Айзаданы айта жүріп мақтаймыз...

Кемелова Ақбота

13 жас, 8 сынып.
Ембі қаласы,

Менің ерекше құрбым

Ол басқа құрбыларына қарағанда расында да ерекше. Өзі сондай сүйкімді, көмірдей қара шашы белден түседі. Жәудіреген қара көзінде басқа адамдарға қарағанда аса нәзік мейірбандық, бауырмалдық сезіледі. Ал жанарына тіке қарап, жымыған кейіп танытсаң, жаңа ғана жайдары отырған кескінінде адам сескенеерлік сұс пайда болып, қабағы түйіліп, жанарында ашу, ыза, кек, өшпенділік бұрқ-сарқ ұйтқиды. Өйткені құлағы нашар есітіп, сөйлегенде тілі бұрмалып, айтар ойын жеткізгенше ыза болады.

Оның жасы үлкен, бірақ біз жақсы шүйіркелесеміз...

Кеулімжаева Салтанат

10 «ә» сынып,

Ғ.Ақтаев атынд., №6 орта мектеп

Менің ерекше досым бар. Оның есімі-Жеңіскүл. Мені оның өмірге құштарлығы қуантады. Оның керемет сурет салатын қабілеті мен ермексаздан түрлі аң-құстардың тұлғасын мүсіндеу өнеріне таң қаламын. Жүрегі адал, ол бейне бір күнәсіз сәбидей. Үнемі қайырымдылық жасауға дайын тұрады. Кейде өзімнің ағат қылықтарым үшін одан кешірім сұрайтын кездерім болады. Өйткені, оның мүмкіндігі шектеулі екендігі кейде есімнен шығып кетеді.

Құрманова Диана

6 б сынып,

БҚО, Сырым ауданы,

ЖББ Қ.Мырза Әли, атындағы орта мектеп

Менің ерекше құрбым

Менің де барлығынан артық көретін досым бар. Міне, осылардың қатарындағы аурудан зардап шегіп жүрген Айтқалиева Арайлымды айта кетсем. Оның жасы тоғызда. Ол қазір Тасқұдық

орта мектебінің 5 сыныбында оқуы керек еді. Алайда оның мектепте оқитын қабілеті жоқ болғандықтан, ол үйінде оқиды. Арайлымға пән мұғалімдері барып сабақ үйретеді. Кішкентай Арайлым өнерге құштар бүлдіршіндердің бірі. Жас өнерпаз мәдени іс-шараларға белсене қатысады. Ол күн сайын мәдениет үйіне барып, би үйренеді. Алғыр да, зерек бүлдіршін біз үйреткен биін бірден қағып алады. Түрлі әуенге би-билейді. Ол ән айтып, би билегенде алдына жан салмайды. Біз оған апасы ретінде де қамқор боламыз. Арайлым өз білім ордасының өнерлі өрендерінің бірі. Жас өрен достарының ортасында беделді. Бос уақытында кітап оқып, тақпақ шығарғанды жақсы көреді.

Маткаримова Санбота

14 жас, 8 сынып,
Хлебодаровка орта мектебі

Қазіргі кезде менің де достарым, жан құрбыларым, жолдастарым бар. Олармен сөйлесіп, әңгімелесіп, бір-бірімізге сырымызды айтамыз. Қиыншылықты да, қуанышты да бірге өткіземіз. Сыныпта жан құрбым болмаған мен алыстағы достарыммен жақсы араласып тұрамын. Бір-бірлерімізге тек жақсы тілектерді ғана арнаймыз.

Мұхамбетова Айкөркем

13 жас, 8 сынып, БҚО
Жәнібек ауданы,
Ұзынкөл ауылдық округ

Білесің бе, менің «ерекше құрбым» бар,
Жүрегінде мейірім мен жылу бар.
Бізбен бірге ойнап, күліп жүрсе де,
Саусақтары өзгеше оның, ұғыңдар.

Саусақтары жоқ болса да, жаны ерекше,
Басқалары «кемтар» деп келемеждеп кетсе де,
Сабырлық пен бір күрсініп кетеді,
Жанына оның қанша ауыр тисе де.

Ол әрдайым, сабырлы да қайсар қыз,
Ақ көңілді, қайырымды жайсаң жүз,
Егер жаймен өтсеңізде қасынан,
Рахмет пенен алғыс естіп қайтарсыз.

Жүзіне оның жайымен мен қараймын,
Алтын, күміс, гауһарға да балаймын,
Қарапайым қыз болса да сырттай ол,
Жан досы мен сүйіктісі талайдың.

Нұрғожа Ләйлім

6 сынып оқушысы, 11 жаста
БҚО облысы, Теректі ауданы,

Подстепный қазақ

жалпы орта білім беретін мектеп

Менің ерекше құрбым

Менің ерекше құрбым бар. Оның аты – жөні – Мұхатова Мария. Туа бітті сал ауруымен ауырады. Бірақ, Мария басына берген сынақты жеңе біледі, өмірден еш күдер үзбейді. Мария – ақжарқын, ақкөңіл, досқа адал. Ешқашан да мұңайғанын көрген емеспін. Үйіне қашан барсам да күлімдеген жүзімен қарсы алады. Мен үнемі досымның жанынан табылуға тырысамын. Демалыс, мейрам күндері міндетті түрде барамын. Менің мақсатым – досымды жалғызсыратпау, көңілін көтеру. Ол маған қызықты әңгімелер айтады, армандарын сөз етеді. Мария – өте әңгімешіл. Бірде маған болашаққа үмітпен қарайтынын және сенетінін айтты. «Дәрігер болғым келеді, сал ауруының емін тауып емдегім келеді, аналарды жылатқым келмейді. Менің жаным бататыны өзімнің ауруым емес, анамның жылағаны» деп Мария салмақты сөз қозғайды. Мен де оған қолдау көрсетіп, «Сен ақылдысың, сен өжет қызысың, сен бәрінде жеңе білесің» деп оны жігерлендірдім, досымның көңілі жадырап сала берді.

Серік Гауһар

15 жаста, 9 сынып оқушысы

БҚО, Сырым ауданы,

А.Жұмағалиев атытын. ЖББ мектеп

...Онымен танысқалы бері санамда көп сұрақтар пайда болды. Әманда өмірімде өзгерді. Ол келгелі пікірім де, ой-санам да өзгерді. Ол құрбымды кездестіргелі өмірдің қандай соқпағын көрсеңде шыдай білу керек екенін түсіндім, және де ешқашан бір орында тоқтап қалмай талпыну, талаптану керек екенін түсініп Николай Островскийдің «Төзуге мүмкін болмайтын жағдайдың өзінде де өмір сүре білу керек» деген сөзінің мағынасын енді ғана түсінгендеймін. Құрбыма бірнеше күн өткеннен соң бір бейтаныс жан хабарласып құрбымның өнеріне тәнті екенін және де оған көмектескісі келетінін, концертінің шығынын өз мойнына алып, оған көмек көрсететінін айтты. Сол сәтте құрбымның қуанышында шек болмады. Құдды шаттықтан аспаңда қалықтап жүргендей көрінді, бізде ол үшін қатты қуандық. Ол бейтаныс жан келуін өтінді. Мен келесі күні құрбымды сол жерге ертіп апардым. Біз ол кісімен ұзақ уақыт әңгімелестік. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, ол кісі құрбыма арнап бірнеше ән жазғызбақ. Бірнеше айдан соң құрбымның өз әні де жарыққа шықты. Ол болашақта өзінің жеке концертін беруді жоспарлап отыр. Мен құрбымды мақтан етемін, үлгі тұтамын. Мен барлық адамдарға; «Мүгедек жандар да адамдар, оларды кемсітпейік, ардақ тұтып, олардың еңбектерімен мақтанайық»-демекпін. Өз ойымды мына өлең жолдарымен түйіндеймін.

Мүгедекте адам ғой ойлашы,
 Айтқанымды түсінбей, жай қоймашы.
 Оларды қолдайықшы, қорғайықшы,
 Кемсітіп тек оларды қоймайықшы.
 Жылатпайық оларды күлдірейік,
 Күлдірсекте оларды тек түңілдірмейік.
 Мың ойлатып, мың толғатар бұл өмірде,
 Оларды жалғыз ғып түңілдірмейік.
 Оларменен шаттанып, дос болайық,
 Кейде ғажап, кейде тозақ ғаламда,
 Оларды тек қолдаусыз ғып қоймайық!

Темьярова Разия

10 сынып, БҚО

№1. Қалалық орта мектебі

Қилы тағдыр сынақтары – заңдылық,
Ал бүгінде заман тұр ғой жаңғырып.
Жанашыр боп созса екен қол ұшын,
Сол жандардың жайын барлық жан ұғып.

Жаны нәзік, жүрегі кең, жан құрбым,
Көніп жүрсің салғанына тағдырдың.
Қапаланып, сағың сынып көрмесің,
Үмітінді сөндірмесі, жандырғың.

Өміріңде қандай жағдай болмасын,
Ешқашан да көзің жасқа толмасын.
Болашақтан күдеріңді үзбеші,
Я Тәңірім, бір өзіңді қолдасын.

Төлешева Дана

8 сынып

Атырау қ., Н.Тілендиев атындағы,
Кіші өнер академиясы

Құрбымның жүрегі таза, көркі ешкімнен кем емес. Пешенесіне жазылған тағдыры осылай болған шығар. Тілі кем, әрі ақыл- ойы қатарластарынан қалыс. Дәрігерлер емдеуге болады депті, біздің елде емі жоқ, шетелде емделу қажет, жүйке тамыры байланған депті. Ол үлкен қаражатты талап етеді. Әзірге көмек қолын созғандар табылған жоқ. Құрбымның өзінен басқа төрт бауыры бар. Отбасының үлкен қызы болған соң, Баян кейінгі іні-сіңлілеріне барынша қамқор болып жүреді, қолынан келген жақсылығын аямайды. Кішкентай екі сіңлісін бабалабақшаға апарды, киімдерін реттейді. Жалпы құрбымның жақсы жақтары өте көп. Қолынан бәрі келеді десем артық болмас. Екеуміз оңаша әңгімелескенде маған өз арманын айтады. Егер денсаулығы жақсарса, ұстаз болу арманы екен. Мен арманының орындалуына тілекші болатындығымды жеткіздім.

Утеғалиева Айжан

8 сынып, БҚО, Сырым ауданы,
ЖББ Бұлан орта
мектеп-балабақша кешені

Арман, мақсатқа жету үшін бірінші-денсаулық, қала берді білім керек деп ойлаймын. Өмірде қиыншылық пен қуаныш, жетістіктер араласып келеді. Көңілімді торлап, жанымды езіп жүрген салмақтың бірі - құрбым Салтанаттың денсаулығы. Салтанат - жанұясындағы үш қыздың ортаншысы. Ол дүние есігін ашқанда балаларда жиі кездесетін психикалық дамудың жеңіл аралас спецификалық бұзылысы сырқатымен ауырады. Ата-анасының құрбымды қаратпаған дәрігері, апармаған емшісі қалмады. Мүгедектігі салдарынан Салтанат жасқаншақ болып өсті. Балалық дәуренмен жалғасқан достығымыз әлі жалғасуда. Қиындыққа шыдамай, уайым-қайғыға батып, айналасына ашуланып қарайтындар еш уақытта биікке шыға алмайды. «Көз қорқақ, қол батыр» дейді халық даналығы.

Мен құрбыма еш нәрседен қорықпай, үлкен сенім, үмітпен алға бассақ, барлық қиындықты, дертті жеңіп, мақсатымызға қол жеткізе аламыз деп демеу беріп отырамын. Досымның өмірге деген құштарлығын ояту мақсатында мен оған рухани дем беремін. Сүйікті журналымыз «Ақ желкен» басылымына «Тағдыр-тағылым» айдарымен шығатын мақалалардан үзінділер оқып, ой-бөлісемін.

Ушанов Абылай

14 жас, 9 сынып
Атырау қаласы, Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы

Менің ерекше құрбым

Сол күндері екеуміз жан дегенде жалғыз достар едік. Бір бірімізді ит арқасы қияндай жерден, қол былғап шақыратынбыз. Оның қолы өте ашық адам еді. Еңбек ағайымыздың ең сүйікті шәкірті. Әрине, басқа достарыммен қалай сөйлесем, қалжындасам да жан досыммен тік мінезді еркін әңгіме айтатынмың. Екеуміз де жайықтың жағасында тұрамыз. Жазда шіліңгір ыстықта жайықтан балық аулаймыз. Бір күні екеуміз қармақ пен балық аулап отырғанда уақыттың қалай өткенін байқамай қалыппыз. Үйіміз өте қашық жерде еді.

Үйімізге хабарласайын десек қалта телефонымыздың қуаты отырып қалған.

- Жүр, үйге жүгіріп жетіп алайық! Айттым ғой саған великпен келейік деп.

- Үйімізге барған соң ұрсатын шығар, дедім.

- Егер айқайлап жатса, бірден мені айт! Деді де қоя берді.

- Қызықсың! Мені не, қасымдағы досымды сатып кететін су жүрек деп ойлайсың ба?

- Жоқ. Енді сені ойнауға алып шыққан мен емеспе.

Мені жұбатқандай болды. Әлі келе жатырмыз. Артыма қарап едім, бір машина жарығын бадырайтып зуытқып келеді. Екеуміз қол былғап. тоқтатқан бетіміз сол еді, машина бірден тоқтап қалды. Біз оны бірден таныдық.

- Ассалаумағалейкум Серік тәте сағат неше болды? Бізді үйге апарып саласызба?

- Уа алейкум салам! Сөйлеуге мұрша бермедіңдер ғой... Сағат болса түнгі он екі. Мына Машинаның бензині таусылып қалды. Телефонымды үйге қалдырып кеткенім ай. Енді қалай жетеміз ауылға?

Қасымдағы Арман, Серік тәте екеумізге қарады да. Ей Абылай жүр анау жерде бір үйді көрдіңбе. Сол үйге барып үйімізге телефонмен хабар берейік. Басқа амал жоқ. Жарайды деп менде келісе кеттім. Есігі кілттеніп тұр.

- Секіріп кірейік, деді.

- Қолыңды бір-біріне қос мен басып қақпаның арғы бетіне секіріп кірейін! дедім.

Қақпаның арғы бетіне түстім. Артыма қарай салғаным сол еді, үлкен алабай ит тура аяғыма секіріп жұлқылады.

- ааа... Арман деп бар даусыммен айқайлады.

Сым-сым оратылған қақпадан секіріп, иттің тура басынан екі қолымен жабысты. Екі аяғымда жан жоқ.

Шайхы Жанбота

14 жас, 9 а сынып,

БКО, Тасқала ауылы

Менің ерекше құрбым

Менің ерекше құрбым 9 сыныпта оқып жүр. Ноян өмірге келген күннен бастап дәрігерлер оған ауыр диагноз қойыпты. Содан бері Ноян да, оның отбасы да көптеген қиыншылықтарды көріп

келеді. Ата-анасының туған-туыстарының, бауырларының, құрбы-достарының, ұстаздарының демеуі мен мейірімділігіне бөленіп келеді. Сол да болар оның өмірге деген сүйіспеншілігі, құштарлығы, мінезіндегі кішіпейілділігі, достарына деген адалдығымен ерекшеленеді. Мектебімізде оны ешбір бала кемсітпейді, керісінше, барлық оқушылар оған аяушылықпен емес, сыйластықпен, жақсы көзқараспен қарайды.

Шалабаев Аслан

14 жас, БҚО
Орал қаласы

Бұл өмірде мүгедек балалар көп. Алайда мүгедек болса да, олардың өмірге деген қызығушылықтары мен талпыныстары ерекше. Қайсысын алсаң да әр уақытта белсенді, әр уақытта еңбекқорлығымен танылып жүрген жандар қаншама... Жұбан атамыздың:

Еңбекке десе ұстасың,

Егеске түссе батырсың – деген өлеңдері дәл оларға арналғандай. Менің білетінім - мұндай жандарға күлуге болмайды, оларды керісінше, қатарға қосып, дос болу керек деп ойлаймын. Қазіргі жас буын мүгедек балаларға күлуді әдетке айналдырған. Бұл балалардың істеп жатқаны үлкен қателік емес пе?! Кімде –кім оларға күлетін болса, Алла Тағаланың жазасына ұшырайды.

Әжемнің әңгімесі бойынша 70-80-ші жылдары әжем тұрған ауылда бір жанұя тұрыпты. Оларға көршілес тұратын баланың ауызы қисық мүгедек бала болған екен. Әлгі жанұяның отанасы көрші балаға қарап, есі танып күліп алады екен. Күндердің күнінде ол әйелдің аяғы ауыр болады. Тоғыз ай өткесін ол қызды болыпты. Сөйтсе өзегін жарып шыққан қызы мүгедек болып дүниеге келіпті. Өз қателігін ұққан әйел көрші баладан қанша жалынып кешірім сұраса да, туа біткен мүгедек сәбиіне ем қонбапты. Осындай жағдайлар адамдарға сабақ болуы керек емес пе?! Бәріміз де ет пен сүйектен жаралдық, бәріміз де бір әлемде өмір сүреміз. Сондықтан ешкімнің ешкімді кемсітуіне хақы жоқ. Бұның барлығы да негізінде ата-ананың тәрбиесіне байланысты деп ойлаймын. Егер әрбір ата-ана баласына: «мүгедек балаларға күлме, олармен дос бол, ол да өзің сияқты бала» десе, бәріде жақсы болар еді.

Хабибулліева Мейрамгүл

6 сынып, БҚО
Амангелді бекеті

Құрбымның есімі - Айдана. Ол ұзын бойлы, аққұба, келбетті қыз. Үнемі таза жинақы жүреді. Достарымен қарым- қатынасы өте жақсы. Ән айтуды жаны жақсы көреді.

БАЙҚАУДАН ТЫС ШЫҒАРМАЛАРДАН ҮЗІНДІ

Бақыт Сымбат

9 жас, 3 сынып.
Алматы обл., Тұздыбастау ауылы.
Ш.Уалиханов атынд., № 12 гимназия

Менің ерекше құрбым

Менің құрбымның аты-Айгүл. Ол сөйлей алмайды. Бірақ суретті әдемі салады. Менің құрбымның ең үлкен арманы-басқа қыздар сияқты сабақ оқып, көріп,жазғысы келеді. Мен өскенде үлкен қызметкер болып, осындай мүгедек балаларға, мүгедек жандарға қолымнан келгенше көмек көрсетемін...

Болатов Сұлтан

8 жас, 3 сынып.Алматы қ.
Медеу ауданы, №12
Мектеп-гимназиясы.

Менің досымның есімі-Елдос. Оның қолы жоқ. Ол ағаштан ойыншық жасап жатқанда қолын өткір арамен кесіп алған. Мен оны қатты аяймын, қолымнан келгенше көмектесіп жүрмін. Сөмкесін

көтеріп, көйлегінің түймесін салуға көмектесемін...

Кенжетай Мағжан

11 жас, 4 «Ә» сынып,
Ақмола облысы, Бестөбе кентінің
№ 1 орта мектебі

Менің ерекше құрбым

Жалпы бұл дүниеде денсаулық – баға жетпес асыл дүние деп жатады. Адамдар мәнін түсінеді, біледі. Шындығында да, деніміз сау болғанда ғана біз еркін ойланып, мақсатымызға жетеміз. Мен денсаулықтың қадірін «Өзін-өзі тану» пәні арқылы түсінгенмін. Сонымен қатар үйден далаға шығар кезде әкем немесе анамның ескертулерін «бас киіміңді ки», «күртешенді киіп шық», «күн суық, қолғабыңды ұмытпа» тағы сол сияқты сөздерін күнделікті естимін. Алайда сондай ескертпелерді көп кешікпей ұмытып кететінмін.

Әрине, өміріміздегі басты құндылық ол – денсаулық екендігіне сенемін. Сол себептен денсаулыққа көп көңіл болу керек деп ойлаймын.

Сондықтан әр адам салауатты өмір салтын ұстанып, кез келген спорт түрімен айналысқаны жөн деп санаймын...

Мадияр бізбен бірге екі жылдай оқыды. Мадиярдай досымды мүмкіндігі шектеулі адамдар тобына қосқым келмейді. Амал нешік, Мадияр да мұндай күйге түсем деп ойламаған шығар. Мадияр үйде оқиды. Әкесі мен анасының қамқорында. 7 «Ә» сыныбында оқитын Нарғыз атты әпкесі бар. Бикен апай бізге таңертеңгілік сабақ берген соң, түстен кейін Мадияр үйіне барып сабақ береді. Бұл жерде Бикен апайымыздың еңбегі шексіз.

Өзім де қолымның бос кезінде Мадиярдың үйіне барып әңгімелесіп, компьютерде ойын ойнап қайтамын. Күнделікті жүргенде кейбір достарымның бойынан көрінбейтін қылықтарды Мадиярдың бойынан көрініп тұратындығы. Сондағы менің байқағаным сөйлеген сөздері маңызды әрі мәндірек, өмірге деген көзқарасы менің араласып, сырласып жүрген көптеген сыныптастарымнан мүлдем бөлек. Меніңше Мадияр достық, денсаулық, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы туралы менен және өзімен жасты балалардан көп білетін сияқты.

Құрманғали Дәурен

3 сынып,

Алматы қаласы, Ш.Уәлиханов атынд.

№ 12 мектеп –гимназиясы

Менің достарым өте көп .Солардың ішінде маған жақын бір ерекше досым бар. Досымның ерекшелігі ол ешкімге ұқсамайды адал, мейірімді, жарқын жүзді, иманды, қайсар өте жігерлі. Менің дәл осындай досымды жолықтырғаныма өте қатты ризамын. Досымның тағы бір кішкентай ерекшелігі ол мүгедектер арбасына таңылған, мүмкіндігі шектеулі жан. Мұндай адамдар сау адамдарға қарағанда мейірімді, сыпайы, бауырмашыл, өмір сүруге құштар болып келеді. Досымның есімі –Қайсар... Ол балаларға арналған біздің Бегалин атындағы кітапхана жайлы көп білгісі келеді. Мен кітапхананың көп, қызықты кітаптары және қызықты іс шаралары жайлы айтып беремін. Біз уақытымызды бірге қызықты өткіземіз. Қызықты кітаптар оқимыз.

Қыдырмолдин Нұрбек

3 сынып, Алматы қ.

Ш.Уәлиханов атынд., №12 гимназия

Менің ерекше досым

Менің ешбір жанға ұқсамайтын ерекше де, дара досым бар. Оның есімі – Дархан. Ол көрші пәтерде тұрады. Біздің балабақшадан бері достығымыз үзілмеді. Оның мінезі ашық, жүзінен күлкі кетпейтін мейірімді де, ақылды жан...

Бір жыл бұрын ол жол апатына түсіп, жүре алмай қалды. Содан бері үйінен көп шықпайтын болды. Менің қолым босай қалса, оның үйіне асығамында отырамын. Оның көңілін көтеріп қызықты әңгімелер айтамын, кітап оқимыз.

Көңілі бұрынғыдай көтеріңкі, өмірге деген құштарлығы мол. Мен одан көп жақсы қасиеттерге үйрендім. Осындай досым болғанына қуанамын.

Мейірханова Әлия

3 сынып, №12 мектеп- гимназия
Алматы қ. Медеу ауданы

Менің ерекше, жақсы құрбым бар. Оның аты- Қаракөз, көзі көрмейді. Ол арнайы мектепте білім алады. Ата-анасы оны өте жақсы көреді...

Біздің елімізде осындай зағип жандарға көп көңіл бөлінсе деймін. Біз оларды көргенде аянышпен, олардың мұңын шын жүрегімізбен сезінейік. Мүгедектер мұңы- Қоғам мұңы. Аяулы, құрбым Қаракөз, жүзіңнен күлкі кетпесін!

Тұрсынай Айым

8 жас, 3 сынып,
Алматы обл.Тұздыбастау,
Ш.Уалиханов атд. №12 гимназия

...Кәусар жайлы айтарым көп. Оның денсаулығы жоқ. Анығырақ айтқанда мылқау. Құлағы естімейді, сөлей алмайды. Біз қағаз-қаламның көмегімен тілдесеміз ... Кәусар өте өнерлі. Суретті әдемі салады. Салған суреттерінің әрқайсысы өз алдына бір шығарма. Ол өте бауырмал, ешкімді жатсынбайды. Өзін кемтармын деп қымсынбайды. Өзінің осындай қайсар мінезімен-ақ жолындағы бар қиындықты жеңіп жүр.

СОЧИНЕНИЯ ПРИЗЕРОВ КОНКУРСА

5 – 7 класс

I место

Дуаш Адеми

11 лет, 6 класс

Алматинская обл., г. Талдыкорган

Специализированный лицей

«Экономика и бизнес» №24 им. М.Арына

Мой необычный сверстник

*Друзей не бывает много,
По пальцам их перечесть...
Поэтому дружбу с тобою
Всегда почитаю за честь.*

*Галина Семкова
(детский автор)*

Здравствуй! Меня зовут Адеми.

Этими словами я приветствую тех, кто будет читать мое сочинение. А каждый ли может в реальной жизни поздороваться с другим человеком? Возможно, да, а возможно, и нет. Я хочу рассказать о таком человеческом недуге, как немота.

Я помню: мне было примерно 4 года, когда к нам в гости приехала мамина двоюродная сестренка Наташа. Она глухонемая. Вспоминаю, я почему-то испугалась. Думала, что она ненормальная, потому что она не говорила, а как-то странно и всегда по-разному мычала. И мне было страшно. Обычно я понимала, когда говорят, а ее я не могла понять. Но в семье мы все ее любили, и дети с ней очень весело играли. Наташа могла изображать всех зверей без звука и придумывать разные интересные игры, объясняя все жестами.

Прошло много лет, сейчас Наташа взрослая и живет в Алматы. Но сколько я помню, она никогда не унывала. Она очень жизнерадост-

ный человек. Несмотря на то, что Наташа не слышит, она смотрит по телевизору передачи и фильмы и испытывает такие эмоции, которые мы не можем ощутить. Иногда она смотрит фильм и громко от души смеется или молча плачет. Хотя сейчас чужая боль может многих оставить равнодушным. Она нема, но у нее много друзей. На свой день рождения она придумывает разные конкурсы, сюрпризы, и все проходит очень весело. Ее друзья – не только глухонемые, но и обычные люди. До 15 лет она общалась только с глухонемыми друзьями, а потом стала ходить в церковь, где обрела новых друзей. Вера и любовь родных помогли ей не ощущать свою болезнь и стать полноценным человеком. Это придало ей силы, и Наташа в 19 лет выиграла конкурс «Мисс Казахстан» среди глухонемых девушек. Она представляла нашу страну на международном конкурсе в Праге и заняла четвертое место. Вы бы видели, как она танцует, даже не слыша музыки! Сейчас у нее своя семья, две дочки – Илона и Ева, с которыми я дружу. Она любит детей и работает в детском саду помощником воспитателя. Наташа – сильный и целеустремленный человек.

Раньше, честно, я никогда об этом недуге не задумывалась. Но в пятом классе я прочитала повесть И.С.Тургенева «Муму». Главный герой повести – крепостной мужик Герасим, тоже глухонемой. Но он не отчаивался и жил своей, хотя и замкнутой, жизнью. Все его сторонились, никто не дружил с ним, хотя он тянулся к людям. Он постоянно был грустен, пока не нашел щенка, который стал ему родным и заменил радость человеческого общения. Дружба с этим щенком ему была дорога. Этот человек оказался сильным, способным на любые решения. И он тоже достоин дружбы.

Я хочу сказать всем необычным сверстникам: «Не надо закрываться от мира, мы, дети, поймем друг друга и без слов. Нельзя отчаиваться, надо жить полноценной жизнью». И примером может стать жизнь Наташи.

В повседневной жизни я не встречала глухонемого сверстника. Я знаю язык жестов, алфавит для глухонемых и могла бы стать кому-то другом так же, как я дружу с Наташей и ее семьей. Мне хочется верить, что раз я не встречалась с такими сверстниками, то такой проблемы в нашем городе нет. Но когда объявили конкурс сочинений, я стала интересоваться этими ребятами. Оказывается, в нашем городе есть областная специализированная школа-интернат для слабослышащих и глухих детей. В этом году школе исполнилось 25 лет, юбилей был отмечен праздничным концертом во Дворце культуры. Просто не верится, что ребята, совсем не слышащие музыки, смогли подготовить такие яркие вокальные и танцевальные номера. У них очень богатый внутренний мир, жестами они не только разго-

варивают, но и передают чувства и настроение.

Мне рассказали о девочке, ей тоже 11 лет, она увлекается танцами. Ее зовут Татьяна, она слабослышащая. Я очень переживала и волновалась перед встречей с ней. Наше знакомство с Таней началось со слов моего сочинения: «Здравствуй, мой необычный сверстник! Меня зовут Адеми, я хочу с тобой дружить...». Разве могут две девочки одного поколения не найти общего языка?

Вместе живут на огромной планете
Разные взрослые, разные дети.
Внешностью разные и цветом кожи,
Но, безусловно, мы в чем-то похожи!
Всем нам счастливыми хочется быть,
Новые звезды на небе открыть,
Крепко дружить, не бояться другого.

Яна Дубенская (детский автор)

У нас много общего. Мы любим читать приключенческие книги, интересуемся наукой, увлекаемся современными танцами. Она, как и я, любит смотреть канал «Disney», читает книги Дж.К.Ролинг про Гарри Поттера и хочет путешествовать. Много уголков мира ждут нас: Америка, Франция, Италия, Испания, Турция, Индия и Австралия. Нам предстоит так много узнать нового, поэтому и она, и я с интересом учимся. Я обещала ей помочь в изучении английского языка. «Hello! Do you speak English?» – скажем мы своим друзьям в следующий раз. У Тани, как и у меня, много друзей, такие же заботы и проблемы, как у любого нашего сверстника. Ее мечта – хорошо слышать и жить полноценной жизнью. И я верю, что у нее все получится. Я ей рассказала про Наташу, мой рассказ вдохновил ее. Это только начало нашего знакомства, думаю, впереди нас ждет крепкая дружба и много интересных совместных дел.

Я была с мамой на концерте общественного объединения инвалидов-опорников «Бірлік». Впечатляет! Это такое мужество и сила духа!

После того, как объявили этот конкурс сочинений, я задумалась. И знаю, кому опять скажу заветные слова. Моему сверстнику Роме, песня которого меня покорила, но я постеснялась подойти. Я его познакомлю с моим одноклассником и другом Санжаром.

Мы протянем руку дружбы,
И улыбки в путь возьмем,
И по жизни проведем ...

(из Гимна детей-инвалидов
Л. Лали Хадонова-Бениаидзе)

«Здравствуй, мой необычный сверстник! Давай с тобой дружить», – скажите эти слова кому-то и Вы.

Ефремова Екатерина

13 лет, 7 класс
Восточно-Казахстанская обл.
г. Усть-Каменогорск
КГУ «Средняя школа № 4»

Мой необычный сверстник

Чаще всего человек начинает задумываться над тем, что такое жизнь, когда за его плечами уже много прожитых лет. Все важные события, дорогие люди, мечты, которые сбылись, и те, что никогда уже не осуществляются, – все это составляет бесценный жизненный опыт человека. Я думаю, что на самом деле очень важно понять, что такое жизнь, когда ты еще молод и можешь выбирать, как жить. Мир полон бесконечных возможностей, и трудно найти правильный путь. Все мы слышали, как люди в возрасте часто с сожалением признают, что не сделали того, чего больше всего хотели, а времени исправить ошибки уже нет.

Жизнь человека – величайшая ценность, именно поэтому так поражают случаи, когда люди сознательно приносят ее в дар другим. В наше время быстро развивающегося научного прогресса мы забываем за всем этим живых людей с их повседневными проблемами. А если рядом с вами находится сверстник, который страдает от каких-то недугов, последствий травм, болезней? Ведь именно этим людям необходимо доброе слово, плечо друга и твердая рука поддержки. Они и так становятся пленниками своих квартир, комнат, инвалидных колясок.

Сразу приходит на память пример замечательной сказки «Цветик – семицветик», где девочка с легкостью и безжалостно рассталась с лепестками волшебного цветка, загадывая эгоистичные желания. Но вот она оказалась на дорожке городского парка и увидела мальчика, сидящего тихонько на лавочке. Приглашение побежать и поиграть в салки было отвергнуто из-за больных ног. Тут Женя поняла, что важнее всего сейчас вылечить мальчика и поставить его с помощью волшебного цветка на ноги. Сказка заканчивается счастливо. Важно вовремя поддержать такого человека, прийти на помощь, а может, и чем-то пожертвовать ради него.

К счастью, в наши дни появляется все больше художественных произведений, посвященных людям с ограниченными возможностями. И самое главное – книги, адресованные подросткам.

Заставил меня восторгаться герой повести «Я умею прыгать через лужи» Алана Маршала. Это маленький австралийский мальчик, который в четыре года перенес полиомиелит и навсегда остался парализованным. Мальчик не понимает, что больше не сможет ходить. Ребенок не был печален и радовался обычным детским мелочам, потому что не осознавал, что инвалид. А взрослые внушали ему неуверенность в себе своим сочувствием. Родители вовремя заметили, что ребенок стал угасать, и сумели его поддержать, когда это было действительно нужно.

Из недавно прочитанных мною книг произвела на меня впечатление и заставила задуматься о многом еще одна книга – «Паренек в пузыре» Иена Стракана, получившая две литературные премии и две специальные премии читательских симпатий, установленные самими подростками 11 – 14 лет. Герой повествования Адам вызывает множество чувств: удивление, потрясение, восхищение. Подросток с серьезными, очень редкими нарушениями иммунной системы. Его организм лишен сопротивляемости. Самая легкая инфекция для Адама смертельна. Поэтому он должен жить в полиэтиленовой палатке в полной изоляции. Если он выйдет из нее, он умрет. Даже мама не может дотронуться до него. Представить себя на месте Адама просто невозможно. А ведь подросток знает все о своей болезни и главное – о неутешительном конце. И чем больше я знакомилась с этим удивительным мальчиком, тем больше он нравился. Адам действительно удивительный: красивый, много читает, много знает, с ним интересно общаться, в него можно влюбиться, как влюбляется Энн. Дружба с Адамом оказывает на нее большое влияние. Общаясь с Адамом, девочка осознает, что он просто лучший из ее знакомых, никогда не ноет и до последнего сражается с болезнью. А все проблемы ее друзей и близких ничтожны, и чаще всего они их создают сами или придумывают, не умея ценить главного: жизнь, свободу, здоровье.

Спасибо, что есть такие книги, которые заставляют об этом помнить!

Люди, которые не могут легко передвигаться, бегать, прыгать, очень сильные, волевые люди. Много читают, работают на дому, делают полезные для общества вещи. Люди с ограниченными возможностями добиваются цели гораздо решительнее, чем многие абсолютно здоровые люди.

Существует множество программ о таких людях. В одной из программ рассказывается о девочке, которая с детства мечтала уча-

ствовать в многочисленном забеге, но ее мечта не успела сбыться. Ее в двенадцать лет сбила машина, и она осталась без правой ноги. Но это не помешало ей добиться цели. Она выросла и купила имплантат. Она участвовала в забеге со здоровыми людьми и заняла первое место. Важно проявлять искреннее желание общаться с такими людьми. Каждый человек должен быть чьим-то другом и каждый нуждается во взаимопонимании.

А ведь немало людей лишены с рождения или после несчастного случая стольких возможностей. Хочется помогать тем, кому не очень повезло в этой жизни. Я лично знакома с двумя девочками. Они глухонемые. Одна из них, Юля, очень добрый и отзывчивый человек. У нее необычная память. Юля видит, чувствует то, что другие не замечают. С ней легко и просто. Стараюсь не обращать внимания на иногда плохое ее настроение, связанное с ее положением и здоровьем.

Только представьте, как тяжело ей приходится и как бывает грустно от сознания своего недуга. Но она радуется жизни. Многие люди не общаются с глухонемыми, потому что боятся сделать что-то не так, испытывают смущение и неловкость от того, что ничем помочь не могут. А у меня это получается. Я научилась разговаривать с Юлей на языке жестов. У нас много тем, интересующих обоих.

Очень важно при общении с такими людьми набраться терпения и человеколюбия, и я вижу, какой неоценимый вклад вношу в нашу дружбу. Я не жалею, что у меня есть такая подруга. У меня к Юле нет ни жалости, ни равнодушия, а только дружелюбие, улыбка и понимание того, что у каждой из нас свои особенности.

Каждый человек должен знать, что кому-то он очень нужен на земле, помочь людям с ограниченными возможностями – наша святая обязанность. Дружба с таким сверстником, возможно, очень непростая. Если вы уж взяли себя дружить, то не оказывайте на него психологического давления. Есть люди, которые смеются над недостатками других, не замечая своих. Неуместны нездоровые шутки при разговоре с таким другом. Он может обидеться и замкнуться. Этого делать нельзя: во-первых, ты будешь выглядеть сам глупо, во-вторых, это очень жестоко.

Сколько вокруг нас людей с ограниченными возможностями, но внутренний мир этих людей очень богат. Ты только попробуй пообщайся с ними, и тебе откроются небывалые глубины знаний. Часто такие ребята мыслят неординарно: умеют сочинять стихи, пишут книги, песни, а какие они художники... Так и хочется сказать: «Бог обделил физически, но наградил умственно».

Летом я посмотрела фильм «Костяника» про моих сверстников,

в основу которого была положена книга Т. Крюковой «Костя+Ника». Он затронул меня до глубины души. В фильме показана непосредственная детская дружба двух ребят Кости и Ники, которых сблизила любовь к природе, творчеству, живописи. У девочки отказали ноги, ей приходилось передвигаться на инвалидной коляске. Но молодость и богатый внутренний мир поразили московского простого мальчишку. Дружба была крепкая, Костя интересовался ее рисунками, старался поддержать ее в начинаниях, приносил с огорода первые ягоды, катал на прогулку. Благодаря ему Ника могла гулять в саду и в лесу за дачным поселком. Теплые детские отношения очень взволновали меня. Как редко в наше время мы можем встретить такого парня! Когда Костя разговаривал с Никой, он садился всегда перед ней на колени, чтобы глаза их были на одном уровне. Он не смотрел свысока на девушку, которая ему очень нравилась. Чтобы как-то поддержать Нику, он даже прочитал огромное количество книг, где были рекомендации по упражнениям людям с разными заболеваниями. Главное, что поразило меня в фильме: ребята смогли общаться, несмотря на недуг Ники. Не случайно и слияние двух имен дало название ягоде – Костяника. Сладкая, спелая, дающая радость и веру в завтрашний день. И, посмотрев фильм, очень захотелось прочитать книгу.

Сегодня все острее ставится вопрос о добре, порядочности, теплых человеческих отношениях. Мы видим это даже в рекламе, где ребята играют в футбол, а среди них мальчишка на коляске, и все вместе пускают в небо воздушные шары и газовый фонарик – надежду и веру в завтрашний день. Жизнь человека – огромная ответственность перед самим собой. Каждый может выбирать свой путь и не мешать другим делать то же самое. Каждый может раскрыть свои таланты и добиваться успеха, развиваться, проявлять терпение и лояльность к другим. Жизнь скучна без близких людей, любимых занятий, интересов.

Мне кажется, во все времена актуальна истина: «Относись к другим так, как ты хочешь, чтобы относились к тебе». Когда ты можешь поставить себя на место другого человека, то уже не захочешь причинить ему боль. Дружба крепка взаимностью, она всегда принесет всем счастье, если она бескорыстная и от души.

И если все поймут это и будут применять на практике, то жизнь каждого из нас станет лучше.

Оглянитесь вокруг, ребята! Возможно, именно сейчас нужна кому-то ваша помощь, доброе слово и просто тихое ласковое прикосновение рук. Пусть будет больше добрых детских глаз, наполненных тысячей «почему, как, где, зачем?»

И не будет глаз, в которых застыли боль, обида, разочарование.

II место

Алтайбек Анель

13 лет, 6 класс
Жамбылская обл., г. Тараз.
Казахская классическая гимназия
№ 45 им. Б.Момышулы

Мой необычный сверстник

I

Каждое утро в воскресный день
Выходим во двор играть.
Прятки, качели, бегать не лень,
Можно вовсю покричать!

– Кто там в окне сидит?
– Сверстник наш, кажется, инвалид.
– Мама сказала, что ходить
Врач ему не велит...

Знаем про всех все и дружим давно.
Мальчики, девочки – все заодно.
Вместе играем, ходим в бассейн.
– Води теперь ты мяч, если рассеян!

Весело в прятки играть во дворе,
Надоест, идем на каток.
Сядем в беседку, рассказов не счесть.
От смеха болит живот.

II

– Мама, снова болит живот!
– Выпей лекарство, малыш.
– Мама, мне кажется, все пройдет.
– Уверена. Болезнь, кыш!

III

– Снится мне сон: бегу по траве
Нежной, зеленой, шелковой...
Ног не чуя, лечу в вышине...
Просыпаюсь – хоть волком вой.

Тихо часы идут, ветер гудит.
Сквозь окна свет льется ночной.
Слезы-предатели, грудь болит.
Зачем мне нужен покой?

Все дети как дети, а я не такой,
Мне с детства трудно ходить.
Хочу играть я, а мне покой
Прописали врачи, как жить?

IV

– Мама, мамочка, родная!
Трудно тебе со мной.
– Что ты, кровиночка дорогая,
Что это за вздор?
– Мама, зачем ты меня позвала
В этот мир? Трудно мне.
– Это при родах травма была...
Ошибка врачей... Все дело во мне...

– Мамочка, слезки утри поскорей.
Нам ли в печали жить?
Скольким людям трудней, чем нам,
Тебе не надо тужить.

А за окном мир чужой.
Мир неродной, другой...
Что-то снова трудно дышать...
– Можно мне полежать?

V

Вдруг в дверь звонок,
Сердце как-то сжалось.
– Мама, гости! Проверь!
Или мне показалось?

Шум, в коридоре странный гам.

Мамин возглас, и смех, и гул.
 – Что это? – я кричу. – Кто там?
 – Мой сын, друзья твои тут!

Входит ватага ребят, как я,
 – Ну, здравствуй, сосед, как дела?
 – Здравствуйте, я вас узнал!!!
 Я видел, как ты его догонял!

– Как живешь, незнакомый друг?
 Мы тоже следим за тобой!
 Утром смотрим – нет тебя вдруг,
 Решили навестить гурьбой.

– Разве вы знаете обо мне?
 – Мы видим тебя каждый день!
 – А ей вчера ты приснился во сне!
 – А я тебя называла Тень.
 – А я тебе принесла игру.
 – А я не забыл про хурму.
 – А мама моя испекла вам торт.
 – А мама его передала компот.

– Ты любишь читать?
 – Не против дружить?
 – А может, ты выйдешь во двор?
 Предатели-слезы и в горле – ком...

ҮІ

– Мама, сколько друзей у меня!
 – Я рада, когда ты такой!
 – Мама, мы вместе – ты да я,
 И двор наш такой большой!

Булеева Айгерим

5 класс
 Западно-Казахстанская обл.,
 г. Уральск, СОШ № 6

Слово не простое – «инвалид», слово жесткое, жестокое и злое...
У кого душа не заболит от судьбы иной, проклятой втрое?

Рассопливиться слезами не спеши, Не старайся человека пожалеть,
Ведь иной «калека» Щедростью Души
Может Антарктиду запросто согреть!
Он без ног – идёт!
Уверенно, красиво!
Он без рук такое диво мастерит,
Что иным, «рукастым», явно не под силу!
Нелегко, конечно, научиться,
Не хромая, без ноги ходить...
Но еще труднее, трижды – не сломиться,

